

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде
«Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде
мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері**

Әдістемелік құрал

Астана
2013

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2013 жылғы 20 қарашадағы № 5 хаттама).

Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 99 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал мемлекеттік тілді халықаралық стандарттары негізінде балабақша -мектеп-колледж-жоғары оқу орындарында үздіксіз оқыту мақсатын көздейді.

Әдістемелік құрал жалпы білім беретін орта мектеп, колледж, жоғары оқу орындарының қазақ тілі өмірі мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

Кіріспе

Қазақстан - әлемдегі көп ұлттың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасап келе жатқан мемлекеттердің бірі. Осындай көп ұлтты мемлекеттердің ұлттық саясатының дінгегі, тәуелсіздіктің тірегі, барлық ұлтты біріктіруші басты факторы - мемлекеттік тіл болып табылады десек, біздің мемлекетіміздің барлық ұлтты біріктіруші басты факторы - қазақ тілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш - жігерімізді салуымыз керек», - деп айтып өткен болатын [1]. Сондықтан да мемлекеттік тілді өз мәртебесіне сай қоғам өмірінің барлық салаларына енгізу, қолданыс аясын кеңейту - бүгінгі күннің өзекті де келелі мәселелерінің бірі болып отыр.

Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа жолдарын іздеу қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста болды. Елімізде бүгінгі күнге дейін мемлекеттік тілді үйретудің баршаға ортақ стандарты, тұжырымдамасы, бағдарламасы жасалынбағандықтан да тіл үйрету балабақшада өзгеше, мектепте бөлек, жоғары оқу орындарында басқаша, ересектерді оқытуда да әртүрлі бағыттар бойынша өткізілді [2]. Әйтсе де, қазақ тілін оқыту, оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түспей келді. Еліміздің алдына қойған мақсат-ұстанымдарына қарай 2011 жылдың 29 маусымында «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдар арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру.

Құжатта: «Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру арқылы Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру көзделеді. Бұл жүйенің өзегінде үшқұрамды негіз бар - мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру, оқытудың инфрақұрылымын кеңейту және мемлекеттік тілді меңгеру процесін ынталандыру», [3] - деп көрсетілген.

Қазақ тілін оқыту әдіснамасын жетілдіру үшін, ең алдымен, оқытудың тиісті стандарттарын жетілдіру және үздіксіз білім беру моделін жасау арқылы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау жүйесін енгізу қарастырылып отыр.

Ал осы үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқытудың стандарты негізінде шармашылық педагогикалық ізденістің және оқытудың жаңа әдістемелерін әзірлеудің тұрақты процесі сөзсіз қажеттілікке айналатын болады.

Аталып отырған бағдарламаның басты ерекшелігі - оны балабақшадан бастап орта мектепте, ЖОО-ларда мемлекеттік тілді оқытудың үздіксіз жүйесін жасау, ал екінші ерекшелігі - барлық мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ халықпен тікелей қоян-қолтық жұмыс істейтін кәсіп иелеріне мемлекеттік тілді белгілі бір дәрежеде білу мәселелері де көзделгендігінде болып отыр.

Қазақстан Президентінің дәстүрлі жолдауында мемлекеттік тілге қатысты: «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген, мемлекеттік қазақ тіліне құрметпен және лайықты оқып үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты. Бұл тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі. Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайыз құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады» деп нақтылап өткен. Бұл «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» ең басты нәтижесі болмақ», [4] –деп айтылған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік тілдің дамуына зор көңіл бөлінуде. Орталық және жергілікті атқарушы органдарда, республика өңірлеріндегі жоғары оқу орындары жанынан қазақ тілін оқыту орталықтары құрылды, міндетті оқыту курстары енгізілді, қазақ тілінде іс жүргізу, негізгі және орта жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілде оқыту енгізілді [3].

Түптеп келгенде, бағдарламада көрсетілген мақсат-міндеттер - қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінде ұлықталуы үшін орындалуы міндетті әр і парыз болып саналатын қастерлі мұрат болып табылады.

1 Халықаралық стандарттар негізінде мемлекеттік тілді деңгейлеп меңгерудің негізгі шарттары

Тіл үйрету әдістемесі - жаңа мәселе емес. Бұл сұрақ сан ғасырлар бойы ұстаздар мен ғалымдарды, тілшілерді тәандырып жүр. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларына орыс тілін үйрету әдістеме сін құрастыруға кіріскені және ағартушының бұл еңбегі орыс тілін үйретуге бағытталғанмен, неше жылдар бойы ғалымдардың назарында жүргені де белгілі. «Қалай оқытамын? Неден бастаймын?» деген Ы.Алтынсариннің алдына қойған сұрақтары әлі де өзекті екендігінде дау жоқ[5].

Қазақ халқының тарихында балаға тіл үйрету әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннен басталды десек, бүгінгі деңгейге жету жолында басқа да бірқатар ғалымдар әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне елеулі үлес қосуда. Құнарлы еңбек етіп жүрген ғалымдардан Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов,Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров, К.Сариева, А.Ж.Сисбеков, Ф.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева,Қ.Бітібаева т.б. атауға болады. Осындай ғалымдардың еңбек етуінің арқасында бүгінгі күні тілді оқытудың мемлекеттік тұжырымдамасына, стандартына, типтік бағдарламасына сай белгілі бір жүйеге құрылған, нәтижеге бағытталған, мақсатты жұмыстар атқарылып жатыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін оқыту жүйесінде теориялық білім мен практикалық дағдыны тең ұстау, сөйлеу қызметіне баса назар аудару бағыты күн санап өсіп келеді. Қазақ тілін меңгеруде қолданылатын әдіс - тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, дамытылып, тереңдетіліп отырылады. Қазақ тілінен берілетін білім мазмұны білім алушының ғылыми-теориялық ойлауын, сөйлеу дағдыларын, коммуникативтік құзыретін дамытуға қызмет етіп, оның қазақ тілінде белгілі бір тақырыпқа байланысты топтастырыл ған ұғымдар менайқын сөйлем түріндегі байламдар жасау қабілетін қалыптастыруы тиіс. Бұл мақсатқа жету және алға қойылған міндеттер дұрыс шешілуі үшін арнайы зерттелген оқыту технологиялары жасалып, оларды жасау мен қолданудың әдіснамалық негіздері ке ң арнада анықталуы қажет[6].

Ф. Оразбаева: «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытылуының құқықтық жақтарын мемлекеттік реттеу ұстанымдары айқындаса, ғылыми-әдістемелік бағытын «ҚР Жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасы» мен «Жалпы білім беретін мектептердегі білімнің мазмұнының тұжырымдамасы» дәйектейді. Осындай тұғырнамалық құжаттардан бастау алған қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін бірнеше факторлар бар. Бірінші фактор - қазақ тілін үйренуге қажеттілік тудыратын тиімді жолдарды анықтай отырып, оған ықпал ететін мотивтерді толық және жан-жақты іске асырумен байланысты. Тілді меңгерудегі мотивация соңғы нәтижеге бағытталғанда ғана алға қойылған мақсатқа жетуге болады, яғни оқушы тіл үйренген соң қандай жетістіктерге қолы жеткендігін білгені абзал. Оқушы тілді үйренерде өзінің болашақ өміріне: әлеуметтік мәртебесіне, бәсекеге қабілетті болуына,

мәнсабының өсуіне және кәсіби деңгейде білікті маман иесі болатындығына сенім артуы шарт. Екінші фактор - мектептерде қазақ тілін үйрету әдістемесіне қажет технологиялар мен қазіргі уақыт сұранысына орай жаңа бағыттарды дұрыс жолға қоюмен байланысты. Осындай себептердің барлығы білім жүйесінде «Қазақ тілі» пәнінің әлеуетін арттырып, тілді меңгерту әдістемесін жанартып, жаңғыртып отыруды қалайды. Бұл осы саладағы жетістіктер мен жетіспеушіліктерді қайта қарап, бүгінгі күнге сай мәселені дұрыс таңдап, іске қосуды қажет етеді. Осы бағытта республиканың тілші-ғалымдарының қатысуымен қазақ тілін үйрету әдістемесін жетілдіру мақсатында дүниежүзіндегі өркениетті елдердің екінші тілдерді меңгерту әдістемесіндегі озық үлгілер сараланып, мемлекеттік тілдің қоғамдық, әлеуметтік қызметі мен орнына сәйкес жаңа бағыттар айқындалды. 1991 жылы Швейцарияның Рюшликон қаласында өткізілген тілді меңгерудің жалпыевропалық компетенцияларын жасау мәселелері қарастырылған Үкіметаралық симпозиумда бастау алып, Еуропаның барлық елдері мен Ресейде тестіден өткізілген «Жалпыевропалық тілдік қоржын» (European Language Portfolio) бағдарламасына назар аударылды. «Жалпыевропалық тілдік қоржын» - тілдік дамудың деңгейін бағалауға қойылатын келісілген ортақ талаптарды сипаттайды», - деп көрсетеді.[7, 104-105].

Қазіргі кезде тілді оқытудың білім мен коммуникативтік біліктілік деңгейін анықтайтын өлшемдер әлемдік әдістемеде ұсынылып, деңгейлер өлшемі талданды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар[8.6]. Яғни, Еуропалық деңгей жүйесін дайындау барысында көптеген мемлекеттерде түрлі зерттеулер жүргізіліп, әдістемесі іс жүзінде байқаудан өткізілді де, нәтижесінде тілді үйренгені және меңгерілгендігі туралы деңгейлер белгіленді. Бұл жүйе үш ірі - А, В, С деңгейінен тұрады және әрбір ірі деңгейі кіші деңгейге бөлінеді. Деңгейлердің осылай бөлінуі әрбір адамның тілді қандай деңгейде үйренгенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылып отырған Еуропалық деңгейлер жүйесіне сәйкес қазақстандық әдістемеші-ғалымдар да өзге ұлттарға қазақ тілін үйрету үшін алты деңгейді ұстанады. Ол деңгейлер жүйесі А1,А2,В1,В2,С1,С2 деп аталатын үш ірі деңгейден тұрады. Деңгейлердің жіктелуін 1- кестеден көруге болады.

1-кесте - Тілді білу деңгейлерінің жіктелуі

Қарапайым деңгей	А1 Бастапқы игерім
Негізгі деңгей	А2 Қалыптасу қарсаңындағы игерім
Орта деңгей	В1 Қалыптасқан игерім
Ортадан жоғары деңгей	В1+ тереңдетіле қалыптасқан игерім
Жоғары деңгей	В2 Ілгерілей қалыптасқан игерім
Жетік деңгей	В2+ Тереңдетіле, ілгерілей қалыптасқан игерім, С1 Кәсіби игерім

Деңгейлердің жіктелуі мемлекеттік тілді бастауыш сынып оқушыларының А1 деңгейінде, орта буындағы оқушылардың А2 деңгейінде, мектептің жоғары сынып, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының В1 деңгейінде, жоғары оқу орны студенттерінің В2 деңгейінде, жоғары оқу орнынан кейін білім алушылардың С1 деңгейінде игеруін қамтамасыз етуге үмкіндік береді. Бұл деңгейлердің сипаттамасы 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте - Еуростандарт деңгейлерінің қысқаша сипаттамасы

Тәжірибелі колданушы	C2	Оқығанын, не естігенін ешбір қиындықсыз бәрін түсіне алады. Түрлі жазба және ауызша мәліметтерден нақты деректерді іріктеп алып, тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізе алады. Кез келген тақырып бойынша дайындықсыз және жылдам күрделі тұрақты сөз тіркестері арқылы өз ойын жүйелі жеткізіп береді.
	C1	Күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді. Ойлана отырып жылдам сөз тауып, ешбір дайындықсыз өз ойын жеткізе алады. Әлеуметтік, кәсіби және білімдік қызметінің шеңберінде тілді тиімді қолдана алады. Күрделі тақырыптар бойынша да өз ойын жүйелі жеткізе алады.
Дербес колданушы	B2	Нақты немесе абстрактілі тақырыптар бойынша, сондай-ақ кәсіби қызығушылығына байланысты берілген көлемді, күрделі мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіне алады. Тілді жақсы білетін адамдармен емін-еркін сөйлесе алады. Түрлі тақырыптар бойынша өз ойын нақты жеткізе алады. Мамандығы бойынша пікірталасқа қатыса алады. Мемлекеттік тілдегі газеттердегі ақпараттар жөнінде қысқаша түсінік бере алады.
	B1	Нақты, әдеби тілінде және рет-ретімен, сонымен қатар жұмысы немесе оқуына, т.б. сондай таныс тақырыптарға байланысты жазылған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуі мүмкін. Өзіне қызықты таныс тақырыптар бойынша немесе арманы, тәжірибесі және де болған оқиғалар туралы күнделікті қолданылатын сөздер арқылы айтып бере алады. Мемлекеттік тілде жазылған іс-қағаздарды толтыра алады.
Тіл үйренуді жаңа бастап келе жатқан колданушы	A2	Жеке тіркестер мен күнделікті жиі қолданылатын (өзі немесе отбасына, жұмысына байланысты қарапайым ақпарат) сөздерді түсінеді. Күнделікті кездесетін тақырыптарға байланысты жай сөйлемдер арқылы қиын емес мәселелерді шеше алады. Өз ойын қысқа сөйлемдер арқылы жеткізеді. Жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсінеді.
	A1	Қысқа, таныс сөздер мен жай сөйлемдерді түсініп, күнделікті тұрмыста қолдана алады. Өзін немесе өзгені таныстыра алады және адамның жеке өзіне байланысты (мекен-жайы, отбасы туралы т.б.) сұрақтар қоя алады, дәл сондай сұрақтар арқылы өзіне қатысты мәліметтерді бере алады. Егер сөйлеушісі асықпай және анық сөйлеп, қиындық туған жағдайда көмектесе алатын болса, бұл деңгейде сөйлейтін адам жай сөйлемдер арқылы диалогке түсе алады.

Алдымызға нақты мақсат қою үшін жоғарыда аталып кеткен деңгейлердің толық сипаттамасы қажет болуы мүмкін. Осы 6 деңгей бойынша тілді үйренудің негізгі аспектілерін төмендегі 3-8-кестелерден көруге болады.

3-кесте - А1 (Бастапқы игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Мен күнделікті өзіме, отбасыма немесе қасымдағы адамдарға асықпай және анық айтылған жеке таныс сөздер мен өте шағын сөйлемдерді түсінемін.
	Оқылым	Мен хабарландыру және плакаттарға немесе түрлі каталогтарға жазылған таныс атаулар, сөздер, сондай-ақ таныс сөздері бар жай сөйлемдерді оқығанда мағынасын толық түсінемін.
Сөйлесу	Диалог	Егер менімен сөйлесіп отырған адам түсінбей қалған сөздерімді асықпай, баяу қайталап немесе басқа сөзбен түсіндіріп, маған ойымды жеткізуге көмектесе, мен ол адаммен сұхбаттаса аламын. Өзіме таныс және өзімді қызықтыратын тақырыптар бойынша сұрақтар қойып, дәл сондай сұрақтарға жауап бере аламын.
	Монолог	Жай сөйлемдер арқылы өзімінің тұратын жерім, таныстарым туралы айтып бере аламын.
Жазу	Жазылым	Мен шағын (мысалы, мейраммен, туған күнімен құттықтау) ашық хаттар жаза аламын, формуляр толтыра аламын, өзімнің тегімді, ұлтымды, мекен-жайымды қонақүйдің тіркеу парағына енгізе аламын.

4-кесте - А2 (Қалыптасу қарсаңындағы игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Өзіме қатысы бар (өзім туралы, отбасым, сатып алынған заттар, тұратын жерім, жұмысым туралы) жеке тіркестер мен шағын сөйлемдерді түсінемін. Көлемі жағынан шағын, анық айтылған хабарландыруларда не туралы баяндалғанын түсінемін.
	Оқылым	Мен көлемі жағынан шағын, жай сөйлемдермен жазылған мәтіндерді түсінемін. Жарнама, мәзір, кесте сияқты күнделікті кездесетін сөз және сөйлемдерден қажетті ақпараттарды таба аламын. Жеке тұлғаға қатысты хаттардың мағынасын түсінемін.
Сөйлесу	Диалог	Өзіме таныс және қызметіме байланысты тақырыптар бойынша ақпаратпен алмаса аламын. Тұрмыстық тақырыптарға қатысты шағын сөйлемдер арқылы диалогке түсе аламын, бірақ көмексіз, өз бетімен әңгімелесе алмаймын, өйткені барлық сөздерді түсіне бермеймін.
	Монолог	Жай тіркестер мен сөйлемдер арқылы өзімінің отбасым және басқа адамдар туралы, өмірім жайлы, оқуым, бұрынғы не қазіргі жұмысым туралы әңгімелерге қатыса аламын.
Жазу	Жазылым	Шағын хаттар мен хабарламаларды жаза аламын. Өзіме қатысы бар (біреуге алғыс білдіру сияқты) шағын хаттар жаза аламын.

5-кесте - В1 (Қалыптасқан игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Жұмыста, мектепте, демалыс орындарында, т.б жерлерде күнделікті естіп жүрген таныс, әдеби тілде айтылған сөздерді түсінемін. Радио, телебағдарламаларда көрсетілген оқиғалардың не туралы және менің жеке немесе кәсіби қызығушылығымға байланысты айтылған әңгімелерді түсінемін. Бірақ ол үшін сөйлеушінің тілі нақты және баяу болуы қажет.
	Оқылым	Күнделікті және кәсіби қатынастарда жиі қолданылатын тілдік материалындағы мәтіндерді түсінемін. Жеке бір тұлғаға арналып жазылған оқиға туралы, сезім, ниет білдірілген хаттарды түсінемін.
Сөйлесу	Диалог	Мен күнделікті естіп жүрген және мені қызықтыратын (мысалы, «отбасы», «хобби», «жұмысым», «саяхат», т.б.) тақырыптар бойынша алдын ала дайындалмай, емін-еркін сөйлесе аламын.
	Монолог	Бір нәрседен алған әсерім, басымнан өткен оқиғалар, арманым, тілегім туралы жай сөйлемдер арқылы шағын мәтіндер құрастыра аламын. Өзімнің көзқарасымды және тілегімді шағын түрде негіздей аламын. Болған оқиға туралы немесе кітап, көркем фильмнің желісі туралы оған өз ойымды қосып айта аламын.
Жазу	Жазылым	Мен өзіме таныс немесе өзімді қызықтыратын тақырыптар бойынша жай сөйлемдер арқылы мәтіндер құрастыра аламын. Өзіме қатысты, тебірену, әсер алу сияқты сезімдерді білдіретін хат жаза аламын.

6-кесте - В2 (Тереңдетіле қалыптасқан игерім)

Түсіну	Тыңдалым	Тақырыбы өте таныс, күрделі аргументациямен оқылған көлемді баяндамалар мен лекцияларды түсінемін. Болған оқиғаларға байланысты көрсетілген барлық жаңалықтар мен репортаждарды түсінемін. Кейіпкерлері тек әдеби тілде сөйлеген көптеген фильмдердің не туралы екенін түсінемін.
	Оқылым	Мен қазіргі проблемаларға байланысты жазылған, авторлары атақты немесе ерекше ойды білдіретін мақалалар мен мәліметтерді, қазіргі қарасөзбен жазылған шығармаларды түсінемін.
Сөйлеу	Диалог	Дайындықсыз, сол тілде сөйлейтін адамдармен емін-еркін сөйлесе аламын. Өзіме таныс мәселе бойынша өткізілетін пікірталастарға қатысып, өз ойымды білдіре аламын.
	Монолог	Мені қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша өз ойымды түсінікті және нақты жеткізе аламын. Өзекті мәселелер бойынша «дұрыс» және «бұрыстығын» анықтай отырып, өз ойымды білдіре аламын.
Жазу	Жазылым	Мені қызықтыратын көптеген мәселелер бойынша түсінікті толық мәлімдемелер жаза аламын. Кез келген мәселелерді нақтылай немесе «дұрыс» және «бұрыстығын» көрсете отырып, эссе немесе баяндамалар жаза аламын. Хат жаза отырып, өзіме өте маңызды оқиғалар мен алған әсерлерімді ерекше көрсете аламын.

7-кесте - С1 (Кәсіби деңгейде білу)

Түсіну	Тыңдалым	Логикалық құрылымы мен мағыналық байланысы нақты көрсетілмеген ашық түрде жазылған мәліметтерді тыңдап, мағынасын түсінемін. Теледидардан көрсетілетін барлық бағдарламалар мен фильмдерді емін-еркін көре отырып, фильмнің немесе бағдарламаның не туралы екенін айтып бере аламын.
	Оқылым	Көркем әдеби шығармалардың мағынасын түсінемін және олардың стилистикалық ерекшеліктерін ажырата аламын. Менің жұмысыма ешбір қатысы жоқ көлемді, арнайы мақалалар мен техникалық нұсқаулықтарды оқығанда мағынасын түсінемін.
Сөйлеу	Диалог	Мен дайындықсыз және қажетті сөздерді іздеп отырмай, жылдам өз ойымды білдіре аламын. Өз ойымды жеткізе аламын және кез келген әңгімеге кірісіп кете аламын.
	Монолог	Күрделі тақырыптарды түсінікті жеткізіп, құрамдық бөліктерін бір тұтас етіп, қажетті бөлімдерін жалғастыра отырып, қорытынды жасай аламын.
Жазу	Жазылым	Мен өз ойымды жазбаша түрде білдіре отырып, көзқарасымды толық жеткізе аламын. Хаттарда, шығармалар мен баяндамаларда күрделі мәселелерді, маңызды деп есептейтін мәселелерді жіктеп толық түсіндіре аламын. Мен қажетті тілдік стильді қолдана аламын.

8-кесте - C2 (Жетік білу деңгейі)

Түсіну	Тыңдалым	Өзіме қатысы бар немесе басқа біреулердің кез келген әңгімелерін өте жақсы түсінемін. Тіл иеленуші адамның жылдам айтқан сөзін, оның сөйлеген сөзіндегі жеке ерекшеліктеріне дағдыланған жағдайда, ол адамды жақсы түсінемін.
	Оқылым	Кез келген мәтіндерді, сондай-ақ абстракт түрінде жазылған, композиция не тілдік жағынан күрделенген (нұсқаулар, арнайы мақалалар көркем әдебиеттер) мәтіндерді емін-еркін түсінемін.
Сөйлесу	Диалог	Кез келген әңгімеге не пікірталасқа емін-еркін қатыса аламын, түрлі сөз тіркестерін қолдана аламын. Өз ойымды тез жеткіземін және кез келген сөздің мағынасын түсіндіре аламын. Егер тілдік құралды қолдануда қиындықтар кездесетін болса, ешкімге білдірмей өз ойымды басқа сөздермен жеткізе аламын.
	Монолог	Кез келген жағдаятқа байланысты қажетті тілдік құралдарды қолдана отырып, өз ойымды емін-еркін тез және дәлелді етіп жеткізе аламын. Өзімнің мәлімдемемді тыңдаушы назарын аудара отырып, маңызды мәліметтер жазып немесе есте сақтауға мүмкіндік жасайтындай етіп дайындай аламын.
Жазу	Жазылым	Қажетті тілдік құралдарды қолдану арқылы көңілге қонымды етіп және ретімен жазбаша түрде өз ойымды жеткізе аламын. Мен күрделі хаттар, есептер, баяндамалар немесе мақалалар, сондай-ақ резюме және кәсіби жұмыстар мен көркем әдеби шығармаларға пікір жаза аламын.

Кестеде өрсетілгендей, бұл жүйе бойынша үйренуші құрылымы мен мазмұны жағынан түрлі мәтіндерді оқып түсінеді, әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында еркін сұхбаттасып, теле, радио арқылы берілген хабарларды еркін қабылдап, өз ойын жазбаша эссе, түйін, сын, пікір түрінде бере алады, тілдің әртүрлі стилінде сөз саптай алады. Оқытудың түпкі нәтижесінде үйренуші «тіл иесі» деңгейіне дейін көтеріледі.

Әрбір деңгейде тіл үйренуші: тыңдалым, оқылым, айтылым, сөйлесім, жазылым сияқты сөйлеу әрекетінен өтеді. Бұл сөйлеу әрекеттеріне төмендегідей анықтама беруге болады:

Тыңдалым – дыбысталып жақан сөйлеуді бір сәтте қабылдау қызметі. Тыңдалым оқушының сөйлеу әрекетінің дамуына стимул бере отырып, оқыту үдерісін дұрыс басқаруды қамтамасыз етеді. Оқушы тыңдалым арқылы жаңа тілдік, өйлеу және елтанымдық материалдармен танысып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне қатысты дағдысы мен шеберлігін дамытады.

Оқылым – мәтіндегі жазылған ақпаратты алуға бағытталады, яғни жаттығуды оқи отырып, тапсырманы түсіну үшін қажет. Сондай-ақ мәтіннің мазмұнын айту үшін, ең алдымен, оны оқу керектігі белгілі. Жалпы алғанда, оқылым – тілді меңгерудің бір тәсілі, сөздік қорды көбейтудің құралы; оқылым – грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға мүмкіндік береді; сол тілде сөйлеуге, айтылымды жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Айтылым – қабылдау және сөйлеудің туу үдерісімен байланысты. Барлық адамның сөйлеу ағзалары бірдей болғанымен, артикуляциялық базасы түрліше. Мұнда орфоэпияға көп көңіл бөлген жөн, өйткені қазақ тіліндегі сөздердің барлығы жазылуына қарай айтыла бермейді.

Сөйлесім (тілдесім) – сөйлеу әрекетінің түрі. Тыңдалымға кері үдеріс. Бұл ретте коммуникативтік дағдыға үлкен назар аударылуы керек, яғни қарым - қатынасты бастау, өз серіктесіне қарым-қатынастың жалғасын табу үшін стимул беру.

Жазылым – айтылған мәтіндегі өздер мен өйлемдерді сауатты жазуға бағытталады. Жазылым арқылы оқушылардың сөздік қорын көбейтуге болады. Сондай-ақ, оқушылар өзінің жеке басына қатысты хат жаза білуге; құжаттарды толтыруға үйренеді; ұсынылған тақырып көлеміндегі мәселелер бойынша өз ойын қысқаша жазбаша білдіре алады.

Осындай өйлеу әрекеттері арқылы қазақ тілін өзге ұлттарға үйрету барысында балалардың психологиясына да назар аудару қажет, өйткені тіл дамыту мәселесі психологиямен тығыз байланысты. Тілді қатысымдық тұрғыдан меңгерту бірнеше психологиялық факторлар арқылы жүзеге асады.

Тілдік қатынастың психологиялық негізі тіл арқылы ойды айту, жеткізу, қабылдау, сезіну құбылыстарымен байланысты болғандықтан, сыртқы объективтік шындықтың әсерінен адамның есту, көру сезім дері дамып, адамның ойлау қабілеті артады. Ойлау тіл арқылы сыртқа шығып, тіл адамның ойын екінші бір адамға жеткізеді. Белгілі бір тілде сөйлеу үшін сол тілдің тілдік құралдарын саналы дұрыс қолдана білуі керек. Оны дұрыс қолданудың басты

ережесі жүзбен көру, құлақпен есту, мимен ойлау арқылы іске асады. Тілдік коммуникацияның психологиялық негізі күрделі, себебі ол адамның ойлау жүйесімен байланысты.

Тілдік және қатысымдық тұлғалар ойлау жүйесінің нәтижесінде дұрыс қолданылып, тілдегі сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асады. Сондықтан тілді үйрету барысында әрбір баланың жеке қабілетін, саналығы еске алынып, жандүниесі ескеріледі. Тіл үйретуші оның ойлау дағдысын бекітуге ұш салуы қажет. Тілдік қатынастың психологиялық негізі – тілді оқыту барысында тіл үйренушінің сана-сезіміне әсер етіп, оның қажеттігі мен маңызын түсіндіріп, пәнге деген дұрыс көзқарас қалыптастырады.

Психологтардың ойынша, тіл дамыту әрекетінің барлық сатысында қарым-қатынас жасау, пікір алысу болу керек. Қарым-қатынастың түпкі негізі – адамдардың бір-бірімен пікір алысуында. Адамдар арасындағы қарым - қатынасты қамтамасыз ету ең алдымен тілге байланысты. Яғни, тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізі болуымен қатар пікір алысатын құралы[9].

2 Мектепке дейінгі білім беруімін дарында мемлекеттік тілді оқытудың жолдары

«Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытуды 2011 -2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен «Балапан» бағдарламасын іске асыру міндеттерінде мектепке дейінгі балалардың қолданысындағы бағдарламалардың мазмұнын жаңарту көзделген.

Мектепке дейінгі балаларда мемлекеттік тілді үйрету жұмысына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларында айқындалған (ҚР БҒМ 2012 ж. 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы).

Мектепке дейінгі білім беруіміндарында мемлекеттік тілді үйрету және дамыту Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (ҚР Үкіметінің 2012 ж 23 тамыздағы № 1080 қаулысы) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады[10].

Мемлекеттік тілді үйрету және баланың ана тілін дамыту «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламаларының негізгі мазмұнын құрайды.

Бұл бағдарламаларда балалардың сөздік қорларын дамыту, әрі оларды күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым -қатынаста еркін қолдануға жаттықтыру жолдары жас ерекшеліктерін ескере отырып айқындалған. Мысалы: ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балалардың сөздік қорының дамуы баланың заттарды атауы, әрекеті, олардың қасиетін түсінетін сөздерді айтуы, ұраққа жауап беруі, ойын кезінде, серуенде қолдана алатын әдебиеттің кіші түрлері (мәтелдер, әзіл, қысқа өлеңдер, әндер, тақпақтар) арқылы жүзеге асырылады.

Аталған бағдарламалардың мазмұны мектепке дейінгі жастағы балалардың жас кезеңдеріне сәйкес, олардың жеке дамуын қамтамасыз ету бағыттарына негізделіп құрылған. Сонымен қатар, «Балбөбек», «Қарлығаш», «Қайнар» білім беру бағдарламалары балама ретінде қолданылады. Олардың мазмұны жаңа стандартқа сәйкес жаңартылуда.

Бүгінгі күні мемлекеттік тілді дамытуды мектепке дейінгі саладан бастап, А0 деңгейіне, еуростандартқа сәйкестендіру жұмысы жүргізілуде. «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орындары» жүйесінде үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздерін айқындайтын мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасы әзірленуде.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде отандық және шетелдік тіл үйрету әдістемелерінің озық үлгілерін тиімді пайдалана отырып, үздіксіз оқыту бүгінгі күннің басты талабы.

Халық байлығының асыл қазынасы – рухани тіл. Оны мектепке дейінгі тәрбиесінен, ана әлдінен бастап, балабақшада жалғасын таппақ. Қазақта «Сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» деген мақал бар. Демек, біз балабақша табалдырығын аттаған бүлдіршін бойына қазақ тілінің қасиетін сүттей сіңіре білетін болсақ, еңбегіміздің ертеңі алда деген өз. Сондықтан тіл тағдырына терең қарап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудегі талап, міндеттерүнемі жаңа, заманауи бағыттар бойынша жүзеге асырылуы керек.

Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада қазақ тілін оқытудың қай түрін алсақ та, ол оқыту, үйрету үрдісінің бүкіл жүйесін қамтиды.

Психологтардың зерттеулерінде баланың жас кезінде танымдық, қабылдағыштық қабілеттерінің ерекше болатындығына байланысты тілді тез меңгеретінін көрсетеді. Мектепке дейінгі кезеңде бала тілді меңгеруде ерекше сензитивті, ал егер де 5-6 жасқа дейін ана тілін белгілі деңгейде меңгермесе, бұл одан кейінгі жас кезеңінде өз деңгейінде болмайтынын ғалымдар дәлелдеген.

Сол себепті де мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты - тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыра отырып, тілдің дыбыстық мәдениетін жетілдіру, сөз үйрете отырып, сөздік қорларын байыту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.

5 жастағы бала барлық тіл дыбыстарын толық меңгеріп, тілдік белсенділігі артатыны бала тілінің дамуын зерттеген ғалымдардың еңбектерінен белгілі. Бұл балаларды өзді дыбыстау мәдениетіне мектепке дейінгі кезеңде тәрбиелеу қажеттігін айғақтайды. Баланы дер кезінде дұрыс сөйлеуге үйретпесе, онда бала өмір бойы анық сөйлеп, ойын дұрыс айта алмауы ықтимал. Ауызша сөйлеуінің өз деңгейінде жетілмеуі жазбаша тілдің дамуына кері әсерін тигізеді. Зерттеулер жүрсетіп отырғандай, тіл кемістігі бар балалардың жалпы мектеп жағдайында оқу мен жазуды толығымен меңгеруге мүмкіндігі болмайды.

Дыбысты меңгерудің өзі бала өзінің сөйлеу және тыңдау аппараттарын меңгерген өмірінің бірінші жылында басталады. Алғашқыда бала белгілі бір эмоциялы жағдай негізінде элеуметтік мәні жоқ дыбыс шығарады. Тілдің дыбыстық жағын меңгеру Д.Б. Элькониннің пікірі бойынша, тіл қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ете бастаған кезден басталады. Бір жағынан, бұл балаға қаратып айтылған сөзді түсінуі, екінші жағынан – алғашқы өзінің айтқан сөздері.

Баланың сөзді ерте кезде қабылдауы ырғақты -мелодикалық құрылым негізінде үреді. Сөздің фонематикалық құрылымы қабылданбайды. Ғалым Н.Х. Швачкин бұл этапты «фонемаға дейінгі тіл дамыту» деп атады. Баланың сөздерді дыбыстау кезеңдерін қарастыратын болсақ, 10-11 айда сөз қарым-қатынас құралы бола бастайды және тілдік құрал сипатына ие болады. Фонемалы тіл дамыту кезеңі басталады.

Бірінші жылдың аяғына қарай алғашқы сөздер пайда болады. Өмірінің екінші жылы басталуымен дыбыстарды ажырату басталады. Бастақы кезеңде дыбыстың қойылуына тән ерекшелік дыбысты айтуда артикуляцияның тұрақсыздығы болып табылады. Тіпті бір сөзде бір дыбыс бірнеше рет қатарынан айтылғанда да бір дыбыстың орнына әртүрлі дыбыстық нұсқалар айтылады.

Жаңа фонетикалық элементтер тобымен пайда болады. Көпшілік дыбыстар дұрыс қалпында бірден қалыптаса қоймайды, ол біртіндеп, аралық дыбыстар арқылы қалыптасады.

Ауысатын «орынбасар дыбыстарды» білудің үлкен мәні бар. Дыбыстардың ауысу процесі үрделі және ерекше. А.Н. Гвоздев тіл дамыту үдерісінде айтылмаған дыбыстар баланың мүмкіндігіндегі басқа дыбыстармен ауысады деп санайды. «Бір дыбыстың басқамен ауысу жүйесі, негізінен, дыбыстардың артикуляциялық жақындығына, ең алдымен жасалу орнына қарай топтасуын негізге алады».

Балалар дыбыстың дұрыс айтылуын меңгерген кезде оны керек жерінде де, керек емес жерінде де пайдалана бастайды, тіпті сол дыбысты кезінде ауыстырған дыбыстың орнына да айтады. Бала *ш* дыбысының айтылуын меңгергеннен кейін (бұрын *с* деп айтқан), енді *с* дыбысы айтылатын өзге де *ш*-ны айтады, «шғат», «шу» деп айтатын балалар кездеседі. Ғалымдар бұл құбылысты «артығымен қолдану» деп түсіндіреді немесе дыбыстың кері ауысуы бұл меңгерілген дыбыс біршама уақыт күшті тітіркендіретін – доминант болып, орнына алғашқы дыбыстан жекешеленуінің жеткіліксіздігінен соңғы меңгерілген дыбыс алдыңғыны заңды тұрған орнынан ығыстырып жібереді (арма-алма, рампа-лампа).

Тілдің фонетикалық жағын дамытудың негізгі жолынан бала 3-5 жас аралығында өтеді. Үш жасқа дейін баланың сөйлеу тілі қалыптасқанда, ызың (*ш, ж*), ысқырық (*с, з*), үнді (*р, л, н*) дыбыстарын айту қиындық тудырады.

Ана тілін үйренуде сөйлеу дағдысының пайда болу интенсивтілігі тілдік ортаның мүмкіндігіне – табиғи (үйде үйреткенде) немесе басқа жолмен, яғни

әдістемелік құралдармен (мектепке дейінгі ұйымдарда) арнаулы дайындалған тілдік ортаға байланысты.

Тілдік ортаның даму потенциалы әдетте оны жасаған кезде тілді үйрену заты ретінде және сөйлеуде тілдің жұмыс ерекшеліктерін, сондай-ақ баланың әр түрлі жас сатысында тілді үйрену психологиясын неғұрлым дәлдікпен ескерсе, соғұрлым жоғары болады.

Тәрбиеші бала тілін дамытумен бірге мидың жұмысын да қалыптастырады, сөйлеу бұлшық еттерінің жұмысы да қалыптасады, дамиды. Демек, бала тілінің дамуы мен сөйлеу бұлшық еттерінің арасында, сөйлеу дағдыларының арасында тікелей байланыс бар. Баланың тілін меңгеру қабілеті сөйлеу органы бұлшық еттерінің машықтанғандығына байланысты болады, егер бала фонемаларды дыбыстауды (артикулеуді), сондай-ақ дыбыстар кешенінен оларды дауыстап бөліп алу қабілетін игерсе, кез келген тілді үйрене алады. Баланың тілді үйренуі үшін сол тілдің әрбір фонемаларын және оның позициялық нұсқаларын айтуға қажетті сөйлеу аппаратының қозғалысы жаттықтырылған болуы керек, ал бұл қозғалыстар баланың естуімен сәйкес болғаны жөн.

Тілдің дыбыстық мәдениеті екі бөлімде айқындалады: сөзді айта білу және сөзді тыңдай білу мәдениеті. Сондықтан да жұмыс екі бағытта жүргізіледі:

1. Сөйлеу аппаратын дамыту (артикуляциялық аппарат, дұрыс тыныс алу) және соның негізінде дыбыстың, сөздің айтылуын, нақты артикуляциясын қалыптастыру;

2. Сөзді қабылдауын дамыту.

А. Максаков пен Г. Тумакова сөздің дыбыстық жағын меңгеруге ерекше мән берген: «Сөздің дыбыстық жағын игеру – балалар үшін күрделі үдеріс. Бұл үдерісті былай анықтауға болады:

- сөздің қалай дыбысталатынын тыңдау арқылы;
- дыбыстарды дұрыс айту және ажырату арқылы;
- сөз ішінен дыбыстарды өздігінен танып, оңай ажыратып алу;
- сөздерді актив қолдану арқылы».

Жоғарыда айтылған пікірлерді негізге ала отырып, ізденуші Г.Ж.Омарова тіл дыбыстарын меңгер туді өз ретімен бір-бірін жалғастырып отыратын төрт кезеңге бөліп қарастырады.

Бірінші дайынды кезеңінде артикуляциялық аппаратты дайындау мақсатындағы жаттығулар жүргізіледі. Бұл кезең сөйлеу аппаратын дайындап, оның моторикасын, тыныс алуды дайындауды қамтиды. Дыбыстарды дұрыс айту дыбыстау үшшелерінің әрекетіне біртұтас тәуелді болады (тіл, ерін, жұмсақ таңдай, тістер және т.б.), олардың қозғалмалығы мен иілгіштігіне, артикуляциялық қозғалыстардың координациясына, олардың күші мен дәлдігіне байланысты болады. Мысалы, дыбысталуықын **р** дыбысы тілдің қозғалысының иілгіштігін, тіл ұшының жылдам вибрациясын талап етеді. **Ы**зың дыбыстар күшті ауа ағынын, тілдің «қасық» формасында көтерілуін, еріндердің дөңгелектенуін және олардың алға қарай біршама шығуын талап етеді. **Р**

дыбысын дұрыс айтуға артикуляциялық аппаратты дайындау мақсатында дайындық кезеңінде «*Кімнің тісі таза*» ойын-жаттығуын жүргізуге болады.

Мақсаты: тілді жоғары көтеріп үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: ауызды аздап ашыпұрып, тілді оңға -солға жылжытып, тілдің ұшымен жоғарғы тістерін іш жағынан «тазалайды».

Ерін жымыған күйінде, астыңғы, жоғарғы тістері көрініп тұрады. Тіл ұшы жоғарғы тістердің түбінде орналасады.

Осы кезеңде артикуляция мүшелерін жүйелі жаттықтыру қажет, қажетті қалып беру мақсатында, тілдің бұлшық еттерін жаттықтыруға, еріннің, жақтың қозғалмалығына бағытталған, ауа ағынын, дұрыс тыныс алуды қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүргізіледі. Сөйлеу аппаратын дайындау мақсатында алуан үрлі ойын түрінде жүргізілетін жаттығулар қолда нылады, бұл өз кезегінде оларды бірнеше рет қайталау үшін жағдай жасайды.

Екінші - тіл дыбыстарының қалыптасуы немесе дыбысты қою кезеңі – дыбыстың жеке айтылуын қалыптастыратын ойын жаттығулары арқылы іске асады. Дыбыстарды қою артикуляциясы бойынша оңай дыбыстардан басталады және аса қиын дыбыстармен аяқталады (бағдарламада көрсетілгендей); олардың бірізділігі фронтальды және жеке жұмыс үшін сақталады (ызың, ысқырық, р,л,н). Дыбыстың толыққанды болмауы немесе оның тұрақсыз дыбысталуы көпшілік мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі байқалады, бұл жағдайда баланың зейінін тіркеу жеткілікті. Бұл еліктеу бойынша дыбысты қою болып табылады. Мысалы «*Р*» дыбысы бойынша дыбыстықою кезеңі «ұшақ ұшуға дайындалады», «мотоциклдің моторы жұмыс істеп тұр», «иттің және күшіктің ырылдауы» сияқты ойын-жаттығулары арқылы жүргізіледі.

Үшінші - дыбыстарды бекіту және автоматтандыру кезеңі. Дыбыстарды автоматтандыру - бұл дыбысты буын, сөз, сөйлем ішінде дұрыс айтқызу. Бала дыбысты жеке ұрған күйінде дұрыс айтқанымен, сөйлеу тілінде оны басқа дыбыстармен шатастырып, кейдесіріп, кейде қате айтуы кездеседі. Дыбыстың сөз, сөйлем ішінде дұрыс айтылуын қалыптастыру жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, түрлі тапсырмалар орындау бағытындағы ойын жаттығулар бойынша жүргізіледі. Мысалы, *р* дыбысын буын, *өз*, сөйлем ішінде айтқызып жаттықтыруда (сергіту сәті ретінде қимылмен орындалады)

Ра-ра-ра – ұшып келді ара,

Ар-ар-ар – тауға жауды қар

Ыр-ыр-ыр– шаршап қалсаң отыр. немесе

Омар ора алар,

Омар ора алмаса, Орал ора алар сияқты жаңылтпаштарды пайдалануға болады.

Төртінші кезеңде дыбысталуы бір-біріне жақын, шатастыратын дыбыстарды ажырату бағытында жұмыстар жүргізіледі. Дыбыстарды ажырату бойынша жұмыстар шатастыратын екі дыбысты баланың кез келген үйлесімде дұрыс айтпауынан басталады, сонымен бірге әрдайым дұрыс қолданыла бермейді және басқа дыбыспен алмастырылады. Балалар жаңа дыбысты бірқатар ұқсас

дыбыстардан айыра алмайды және оларды шатастырады (*тарақ – «талақ», қар – «қал», «қай»*).

Алайда, тілді дыбыстық жағын қалыптастыру жұмысының осынша мәнділігіне қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке баратын әрбір баланың таза сөйлеуі үшін барлық мүмкіндіктер пайдаланылмай келеді. Зерттеу материалдары бойынша дыбыстарды дұрыс айтуы жетілмей мектепке келген балалардың 15-20 % балабақшадан келген балалар, бес жасында мұндай балалар 50% шамасында. Сондықтан да бүгінгі күні тіл дыбыстарын меңгерту мәселесі өзекті болып қала береді.

Балалардың ақыл-ойына, қабілеттерінің дамуына жетудің бірден-бір жолы – өзара тілдік қарым-қатынас болғандықтан, ол әр баланың табиғи қабілетін ескере отырып, балаға көмекші әрі сүйемелдеуші болып, әрдайым жанында достық қарым-қатынаста болсақ, оқыту мазмұнын жаңғыртуға, әрі тиімді әдіс-тәсілдерді кеңірек қолдануға еркін жол ашады.

Мектепке дейінгі балаларға қазақ тілді үйретудің басты шарттары топқа жағымды психологиялық климат, мейірімді орта, қазақ тілінде тілдесудің қуану сияқты факторлары өз септігін тигізеді. Қазақ тілін үйретуде балалардың сөздік қорын дамыту, сөздіктерінің белсенділігін арттыру, үлкенділікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, тіл мәдениетін жетілдіру, сөйлем құрап, сөйлесу тәжірибесін ұдайы ұйымдастыру балалардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, оқу іс-әрекеттің әр кезеңінде тиімді қолдану жолдарын да білу қажет. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, бастысы – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық -технологиялық құралдардың жиынтығы болып табылады. Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды оқу іс-әрекетте жан-жақты қолдану, педагогтың көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Осыған орай, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану арқылы әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, балалардың салыстыруға, өз ойларын сол тақырыпқа сай жеткізе білуге машықтандыра отырып, онлайн желісінде, балаларға арналған «Балапан» телеарнасында тікелей эфирде жүргізіліп жатқан бағдарламаларды: «Бала тілі - бал», «Он саусақ», «Күлегеш», «Ғажай ыпстанға саяхат», «Санам», «Дәрумен» «Мыңнан жүйрік, жүзден тұлпар» сияқты көптеген бағдарламаларына қызықтыру, насихаттау қажет.

Ақпараттық технология арқылы оқу іс-әрекеттерін түрлендіріп, жаңаша ұйымдастыра алуға мүмкіндік туады. Тақырыпқа байланысты бейнежазба көрсету арқылы балалардың оқу іс-әрекетке деген ықыласын көтеріп,

белсенділігін арттыруға болады. Апараттық технологияның көмегімен жүргізілетін шараларда – бала өзін белсенді және еркін ұстай алады.

Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру үшін, яғни қазақ тіліне ӘН тоғыз дыбысты айтуға төмендегі жаттығулар арқылы үйретуге болады.

Ә; І; Ң; Ү; Ұ; Қ; Ө; Ғ; Һ

Оқу іс-әрекет барысында «Жеті лақ» ертегісімен танысатын болсақ

1. Оқимыз.

2. Ертегіні аудио таспа арқылы тыңдаймыз.

3. Ертегіні интерактивті тақтамен көру.

4. Ертегіні кейіпкерлерге бөлу.

5. Ертегідегі (қасқыр, лақ) сөздеріндегі «Қ» әрпіне тілдерін жаттықтыруға арналған жаттығулар жасату.

Мысалы: Қ-дыбысының айтылуын. Қа; Қо; Құ; Қы; Қи; Қу;

Айнамен жаттығулар орындату дыбысты таза, анық айтуға жаттықтыру.

1. Ертегіні сахналау

2. Саусақ театры арқылы ойнату

Тілдік қарым -қатынаста түсіну дағдыларын дамыту (тек, қазақ тілін де түсіндіру).

«Сөзбен ойнау арқылы ғана бала - тілдің нәріне ғана сусындайды, оның сазды үнін жанына сіңіреді» - деген ұлағатты қағида бар.

Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды оқу іс-әрекетте жан-жақты қолдану, педагогтың көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Қазақ тілін үйретуде ойын элементтерін қолдану өте тиімді. Ойын арқылы бала бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады.

Сондай-ақ, балабақшадағы әрбір педагог қазақ тілін үйрету үшін өз үлесін қосуға тиісті.

Тәрбиешінің басты міндеті:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді меңгерту;

- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру;

Ән жетекшісінің міндеті:

- Әнді балаға үйрету кезінде баланы айналасындағы қызықты нәрселерге көңілін аудара отырып, қазақ тілінде айтылатын әндерді ойынмен байланыстыра отырып, бойларына сіңіру;

Психологтың міндеті:

- педагогикалық процестер барысында баланың көңіл-күйіне мән беру;

- жағымды мінез танытып, жағдайын қазақ тілінде сұрап білу.

Дене шынықтыру мұғалімінің міндеті:

жасалатын жаттығуларды, ойындарды қазақ тілінде түсінікті, нақты жеткізу.

Балабақшада қазақ тілін бағдарламадағы жаңа жүйе бойынша А0 деңгейінен бастаймыз.

Бала қарапайым сөйлеу дағдыларының 4 түрін білуге міндетті: айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым.

1. Оқылым: дауыс ырғағын дұрыс келтіру, оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну;

2. Жазылым: заттарды түстеріне сәйкес бояу;

3. Тыңдалым: лексикалық минимум көлемінде монологтік және диалогтік сөйлеуді меңгеру.

4. Айтылым: өз ойын, пікірін жеткізу, сұрақтар қоя білу және оларға жауап қайтара білу:

Лексикалық тақырыптар бойынша:

1. Ойын дұрыс жеткізе білу, оң немесе теріс жауап бере білу;

2. Өзі жайлы, отбасы жайлы әңгімелеп, ойын дұрыс айта білу;

3. Табиғаты, өзінің қызығушылығы туралы әңгімелеп айта білу;

4. Сұрақтарды қоя білу және жауап бере білу;

Қазақ тілі дыбыстары, заттың атаулары, сөз мағыналары, қанатты сөздер балабақшаның ересек және мектепке даярлық топ балаларына (5-7жас) ыңғайластырылып құрылған сөздік минимум тілдік бірліктер ретінде тілдік әрекеттерге бастайтындай етіп берілген. Балалардың тілдік әрекетінің көрінісі олардың өздігінен сөзге араласуынан, яғни қазақ тілінде сөйлеуінен көрінеді.

Ғалымдар сөздерді тақырып жағынан дұрыс ұйымдастырып беру деп сөздерді топ бойынша тез еске сақтауға үйрететінін, олардың бір-бірімен ұқсастығын байқататынын және жағдаяттарға қарай іштей оларды жақсы сезіп, еске түсіріп сөйлеу дағдыларына қоса бастайтындығын айтқан.

Екіншіден, сөздерді грамматикалық белгілеріне қарай топтату өте тиімді. 1-сыныпқа барар алдында балаларға «Кім?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді атаңдар, «Не?» деген сұраққа қандай сөздермен жауап бересіңдер? «Кімдер?», «Нелер?» деген сұрақтарды қандай жағдайда қоямыз? Осылайша сын есімді, сан есімді, етістікті біртіндеп меңгерту жүргізіледі.

Үшіншіден, сөздерді туыстық қатысына қарай топтауға үйрету балабақша мен бастауыш сыныпта өте жиі қолданылады. Мысалы, жалпы атауы мен жекелей аталымдарды жіктеп атау. «Отбасы»-жалпы аталым, ал ата, әже, әке, бала, қарындас, іні, сіңлі. Жеті атаны атау, үш жұртты атау, т.б.

Төртіншіден, төрт-түлік малдың, жан-жануардың төлдерінің атаулары, қызмет аталымдары, т.б. Сонымен қатар, сөздерді шығу тегіне қарай топтауға үйретуге назар аударылады. Мысалы: дәрі, дәрігер, дәріхана; ас, аспаз, асхана, т.б.

А0 деңгейіне сипаттама беретін болсақ, тілді бұл деңгейде білетін бала: күнделікті қарым-қатынаста өзі туралы, отбасы туралы айтады, сұрақтар қоя алады, шын мәтіндерді түсінеді. Өзіне қатысты тақырыптар бойынша жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін түсінеді. Елі, тарихы, табиғаты, өзінің қызығушылығы, мақсаттары туралы әңгімелей алады.

Республика тұрғындарының мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілі балабақшада тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына енгізіліп отырғандығы заман талабы болғанмен, оның әр түрлі тілдік ортаның жағдайында оқытылуы және әр түрлі тілдік аймақтардың қалыптасып отыруы оқыту мазмұны мен құрылысына сол өңірдің ерекшелігіне сай болуын көздейді.

Республиканың солтүстік және орталық өңірлерінде орыс тілі басым қолданылғандықтан, қазақ тілі 3-4 жасар балаларға әр түрлі практикалық әдіс-тәсілдермен ойын жағдайында үйретілсе, 5 жастан бастап арнайы сабақ үлгілерімен әрі ойын, әрі логикалық жаттығулары бар оқыту жүйесінде үйретіледі. Осы пайымдауларды қорыта келе, балабақшада қазақ тілін оқытып, қазақша тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастаруда тәрбиеші-мұғалім төмендегідей қағидаларды есте ұстағаны жөн:

1. Балабақшадан бастап қазақ тілін оқытудың басты міндеті – балалардың жастайынан өздері күнделікті жүрген ортасында мемлекеттік тіл болып бекіген жергілікті тұрғындардың тілін түсінетін, тіпті сол тілді қарапайым формада қолдана білуге үйрету деп түсіну;

2. Екінші тілге үйретуде психологиялық тиімді жағдай тудырудың бір жолы – балалардың бойында басқа тілді үйренудің ешқандай қиындығы жоқ деген түсінік қалыптастыру екендігін ескеру;

3. Қазақша түсініп сөйлесе бастайтын балалар тобында қазақша синтагмалар үш-төрт жастан ұсынылады. Қазақ тілін алғаш рет үйрету жүйесінде, яғни таза орыс тілді топтарда, қарым-қатынасқа түсіретін қысқа синтагмалар үшінші, төртінші сабақтарда амандасу, танысуға үйрету, «Не бар, не жоқ?» ойынын ойнату кезеңдерінде қысқа сөйлем үлгілері түрінде беріледі. Дегенмен, мұндай синтагмалар басқа сөйлем байланыстарымен ілесіп сөйлеу тілінің негізін құрай алмайды. Лингвистикалық материалдар жүйелі түрде балалардың өзара және айналасындағылармен қазақ тілінде тілдік қатынасқа түсу бағытында берілуін қамтамасыз ету;

4. Бала тілді бәлшектеп үйренбеуі керек, тіл әр уақытта үйретілсе де, бір тұтастықта, баю, жетілу тұрғысында қабылдануы тиіс. Мұндай тұтас қабылдау «тілді сезіну» деп аталады. Балалар қазақ тілін меңгеріп келе жатқандығын өздері сезіп отырулары керек. Олардың өзге тілді өте жоғары дәрежеде қабылдануына педагогпен немесе өзара тілдік қарым-қатынасқа түсіретін жағдаяттар (ситуациялар), сол сияқты ерекше ұйымдастырылған тілдік әрекеттер қатты әсерін тигізетінін әрдайым естен шығармау;

5. Балабақшада қазақ тілі сабақтары аптасына екі реттен, 20-25 минут ұзақтықта болуын, балаға меңгертілетін білім-дағдылар бала психологиясына салмақ түсірмейтіндей, ойын-тапсырмалары баланың жас ерекшелігіне сай болуын ескеру қажет. Мысалы, шығармадағы сөздердің, тіркестердің мәнін бейнелейтін тірек суреттер мен тірек-сызбаларды өз тіркесін, сөйлемшелер құрастыру үшін қолданып отыру қажет.

6. Балаларға сабақ барысында берілетін білімді сабақтан тыс уақытта балабақша қызметкерлерінің көмегімен көркем-әдеби және көрнекті жайма

кітаптар (панорама), арнайы әзірленген құралдар арқылы бекітіп отыру қажет. Осы келтірілген педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, лингвистикалық заңдылықтар мен талаптар қазақ тілін екінші мемлекеттік тілде сөйлеуге үйрету үдерісінде, әр баланың ана тілінде байланыстырып сөйлеу тілін дамыту кезеңдерінде ескерілгені жөн.

Балалар башпасында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде игеріп, тілдік қатынасқа түсудің маңызды түрі – ауызша сөйлеу тіліне үйрету. Ал толық түрде жазбаша тілдік қатынасқа түсу, яғни айтылған ойды тез түсіну, тез жауап қату біртіндеп мектепте бастауыштық және орта білімдік сатыларда, тіпті баланың бүкіл өмірінде дамытылады. Топта түркі негіздес ұлттар тілінің болуы балалардың «тілдік сезімінің» біркелкілігін байқатады. Баланың үлкендермен тілдік қатынасқа түсуі олардың сезімдік қатынасынан басталады. Бұл баланың үлкендермен қатынасқа түсуінің басы болып табылады. Бала тіл дамытудың алғашқы кезеңінде-ақ үлкендер мейіріміне мейіріммен жауап беруге, алғашқы дыбыстар шығаруға үйренеді. Тәрбиеші немесе айналасындағы үлкендердің алғашқы эмоциялық қатынасы, баланың болашақта осы тілде сөйлеу мәнерінің қалыптасуына негіз болып табылады. Бір жастағы баламен қатынаста бұл кезеңде тіл немесе өз заттарды нақты атауларын және бала мінезінің қалыптасуына басшылық жасайтын үлкендердің әрекеті кезіндегі сөздерін бейнелейді. Мысалы: отыр, ұрт сияқты бұйрық сөздермен әрекетке, доп, орындық, үстел деген нақты атауларға, допты ал, орындыққа отыр дегендей бұйрық мәнді етістік тіркестермен тілдік қатынастарға бала бірден тартыла бастайды. Тілдің табиғи түрде дамуын тәрбиеші мен тіл маманы жақсы білуі тиіс. Өмірінің алғашқы жылында эмоция арқылы қатынасқа түсу баланың үлкен адамға немесе бір-біріне жүңілі толу, толмау сияғы өзара әрекетте көрінеді.

Бүгінгі балабақшада тілді үйрететін орта – баланың айналасындағы адамдардың сөйлеу тілі. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білсін деген баланың айналасында мемлекеттік тілдегі тілдесім басым болуы керек. Бұл орайда, республикалық телехабарлардың, радиохабарлардың бағдарламалық материалдардың мемлекеттік тілде күнделікті берілуі қамтамасыз етілуі тиіс. Әрине, мұндай қажеттілік мақсатты ұйымдастырылған жағдайға біздің қоғамдық салтымызда бірден тез жету мүмкін емес. Сондықтан да қазақ тілін орыс тілді балабақшалардың екінші кішкентайлар тобынан бастап арнайы оқытудың типтік бағдарламалары мен авторлық нұсқалары әр деңгейде ұйымдастырылуда. Орыс балабақшаларына баратын балаларға жоғары топтарда қазақ тілін көрк ем шармалардың ең кіші жанры өлең - такпақшалармен үйреткен жөн.

Қазақ тілін кішкентай балаларға үйрету үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, әрқайсысының зейін, қабылдау, еске сақтау, ойлау, қиялдау ерекшеліктерін, сезім, ерік пен жеке дарындылық қасиеттерін жақсы біліп алу керек. Балабақшадағы балалардың қайсысы болмасын зейіні тұрақсыз, олардың кейбірінің сабақ үстінде әсерленуі күшті, ой бөлісу қабілеті тіпті жоқ

десе де болады, сондықтан қазақ тілінің жек елеген өздеріне қатысты тірек-сызбаларды дұрыс іріктеу, оларды мәніне қарата балаларға ажырата қолдануды әдетке айналдырған жөн болар. Әңгіме оқығанда, тақпақ жаттағанда әрдайым қолданылып келген сызбаларды баланың өздері танып, зейінін тұрақтандыруы, олардың тіл үйренуге деген құлшыныстарын арттыра түседі. Естиярлар мен ересек балалар топтарында тірек-сызбалармен қатар үйретіліп отырған шығарма сөздеріне, кейіпкерлеріне қатысты бояуы қанық тартымды салынған суреттер беріледі. Ал мектепке даярлық тобында тақпақ мәтіні жартылай сурет арқылы, жартылай сөз арқылы, күрделендіре отырып, сөз сызбаларын ұсынуға болады[12].

Жалпы әлем елдерінің тәжірибесінде тіл үйрету балабақшадан басталады екен. Шетелдік ғалымдар балаға ерте жастан тілді үйрету оның ақыл-ойының жақсы дамуына ықпал ететінін және сәбидің ерте жасында жылдам қабылдау жүйесі жақсы жұмыс істейтінін айтады.

Жапондық «Sony» корпорациясының негізін қалаушылардың бірі - Масару Ибука балаларды ерте жастан дамытуға арналған «3 жастан кейін кеш болады» атты кітабында: «Біз 3 жастан жоғары балаларды неге үйретуге болады деген мәселеге көп назар аударамыз. Бірақ ол жастағы баланың миы 70-80% дамып қояды», - дейді. Демек, бұл бізге баланың миын 3 жасқа дейін дамытуға күш салу керек дегенді ұсақп отырған жоқ па? деп сауал тас тайды және сол сұраққа өзі жауап береді. Оның пікірінше, ерте дамыту дегенде сәбиді фактілермен және сандармен күштеп қоректендіруді міндеттеп тұрған жоқ. Бастысы – «уақытында» жаңа әдісті енгізу керек.

Қорыта айтқанда, балалардың тіл үйренуге қызығушылығын арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру, сөздік қорларын үнемі молайтып, бекіту - өмірлік маңызға ие болып отыр. Бұл талаптар қазақ тілінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерді жүргізудің жан-жақты кешенді түрлерін, оларды өткізу ерекшеліктерін меңгеру әрі әдістемелік жағынан ұтымды әдістерді қолданғанда ғана баланың жан дүниесін баулап алады.

Білім беру мен тәрбие үрдісін жаңғырту, оқу -тәрбие мекемелерінде жаңа технологияларды қолдану балаларға білім беру сапасына тікелей әсер етеді. Біздің мақсатымыз, балалардың білімі мен дағдыларын қалыптастыру, үйрену қабілетін дамыту, оларды білім жүйесімен таныстыру, білімді, ұғымды, іскерлікті игерту.

3 Жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың ерекшеліктері

«Тіл туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары мен «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттер [14, 15, 16] еліміздің білім беру жүйесінде көптілді меңгерген дара тұлға қалыптастыру мақсатын жүзеге асырудың ұтымды жолдарын анықтауды талап етіп отыр. Бұл үш тілді қатар білуге арналған тіл саясатына сәйкес мемлекеттік тілдің доминанттық рөлін күшейтуге келіп саяды. Республиканың әдіскер-ғалымдарының қатысуымен тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, өзге тілді мектептің негізгі орта деңгейінде қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары белгіленді [18].

Әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің 6 деңгейі мен олардың сипаттарының негізінде, Қазақстан Республикасының өзге тілді жалпы білім беретін орта мектебіндегі 11-сыныптарында қазақ тілін үйретудің 5 деңгейлік құрылымы (9-кесте) айқындалды.

9-кесте - Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін үйретудің деңгейлері

Қарапайым деңгей	Бастапқы қарапайым игерім А1	А1 -1-сынып
Бастапқы деңгей	Бастапқы орта игерім А1.1 Бастапқы толық игерім А1.2 Бастапқы жетік игерім А1+	А1.1- 2-сынып А1.2 - 3-сынып А1+ - 4-сынып
Негізгі деңгей	Қалыптасу қарсаңындағы бастапқы игерім А2.1 Қалыптасу қарсаңындағы толық игерім А2.1.1 Қалыптасқан игерім А3.1.2	А2.1- 5-сынып А2.1.1- 6-сынып А3.1.2 - 7-сынып
Орта деңгей	Қалыптасқан орта игерім А2.2 Қалыптасқан толық игерім А2+	А2.2- 8-сынып А2+- 9-сынып
Ортадан жоғары деңгей	Тереңдетіле қалыптасқан игерім В1.1	В1.1- 10-сынып
	Тереңдетіле қалыптасқан игерім В1.2	В1.2- 11-сынып

Орыс тілді мектептерде қазақ тілін деңгейлеп оқыту жүйесінің мақсаты- қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей

бойынша базальқ және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту; бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға қазақша тілдік қатынасты игерту.

Қазақ тілін деңгейлеп оқытудың мақсатына орай мынадай міндеттер іс жүзіне асырылуы қажет:

- қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгерту: оқушының өз ойын, пікірін, көзқарасын еркін, дұрыс, нақты (ауызша және жазбаша) жеткізе білуін іске асыру;

- оқушылардың қазақша дұрыс, түсінікті сөйлеуі мен сауатты жазуын жүзеге асыру;

- өзге тілді мектеп оқушыларының білімін тілдік, танымдық, лингвистикалық-мәдениеттанымдық, ұлттық-әлеуметтік, өркениеттік -әлемдік тұрғыдан тереңдетіп, қазақ тілін ұтымды игерудің, коммуникативтік бағытын жүзеге асыру;

- жеке, қоғамдық- әлеуметтік, бағдарлы бағыттағы жағдаяттарды жан-жақты ескере отырып, қазақша тілдік қатынасты бағдарлы түрде жүзеге асыру.

Тілді деңгейлеп меңгерудің білім мазмұнын айқындауда басшылыққа алынатын басты ұстанымдар мыналар:

1. Білім мазмұнының оқыту мақсаттарына сай келуі;
2. Білім мазмұнының аутенттілігі, шынайы өмірге сәйкестілігі;
3. Ұсынылатын материалдың тіл үйренуші деңгейіне сай келуі;
4. Сөйлесім әрекетінің барлық түрінің өзара бірлікте жүзеге асырылуы;
5. Жаттығу жұмыстарының жүйелі түрде берілуі;
6. Тілдік материалдың кешенді түрде ұсынылуы;
7. Білім мазмұны мен әдістемені дара тұлғаны қалыптастыруға бағыттау.

Бұл ұстанымдар тіл үйренудің барлық деңгейінде жүйелі түрде дамытылып отырылатындықтан, әр оқушының алғашқы қадамынан бастап, оның білім, білік, дағдысын жетілдіреді және бекітеді.

Осы деңгейлерге сәйкес қазақ тілінің күтілетін нәтижелері ақпараттық, коммуникативтік, проблеманы шешімін табу секілді түйінді құзыреттіліктердің қалыптасуына мүмкіндік тудыратын қарапайым, бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгейлердің өзара сабақтас сатылары бойынша анықталады.

Қазақ тілінің қатысымдық тұрғыдан деңгейлік меңгерту тіл үйренушінің төмендегідей коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

1. Лингвистикалық біліктілік.
2. Тілдік-әлеуметтік біліктілік.
3. Дискурстық біліктілік.
4. Стратегиялық біліктілік.
5. Мәдени-әлеуметтік біліктілік.

Аталған біліктіліктер тіл үйренушінің өз деңгейіне сәйкес әрекеттермен ізденістерді көрсетеді. Нақтылап айтсақ, тіл үйренушінің:

- *Лингвистикалық біліктілігі* лексика-грамматикалық, фонетикалық, синтаксистік, стилистикалық нормаларға сай еркін сөйлей, жаза білуі арқылы бағаланады.

- *Тілдік-әлеуметтік біліктілігі* тілді қолданушылардың басқа адамдармен, топтармен әр түрлі түсінікті және қарым-қатынас жасау деңгейі арқылы аңғарылады.

- *Дискурстық біліктілігі* мәтіндерді, тілдік материалдарды, сөйлемдер мен тілдік бірліктерді өзара байланыстыра дұрыс, жүйелі қолдана білуінен көрінеді.

- *Стратегиялық біліктілігі* бағалаушының тілді білудегі, қолданудағы кемшіліктері мен қат еліктерін, білмейтін тұстарын айқындай отырып, оларды жетілдіруге бағытталған өзіндік ізденісімен, әрекетімен өлшенеді.

- *Мәдени-әлеуметтік біліктілігі* мәдени ұлттық ерекшеліктерді сол тіл арқылы бейнелей білуінен көрінеді.

- *Қазақ тілін мәгертудегі деңг ейлердің нәтижесі мына мәселелерді қамтиды:*

- *Қарапайым және бастапқы деңгейде* күтілетін нәтиже: күнделікті жағдаяттарда қарапайым тілдік дағдыларды өз мүмкіндігінше пайдаланып, қазақ тілінде қатысымға түседі.

- *Негізгі деңгейде* күтілетін нәтиже: ауызша және жазбаша қтараттар алмасуда тілдік бірліктерді дұрыс, орынды, сауатты жазады және пайдаланады.

- *Орта деңгейде* күтілетін нәтиже: өз ойын әдеби тілде түсінікті әрі еркін жеткізеді, сауатты және дұрыс жазады.

- *Ортадан жоғары деңгейде* күтілетін нәтиже: қоғамдық ортада, әр түрлі әлеуметтік жағдайларда өз көзқарасын білдіріп, оны қысқаша дәлелдеп, қазақша тілдік қатынасты жан-жақты игереді» [7, 105-108].

Тілді мәгерудің халықаралық стандарты негізіндегі мемлекеттік тілді «балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» үздіксіз оқыту жүйесі орыс тілді мектептерге 2010-2011 оқу жылынан енгізіле бастады.

Еуропалық жүйеге сәйкестендірілген тілдік деңгейлер жалпы білім беретін орта мектептің 1-11-сыныптары бойынша сараланды. Негізгі және орта деңгейлердің тіл игеру игерімдері айқындалды. Негізгі және орта деңгейлердегі базалық білім мазмұны тілдік деңгейлер бойынша түзілді. Оқушының білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар негізгі және орта деңгейлердің ерекшеліктерін ескере отырып әр екетінің бес түрі бойынша сараланды. Әр сыныптағы бағдарлама материалдары тілдік бөлім, қатысымдық-сөйлесімдік бөлім және мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі бойынша нақтыланып ұсынылды.

Негізгі мектепте бала бастауыштанға ал білімін жалғастырып, білім мазмұнын «қоршаған орта» тақырыптары арқылы толықтырып, грамматикадан алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға дағдыланады. Жоғары сыныптарда тілдік конструкцияларды өйлеу әрекетінде еркін қолдану, тілдің

фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымын, стилистикалық ерекшеліктерін танып, оны теориялық жүйелеу мен өз бетінше сөздік қорын байыту әрекетін қамтамасыз етуі қарастырылады.

Халықаралық стандарты негізінде қазақ тілін оқытудың мақсаты – негізгі және орта деңгейлер бойынша қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; оқушыны өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету, коммуникативтік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

Қазақ тілін қытуда оқушының қатысымдық құзыреттілігін (компетенттілігін) қалыптастыру мәселесін ше шудің алғышарты - қатысымдық құзырет минимумын (ауқымын) анықтау.

Осы мақсатты жүзеге асырудағы оқу пәнінің міндеттері:

- оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;
- оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;
- қарым-қатынас әдебі нормаларын меңгерту;
- күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге дағдыландыру;
- оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіру;
- оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.
- қазақ тілінде еркін қарым- қатынас жасауға дағдыландыру;
- өз бетінше ізденуге, қазақша тыңдаған ақпарат бойынша ой қорытып, мәдени, ресми қатынасқа бейімдеу;
- сөздіктің көмегімен көркем шығармалардан үзінділер оқу;
- публицистикалық және ғылыми лексиканың дұрыс қолданылуын тануға үйрету.

Мектептің негізгі орта деңгейінде меңгерілетін тілдік және қатысымдық бірліктер 2 деңгейге жіктеліп берілген. Білім деңгейлерін ішкі кезеңдерге бөлу білім беруді дара тұлғаға бағдарлау ұстанымына сай іске асады. Бір деңгейдің алғашқы сатысында білім мазмұнын игере алмаған оқушы бейімдеу, дамыту, психологиялық үйлесімділік ұстанымдары негізінде келесі сатыда тиісті мазмұнды меңгеруге мүмкіндік алады.

Қазақ тілді емес мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны қатысымдық-әрекеттік, қатысымдық-функционалдық, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, ұлттық ерекшеліктерді ескеру, оқу материалдары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі; оқушының тілді білу деңгейіне сай келуі; білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту ұстанымдарын басшылыққа ала іріктелген. Яғни:

- үздіксіздік ұстанымы оқытудың барлық сатыларының арасындағы жалғастықты әдіснама, мазмұн, әдістеме және технология сабақтастығы тұрғысынан оқытуды қамтамасыз етеді;

- оқытудың әрекетшілдік негіздегі ұстанымы оқушыларды оқу-танымдық әрекетке белсенді қатыстыру арқылы жаңа білімдерді ашуын, өзін өзі бағалау мен өз әрекетін өзі бақылай алу дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді;

- пәнаралық байланыс ұстанымы мәтіннен ақпаратты тауып алу тәсілі, мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу, негізгі және қосалқы ойды ажырата алу және т.б. (әдебиетпен байланыс); өзектілік тәсілі, салыстыру, жүйелілік, қарсы қою, себеп-салдарлық байланысты анықтау және т.б. (ана тілімен байланыс) жұмыстар арқылы жүзеге асырылады;

- түсіністік ұстанымы қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық үйлесімді жағдай тудыруға мүмкіндік жасайды. Оқушылардың қарым-қатынас жасауына және олардың өз жетістігін сезінуіне мүмкіндік беретін тілектестік ниетті ұстану оқу үдерісі тиімділігінің маңызды шарты болып табылады;

- оқушылардың тұлғалық жетістіктерін ескеру ұстанымы түрлі деңгейдегі күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға, оқыту мотивінің тұлғалық-мәнділігін қалыптастыруға, оқытудың ұтымды технологиясы мен құралдарын таңдауға және бейімдеуге, білім деңгейлері әртүрлі оқушылардың жоспарланған нәтижелерге жетуіне мүмкіндік береді;

- шығармашылық ұстанымы оқушылардың түрлі шынайы жағдаяттарда жаңа типтегі міндеттерді өздігінен шешу қабілетін, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыруға мүмкіндік тудырады[18].

Бастауыш білім беру деңгейінде мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты – тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде қарапайым және негізгі (негізгі деңгейдің алғашқы игерімі) деңгей бойынша қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде түсінікті сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту.

Бұл мақсаттан төмендегідей міндеттер туындайды:

- оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін күнделікті қарым-қатынас деңгейінде меңгерту;

- оқушылардың тілдік дағдысы мен білігін дамыту;

- қарым-қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту;

- ойын жағдаяттарында қазақ тілін қолдану арқылы оқушыларды жаңа әлеуметтік тәжірибеге қатыстыру;

- оқушыны сөйлесімдік қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне (қазақ тіліндегі), қазақ халқының мәдениетіне, ұлттық-мәдени сөйлесім ерекшелігіне баулу;

- оқушылардың оқу білігін, шынайы өмірлік жағдаяттарда алған тілдік білімдерін шығармашылықпен пайдалануға дайын болу білігін қалыптастыру;
- оқушыларды қазақ халқының балаларға арналған әндерімен, тақпақтарымен және ертегілерімен, фольклорымен, көркем әдебиетімен, ойындарымен таныстыру;
- оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу [13].

Жалпы білім беретін ұйымдардың бастауыш білім беру деңгейінде мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында айқындалған бұл міндеттер «Тіл туралы», «Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңдары мен «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерден туындап отыр [14, 15, 16]. Елбасы жүктеген тапсырма тілді оқытудың ұтымды әдістері мен тәсілдерін, тиімді жолдарын анықтауды талап етеді. Осыған байланысты Ы.Алтынсарин атында Ұлттық білім академиясының базасында республиканың әдіскер-ғалымдарының қатысуымен қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгерту, яғни қазақ тілді емес жалпы білім беретін ұйымдарда жүретін «Қазақ тілі» пәнін оқыту бағдарламалары [17] дайындалды. Бұл бағдарламалар тілді меңгертудің халықаралық стандарттарына негізделіп, өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлерді үйлестіре отырып әзірленді.

Қазақстан Республикасындағы қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептердің 1-4-сыныптарына арнап «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасында әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің деңгейлері мен олардың сипаттары негізге алынып, қазақ тілін үйретудің деңгейлері белгіленген және оқушының білім, білік, дағдылары бастауыш білім беру жүйесінде тілді деңгейлік меңгерту талаптарына сәйкестендіріліп, жіктелген. Соған сәйкес, бастауыш мектептің 1-3-сыныптарына қарайым деңгейді, ал 4-сыныбына негізгі деңгейді меңгерту көзделеді.

Қарапайым деңгей (A_1) 3 игерімді қамтиды. Олар:

- бастапқы орташа игерім ($A_{1.1}$) – 1-сынып;
- бастапқы толық игерім ($A_{1.1.1}$) – 2-сынып;
- бастапқы жетік игерім ($A_{1.1.2}$) – 3-сынып.

Негізгі деңгей ($A_{2.1.2}$), жалпы, 5 игерімді қамтиды. Ал бастауыш мектепте, яғни 4-сыныпта меңгертілетіні – сол 5 игерімнің алғашқы баспалдағы. Ол қалыптасу қарсаңындағы бастапқы игерім (A_2) деп аталады.

Тілді меңгертуді деңгейлерге және игерімдерге бөлу білім беруді дара тұлғаға бағдарлау ұстанымына сай іске асады, яғни әрбір игерім бойынша білім мазмұнын анықтағанда оқушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері есепке алынады.

Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі пәнінің мақсаты оқушының әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін өз қажетіне қарай қолдана алуын қамтамасыз ету болғандықтан, бұл мақсатқа жету үшін жаңа бағыттағы

бағдарламаларда білім мазмұнының құрамы мен құрылымы анықталып, әр игерім бойынша білім мазмұны үлкен 3 аяға бөлінген:

- 1) әлеуметтік-тұрмыстық ая;
- 2) әлеуметтік-мәдени ая;
- 3) оқу-еңбек аясы.

Әр ая лексикалық тақырыптардан тұрады. Бұл тақырыптар оқушылардың күнделікті өміріне жақын, олардың әр күн сайын орындайтын әрекеттеріне байланысты таңдалады. Егер әрбір тақырып шынайы өмірмен байланысты болып, табиғи қарым-қатынас тудыра алса, оқушылар қазақ тілін өз әрекеттеріне сай үйренеді. Мысалы, 3-сыныпта «Әлеуметтік -мәдени аяға» кіретін «Туған күн» атты тақырыпты өткен кезде оқушылар өздерінің туған күні туралы айтып, қандай сыйлықтар алғанын, оларды кімдер сыйлағанын, сол сыйлықтардың аттарын және түр-түсін сипаттайды. Сондай-ақ оқушылар бір-біріне тілектерін, өз сезімдерін, ойларын жеткізеді. Бұл олардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырып, біліктерін дамытады.

Енді оқу бағдарламаларында [17] белгіленген аяларға кіретін тақырыптарға көз жүгіртейік.

1-сыныпқа арналған оқу бағдарламасында әр ая бойынша төмендегідей тақырыптар алынған:

I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая:

- 1) Сәлем, менің атым – Әлібек!
- 2) Менің досым.
- 3) Аңдар.
- 4) Мен алтыдамын/жетідемін.
- 5) Робот – менің досым (бас, қол, аяқ).

II. Әлеуметтік-мәдени ая:

- 1) Менің аулам.
- 2) Үзіліс. Жүр, асханаға кеттік.
- 3) Мынау не?

III. Оқу-еңбек аясы:

- 1) Сөмкенде не бар?
- 2) Мектептің жүзу бассейні.
- 3) Кел, санайық!

2-сыныпқа арналған оқу бағдарламасында әр ая төмендегідей тақырыптарды қамтиды.

I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая:

- 1) Мен және менің отбасым.

Менің әкем мен шешем, атам мен әжем. Менің ағам/әпкем, інім/сіңілім/қарындасым.

- 2) Менің қазақ достарым.

- 3) Менің киімім. Сырт киімдер. Дене мүшелері.
- 4) Үй жануарлары: қой/қозы, сиыр/бұзау, жылқы/құлын. Менің күшігім/мысығым.
- 5) Менің сүйікті ісім.
- 6) Менің сүйікті ойыншығым.

II. Әлеуметтік- мәдени ая:

- 1) Менің демалыс күнім. Жүр, «Думанға», барамыз.
- 2) Менің көшем.
- 3) Тазалықты сақтайық.

III. Оқу-еңбек аясы:

- 1) Апта аттары.
- 2) Менің оқу-құрал жабдықтарым.
- 3) Дүкенге барамыз.

3-сыныпқа арналған оқу бағдарламасында әр ая бойынша төмендегідей тақырыптар қамтылған:

I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая:

- 1) Мен және менің отбасым. Отбасы мүшелерінің жұмыстары.
- 2) Мен бөлмеді жинаймын.
- 3) Сағат қанша?
- 4) Мен азық-түлік дүкеніне барамын.

II. Әлеуметтік-мәдени ая:

- 1) Қазақстан картасы. Кел, ойнайық.
- 2) Туған күн.
- 3) Күн суық/ыстық.
- 4) Спортзалда.

III. Оқу-еңбек аясы:

- 1) Менің сыныбым.
- 2) Менің оқу құралдарым.

4-сыныпқа арналған оқу бағдарламасында әр ая төмендегідей тақырыптарды қамтиды:

I. Әлеуметтік-тұрмыстық ая.

- 1) Мен және менің отбасым. Отбасы мүшелерінің сүйікті істері.
- 2) Үйде не істеймін ?
- 3) Менің сүйікті тағамым.

II. Әлеуметтік-мәдени ая.

- 1) Менің елім – Қазақстан.

2. Астана – таза қала.
3. Мерекелер.
4. Спорт. Менің сүйікті спортшым.
5. Зоопаркке саяхат.

III. Оқу-еңбек аясы.

1. Менің мектебім.
2. Менің күнделігім.
3. Демалыс.

Бұл лексикалық тақырыптардың әрқайсысы үш бөлімнен тұрады, яғни олар:

- 1) тілдік бөлім;
- 2) қатысымдық-сөйлесімдік бөлім;
- 3) мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі деп жіктелген.

Тілдік бөлім қазақ тілінің фонетика, лексика, грамматика салаларынан білім беріп, тілдік деректермен, заңдармен және ережелермен таныстырады. Тілді меңгеруде фонетика, лексика, грамматиканың орны ерекше, өйткені онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүмкін емес. Ол оқушылардың өзге тілде сөйлесімді дұрыс құрастыра алуына; айтылған сөзді бақылап, талап етілген грамматикалық форма мен құрылымды саналы түрде құра алуы үшін керек. Сондықтан тілдік бөлім толыққанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қарастырылады. Бірақ үйренетін тілдің ауқымындағы грамматикалық жүйе туралы ережелер, категориялар, ұғымдар туралы білімдер сол тілді меңгергендіктің көрсеткіші бола алмайды. Үйреніп отырған тілде шынайы коммуникациялық тілдесімге түскенде ғана сол тілде сөйлеу сауаттылығына қол жеткізіледі. Сол себепті қатысымдық-сөйлесімдік бөлімнің атқарар қызметі зор. Бұл бөлімде сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша меңгерілетін білік-дағдылар, әрекет түрлері айқындалған. Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімінде өтілетін тақырыпқа қатысты қазақ балалар әдебиетінің қарапайым үлгілері (санамақтар, тақпақтар, әндер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер), қазіргі балалар әдебиетінің үлгілері, мәтіндер берілген.

Жалпы, айта кетерлік мәселе – мемлекеттік тіл ретіндегі «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнын іріктеуде қатысымдық-әрекетшілдік; қатысымдық-функционалдық; тілдік білімді функционалдық тұрғыдан сұрыптау; ұлттық ерекшеліктерді ескеру; оқу әдебиеті мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі; оқушы деңгейіне сай келуі; білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен ғұндыларын қалыптастыруға бағыттау *ұстанымдары* басшылыққа алынды.

Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасының жоғарыда анықталған құрылымы мен құрамына қарай әр игерім бойынша білім мазмұнына тоқталып көрейік [17].

1-сынып: Қарапайым деңгейдің бастапқы орташа игерімі (А₁)

Тілдік бөлім

Фонетика.

Қазақ тілінің төл дыбыстарының орфоэпиясы мен орфографиясы.

Лексика.

Белсенді лексикалық минимум: 110-120 лексикалық бірлік.

Грамматика.

Зат есім сөздер. Сан есім. Жіктеу есімдігі. Көптік жалғау. Тәуелдік жалғау. Септік жалғау. Жіктік жалғау. Сұраулық есімдіктер. Сұраулық шылаулар. Бұйрық етістіктер. Етістіктің шақтары. Болымсыздық етістіктер. Бұйрық рай. Сан есім сөздер. Сын есім сөздер. Үстеу сөздер. Болымсыздық есімдіктер. Сілтеу есімдігі

Сөз, сөз тіркесі. Сөйлем. Жай сөйлем. сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Орфографиялық, пунктуациялық нормалар.

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім.

Айтылым. Диалогтік өйлесім. Қысқа диалогтік өйлеу. *Монологтік сөйлесім.* Баяндаудың қарапайым түрі. Оқиғаны, құбылысты қарапайым баяндау, сипаттау. Затты қарапайым сипаттау.

Тыңдалым. Бағдарлама көлеміндегі тақырыптар бойынша мұғалім мен сыныптастарының сөздерін түсіну.

Оқылым. Тақырыпқа байланысты қысқа мәтіндерді түсініп оқу.

Тілдесім. Қарапайым үлгілерді басшылыққа ала отырып өзіне таныс тақырыптар аясында тілдесу, ұлттық этикеттік оралымдарды қолдану.

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі.

Қазақ балалар әдебиетінің қарапайым үлгілері (санамақтар, тақпақтар, жұмбақтар).

2-сынып: Қарапайым деңгейдің бастапқы толық игерімі (А_{1.1})

Тілдік бөлім

Фонетика.

Қазақ тілінің төл дыбыстарының орфоэпиясы мен орфографиясы.

Лексика.

Белсенді лексикалық минимум: 210-230 лексикалық бірлік.

Грамматика.

Кім? Не? Зат есім сөздер. Сан есім. Жіктеу есімдігі. Көптік жалғау. Тәуелдік жалғау. Септік жалғау. Жіктік жалғау. Сұраулық есімдіктер. Сұраулық шылаулар. Бұйрық етістіктер. Тұйық етістік. Етістіктің шақтары. Болымсыздық етістіктер. Бұйрық рай. Сан есім сөздер. Сын есім сөздер. Үстеу сөздер. Модаль сөздер. Болымсыздық есімдіктер. Сілтеу есімдігі

Сөз, сөз тіркесі. Сөйлем. Жай сөйлем. сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Орфографиялық, пунктуациялық нормалар.

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім.

Айтылым. Диалогтік өйлесім. Қысқа диалогтік өйлеу. Монологтік сөйлесім. Баяндаудың қарапайым түрі. Оқиғаны, құбылысты қарапайым баяндау, сипаттау. Затты қарапайым сипаттау.

Тыңдалым. Бағдарлама көлеміндегі тақырыптар бойынша мұғалім мен сыныптастарының сөздерін, қарапайым хабарламаларды және ұнтаспа, аудио-жазбаларды тыңдағанда түсіну.

Оқылым. Тақырыпқа байланысты қысқа мәтіндерді түсініп оқу.

Тілдесім. Қарапайым үлгілерді басшылыққа ала отырып өзіне таныс тақырыптар аясында тілдесу, ұлттық этикеттік оралымдарды қолдану.

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі.

Қазақ балалар әдебиетінің қарапайым үлгілері (санамақтар, тақпақтар, жұмбақтар). Қазақ халқына тән туыстық атаулар, ұлттық тағамдар, киімдер, тұрмыстық және аспаптық бұйымдар, тұрмыс-тіршілігіне ән т этнолингвистикалық атаулар.

3-сынып: Қарапайым деңгейдің бастапқы жетік игерімі (А_{1,2})

Тілдік бөлім

Фонетика.

Қазақ тілінің төл дыбыстарының орфоэпиясы мен орфографиясы.

Лексика.

Белсенді лексикалық минимум: 210-230 лексикалық бірлік.

Грамматика.

Кім? Не? Зат есім сөздер. Сан есім. Жіктеу есімдігі. Көптік жалғау. Тәуелдік жалғау. Септік жалғау. Жіктік жалғау. Сұраулық есімдіктер. Сұраулық шылаулар. Бұйрық етістіктер. Тұйық етістік. Етістіктің шақтары. Болымсыздық етістіктер. Бұйрық рай. Сан есім сөздер. Сын есім сөздер. Үстеу сөздер. Модаль сөздер. Болымсыздық есімдіктер. Сілтеу есімдігі

Сөз, сөз тіркесі. Сөйлем. Жай сөйлем. сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Орфографиялық, пунктуациялық нормалар.

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім.

Айтылым. Диалогтік өйлесім. Қысқа диалогтік өйлеу. Монологтік сөйлесім. Баяндаудың қарапайым түрі. Оқиғаны, құбылысты қарапайым баяндау, сипаттау. Затты қарапайым сипаттау.

Тыңдалым. Бағдарлама көлеміндегі тақырыптар бойынша мұғалім мен сыныптастарының сөздерін, қарапайым хабарламаларды және ұнтаспа, аудио-жазбаларды тыңдағанда түсіну.

Оқылым. Тақырыпқа байланысты қысқа мәтіндерді түсініп оқу.

Тілдесім. Қарапайым үлгілерді басшылыққа ала отырып өзіне таныс тақырыптар аясында тілдесу, ұлттық этикеттік оралымдарды қолдану.

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі.

Қазақ балалар әдебиетінің қарапайым үлгілері (санамақтар, тақпақтар, жұмбақтар). Қазақ халқына тән туыстық атаулар, ұлттық тағамдар, киімдер,

тұрмыстық және аспаптық бұйымдар, тұрмыс-тіршілігіне ән т этнолингвистикалық атаулар.

4-сынып: Негізгі деңгейдің қалыптасу қарсаңындағы бастапқы игерімі (А₂)

Тілдік бөлім

Фонетика.

Қазақ тілінің төл дыбыстарының орфоэпиясы мен орфографиясы.

Лексика.

Белсенді лексикалық минимум: 240-280 лексикалық бірлік.

Грамматика.

Зат есім. Сан есім. Жіктеу есімдігі. Көптік жалғау. Тәуелдік жалғау. Септік жалғау. Жіктік жалғау. Есімдіктердің түрлері: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік есімдіктері. Етістіктің шақтары. Етістіктің райлары. Көсемше. Болымсыз етістіктің жұрнағы. Септеулік шылаулар. Сұраулық шылаулар. Сөз тіркесі. Сөйлем түрлері.

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім.

Айтылым. Диалогтік өйлесім Тақырып бойынша өз ойын айта алу. *Монолог.* Заттарға сипаттама беру.

Тыңдалым. Мұғалімнің, сыныптастарының және ұнтаспадан тыңдаған шағын диалогтағы ақпараттарды тыңдап түсіне алуы.

Оқылым. Оқу бөлімдарын оқып, мәтіндердегі сөздердің мағынасын ажырата алу. Оқығанын ауызша қайта мазмұндап айта алуы.

Жазылым. Шағын мәтін құрап жаза алуы. Берілген тірек өздер бойынша сөйлем құрап жаза алуы. Сұрақтарға жауап жаза алуы.

Тілдесім. Ұсынылған тақырып бойынша диалог құру. Сұрақтарға жауап қайтару. Қарапайым этикеттік орамдарды пайдаланып, пікірлесу.

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі.

Қазақ балалар әдебиетінің қарапайым үлгілері: санамақтар, тақпақтар, әндер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер (тақырып көлемінде). Қазіргі балалар әдебиетінің тақырыпқа қатысты үлгілері.

Қазақ халқына тән туыстық атаулар, ұлттық тағамдар, киімдер, тұрмыстық және аспаптық бұйымдар, тұрмыс-тіршілігіне тән этнолингвистикалық атаулар.

Кез келген тілді оқытудың нәтижелі болуы, ең алдымен, сол пән бойынша меңгерілуге тиісті білім, білік, дағдыларға қойылатын талаптарды анықтауға байланысты. Сонымен, бастауыш білім беру деңгейін, яғни 4-сыныпты аяқтаған оқушылар қарапайым және негізгі деңгей (негізгі деңгейдің алғашқы игерімі) бойынша мынадай көрсеткіштерге қол жеткізуі тиіс:

Фонетика бойынша: қазақ тілінің фонемалық және фонетикалық жүйесі туралы; тірек кестелер арқылы қазақ тіліне тән үндестік заңын қолдануды; белсенді қорға енген сөздердің екпінін дұрыс қоюды;

Лексика бойынша: бастауыш сыныпқа ұсынылған лексикалық минимумның 480-500 сөзін; лексикалық бірліктерді мағынасына қарай орынды пайдалануды;

Сөз құрамы мен сөзжасам бойынша: сөздердің түбірі мен қосымшаларын айыруды; сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғауды;

Грамматика бойынша: септік, әуелдік, жіктік, көптік жалғауларын, жұрнақтарды ауызша/жазбаша тілде қажетіне қарай пайдалануды; лексикалық минимум көлеміндегі сөздерді көптеуді, тәуелдеуді, септеуді, жіктеуді; сөздің мағынасына қарай сөз таптарын: зат есім, сын есім, сан есім мен етістікті ажырата алуды; әйлем түрлерін ажыратуды; сөйлемдегі сөздердің байланысын;

Орфография бойынша: үндестік заңына бағынатын бейтаныс сөздерді естіп отырып сауатты жазуды білуі тиіс.

Сонымен бірге оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша да айқындалады.

Айтылым бойынша:

- логикалық бірізділікпен әңгіменің сабақтастығын сақтап баяндауды;
- 8-9 сөйлем арқылы затты, құбылысты, іс-әрекетті сипаттауды;
- естіген, оқыған ақпаратты қайта баяндауды;

Тыңдалым бойынша:

- 10-12 сөйлемнен тұратын диалогтағы мұғалімнің, сыныптастарының сөзін, шағын ақпараттарды түсінуді;

- естіген ақпараттағы негізгі ойды ажыртуды, негізгі мазмұнын түсініп айтуды;

- тыңдаған материал бойынша өз көзқарасын білдіруді;

Оқылым бойынша:

- шағын мәтінді түсініп оқуды;

- 10-15 сөйлемнен құрылған мәтіндерді интонация сақтап мәнерлеп оқуды;

- іштей оқу дағдысын дамыта отырып, мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды айыруды;

- оқыған мәтін бойынша: мәтінге тақырып қоюды, қарапайым жоспар жасауды, сұраққа жауап беруді және логикалық тұрғыдағы сұрақтар құруды, өз пікірін білдіруді, бағалауды, әр азат жолдың негізгі ойын 1 сөйлеммен айтуды;

- 9-10 жолды өлеңді мәнерлеп түсініп оқуды;

- өз бетінше сөздіктен сөздердің аудармаларын табуды;

- қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздікпен жұмыс істеуді;

- көркем мәтіндердің танымдық мазмұнын түсінуді;

- контекстегі әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді танып, күнделікті өмірмен байланыстыруды, өз пікірін білдіруді;

Жазылым бойынша:

- белсенді лексикаға енген сөздерді естіп отырып сауатты жазуды;

- лексикалық бірліктерді пысықтауға арналған тапсырмаларды орындауды;

- грамматикалық дағдыларды бекітуге арналған тапсырмаларды орындауды;

- қарым-қатынас әрекетін жасауға арналған тапсырмаларды орындауды;

- өз кестесін құруды (күн тәртібі, сабақ кестесі т.б.);

- ашық хатқа құттықтау сөздер мен тілектер жазуды;

Тілдесім бойынша:

- диалог-сұрастыру жүргізуді, сөйлеу мәдениетін ескере отырып, келісетінін, келіспейтінін, қуанышын, өтінішін қарапайым түрде білдіруді;

- күнделікті өмірлік және сабақта жиі кездесетін жағдаяттарда тілдік этикет нормаларын қолдана отырып, қатысымға түсуді;

- қатысымдық тұрғыдағы диалогқа қатысуды: әңгімені бастауды, әңгімеге кірісуді, қайталап беруді өтінуді;

- таныс тақырыпқа шағын диалог құрастыруды;

- өзіне таныс өмірлік жағдаяттарда тілдесуді *меңгеруі тиіс*.

Мемлекеттік тілді меңгеруде пәннің білім мазмұнын және оқушыларда қалыптасуы тиіс білік, дағдыларды анықтаумен қатар, оқытудың ұстанымдары мен әдістерін нақтылаудың да маңызы ерекше.

Өзге тілді мектеп оқушыларына мемлекеттік тілді меңгеруде негізге алынатын дидактикалық ұстанымдар екі бағытта белгіленді.

1. Мемлекеттік тілді меңгерудің дәстүрлі ұстанымдары.

2. Мемлекеттік тілді меңгерудің арнайы ұстанымдары.

Мемлекеттік тілді меңгерудің дәстүрлі ұстанымдарына дидактика ғылымында негізін Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоччи және К.Д.Ушинский қалаған, қаншама жылдық тарихы бар жалпы дидактикалық ұстанымдар жатады.

Оқыту үдерісінде кез келген пән бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда, ең бастысы, оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыру міндеті аса маңызды. Осы орайда *оқытудың ғылымылығы* ұстанымы жетекші рөл атқарады. Бұл ұстаным бойынша оқушыларға берілетін білім мазмұнының ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестігі, оларға заттар мен құбылыстардың заңдылықтарын ұғындыру және олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты ашу ескеріледі. Бастауыш мектепте кез келген пәнді оқытуда оқушылардың қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату, қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, үйлелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделеді.

Оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыруды көздесек, оның жүйелілігі мен сабақтастығы, бірізділігі де ескерілуі міндетті. Бұл орайда дидактиканың *оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі* ұстанымы жүзеге асырылады. Аталған ұстаным оқытудың ғылымылығы ұстанымымен тығыз байланыста жүреді. Оқытудың жүйелілігі мен сабақтастығын, бірізділігін қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда ұғымдық-ақпараттық материалдардың белгілі бір жүйемен берілуін, сабақтастығын, біртіндеп тереңдетілуін және кеңейтілуін, сондай-ақ оқушылардың білімді меңгеру әрекеті белгілі бір сатымен (мысалы: ынталандыру, алғаш көру – байқау, қабылдау – түсіну, ұғым құру, есте сақтау,

қорытынды шығару немесе тұжырым жасау, т.б.) іске асырылуын ескеріп отыру керек.

Бастауыш сынып оқушыларының тілдік білік, дағдыларын қалыптастыруда басты оқ атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – *теория мен практиканың байланыста болуы* ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай -ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән -мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады.

Психологиялық зерттеулерде анықталғандай, балаларға берілетін білімнің көлемі мен мазмұны олардың өмірден жинаған тәжірибесіне, таным деңгейіне және психикалық тұрғыдан дамуына лайықталуы тиіс. Сондай -ақ олардың сұраныстары мен қабілеттері де ескерілуі керек. Өйткені бала ақпараттар ағынынан өзіне қажеттісін әрі түсініктісін ғана қабылдай алады. Сондықтан бастауыш сынып үшін оқушылардың *жас ерекшеліктерін ескеру* ұстанымы басшылыққа алыну қажет. Бұл ұстанымның мәні – бастауыш сынып оқушыларының ұғымына жеңіл, психологиялық ерекшеліктеріне сай келетін, білім деңгейлеріне лайықталған және олардың өмір тәжірибесін есепке алатын материалдардың қамтылуы.

Білім беруді оқушылардың жас ерекшеліктеріне бағдарлау ұстанымымен үндес келетін *білімнің жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай берілуі* ұстанымын да ескерудің маңызы зор. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, өріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық. Бұл оқушылардың келешекте негізгі білім беру сатысындағы негіздерін (жаратылыстану, математика, физика, химия пәндерін) меңгеруге дайындық жасауға да септігін тигізеді.

Оқытудың нәтижелілігін арттырып, оқушылардың тілдік сауаттылығын (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу, т.б.) қалыптастыруда басшылыққа алынатын негізгі ұстанымның бірі – *білімнің беріктігі* ұстанымы. Бұл ұстанымның мәні – оқушылардың меңгерген білімдерінің берік әрі тиянақты болуы. Ол жоғарыда

аталған ұстанымдардың өзара байланысын қамтамасыз еткен жағдайда ғана іске асады, яғни аталған ұстанымдардың барлығына тәуелді болып келеді. Оқушылардың алған білімі жүйелі, берік, тиянақты, терең болуы үшін мынадай мәселелер ескерілуі тиіс:

– өтілген тарауларды, тақырыптарды үнемі қайталап отыру:

а) күнделікті сабақ барысында;

ә) белгілі бір тақырыпты немесе тарауды, бөлімді аяқтаған уақытта;

б) тоқсан аяғында;

в) оқу жылының басында және соңында;

– өтілген тақырыпты практикалық жаттығулармен (ауызша, жазбаша тапсырмалар, жағунар, тәжірибелік -бақылау жұмыстары, т.б.) байланыстырып отыру;

– оқушылардың білім сапасын есепке алып отыру (тексеру және бағалау), кемшіліктерін анықтап, тиісті жұмыс жүргізу;

– өтілген оқу материалындағы өзекті мәселелерді, негізгі ережелер мен ұғымдарды есте сақтауларын қамтамасыз ету.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде мәдениеттендіру және ізгілендіру ұстанымының алар орны айрықша. Бүгінгі оқушы – оқу-тәрбие үдерісіндегі орталық тұлға, ертеңгі Қазақстан Республикасының азаматы, еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуына өз үлесін қосатын қызметкер немесе жұмысшы. Сондықтан да олардың тілдік сауаттылығын қалыптастырумен қатар, мәдени-рухани дамуына, яғни оқушылардың жалпы мәдениетін көтеруге баса көңіл бөлініп, жеке бас гигиенасынан бастап, жалпы халықтық мәдениет туралы мәліметтер беруге дейін мән берілуі керек. Сондықтан әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда ұғымдық - ақпараттық материалдармен шектелмей, әдебиет, әулет, өнер, ғылым салаларынан да белгілі бір деңгейде мағлұматтардың енгізілуін ескеру қажет.

Мемлекеттік тілді мәңгіртудің арнайы ұстанымдарына тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымы, қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы, қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы, тұтастық ұстанымы, әрекеттік ұстанымы, аутентикалық тұрғыдан оқыту ұстанымы, шығармашылық ұстанымы, т.б. жатады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту ұстанымы. Бұл ұстанымының мәні – оқушылардың өмірлік іс-әрекет тәжірибесіне жүгіну, әр оқушының өзіндік ерекшелігі мен қабілетін және даралығын мойындау (И.С.Якиманская). Бұл ұстаным бойынша барлық оқыту жүйесі оқу әрекетінің субъектісі – оқушының даралық сипатына, мотивіне, шынайы өмірлік қажеттілігіне, мүмкіндігіне, бейімділігіне, әлеуметтік-мәдени дамуына орай құрылуы тиіс.

Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы. Бұл ұстанымның негізіне И.И.Бим, Ф.Ш.Оразбаева, Е.И.Пассов, В.Л.Ляховицкий т.с.с. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Қатысымдық тұрғыдан оқыту ұстанымының мәні – қоғамда, күнделікті өмірде түрлі әлеуметтік рөлдерді атқару, кез келген өмірлік жағдаяттар мен проблемалық мәселелерді

шешу үшін коммуникацияның түрлі нысандарын, әдістерін қолдануға үйрету, қарым-қатынас жасауда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілін және шетел тілін меңгерту болып табылады. Бұл ұстаным білім беру үдерісінде басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне алынады. Себебі, тілді меңгеруде грамматизациядан арылуға бірден -бір мүмкіндік беретін жүйе тілді сөйлеу мәдениетімен, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып табылады.

Тұтастық ұстанымы. Тұтастық ұстанымының оқушылардың оқу және жазудағы сауаттылығын қалыптастыруда атқаратын ролі зор. Оқушыны оқуға және жазуға үйрету сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін біртұтастықта, өзара бірлікте қарастырғанда ғана күтілгендей нәтиже береді. Сол себепті бұл ұстаным «сөйлесім әрекетіне қатысты бірнеше жұмысты қатар қамтиды. Олар: оқу, жазу, ауызша сөйлеу, тыңдау, қайталау, жауап беру. Бұл ұстанымның ерекшелігі: бір сабақтың үстінде осы жұмыстардың барлығын жүйелі түрде қолдана отырып, олардың арасынан ең басты біреуін таңдап алу және қалған жұмыстың түрлерін осыған бағындыра білуден көрінеді. Сонда бір сабақтың өзінде ортақ (өзек) пайда болады да, қалған бағыттар сол басты орталыққа жұмыс істеу мақсатында жүргізіледі, сөйтіп, оқушының алған білім, білік, дағдыларында тұтастық, бүтіндік пайда болады».

Шығармашылық ұстанымы. Шығармашылық ұстанымы пәндік білім, білік, дағдыларды меңгеруде сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән беріледі. Белгілі бір қатысымдық міндеттерді шешу барысында оқушылардың өз тілек - емеуріндерін іске асыруға мүмкіндігі болады. Оқу үдерісінде оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда меңгертуге ден қойылады.

Әрекеттік ұстанымы. Сөйлесімдік қарым-қатынас, өз кезегінде, қарым-қатынас жасаушы адамдардың «әлеуметтік әрекеттесуі» жағдайында адамдардың өз міндеттерін шығармашылық әрекетпен шешуіне қызмет етіп, «сөйлесім әрекеті» арқылы іске асатындықтан, тілді қатысымдық тұрғыдан меңгерту әрекетшілдік сипатқа ие болады. Жұмыс барысында қазақ тілін қатысымға бағыттап оқытудың әрекеттік мәні «әрекетке негізделген тапсырмалар» арқылы іске асырылады. «Әрекетке негізделген тапсырмалар» жүйесі ойын, имитациялық (еліктеу) және еркін қарым-қатынасқа негізделіп құрастырылады және «осы жерде және дәл қазір» жағдайында жүзеге асырылады. Олар тілдік сауаттылық қалыптастыруға, тілді меңгеруге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттерінің қалыптасуы ұстанымы. Оқушылардың коммуникативтік құзіреттерін қалыптастыру бірнеше құзыреттермен сабақтастықта жүзеге асырылады. Мәселен, лингвистикалық құзырет тілді сөйлесім әрекетінің құралы ретінде пайдалануға дайын болуы арқылы

қалыптасады. Прагматикалық құзы рет қарым -қатынас жағдаятындағы коммуникативтік мазмұнды жеткізуге дайын болуды білдіреді. Когнитивтік құзырет коммуникативтік-танымдық әрекетке дайын болуды білдіреді. Ақпараттық құзырет қарым-қатынастың мазмұндық пәнін меңгеруді білдіреді. Коммуникативтік құзы рет, оның іске асуын қамтамасыз ететін өйлесім әрекетінің барлық түрлерінде – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесімде қалыптасып, тілді қажетті деңгейде меңгертуге ықпал етеді.

Аутентикалық тұрғыдан оқыту ұстанымы. Бұл жерде тек өмірден алынған оқу материалы ғана емес, табиғи қарым-қатынас тудырудың әдістемелік мақсатына орай оқу жағдаяттары маңызды саналады. Олар оқушылардың сөйлесім әрекеттерін қалыптастыруға бағытталып беріледі. Ол үшін сабақ үдерісінде «тілді шынайы қолдануға» дайындық жасалады. Жұмыс барысында қатысымға бағытталған аутентикалық оқыту сөйлесім арқылы оқушылардың өзара әрекеттесуіне арналған тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады. Олар ұжымдық немесе топтық жұмыс түрінде орындалады. Қатысымға бағытталған аутентикалық оқыту оқушылардағы «ақпараттың теңсіздігі» жағдайында құрастырылған тапсырмаларды пайдалану арқылы жүзеге асады.

Интерактивтік оқыту ұстанымы. Интерактивті (inter – өзара, akt – әрекеттесу) оқыту ұстанымы оқыту үдерісінің барлық оқушылардың тұрақты, белсенді, өзара қарым-қатынас арқылы әрекет етуін жүзеге асырады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады. Мұнда жұмыстың нәтижесінен оны шешу үдерісі маңызды саналады. Себебі интерактивті оқыту ұстанымының мақсаты – оқушылардың өздігінен жауап іздеуге бейімделуі. Қазақ тілін орыс тілді оқушыларға меңгертуде қатысымдық-әрекеттік бағыт әдіснамалық тұжырым ретінде ұсынылатындықтан, интерактивті оқыту ұстанымы ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің барлық деңгейінде көрініс тауып отырады. Себебі жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойын тапсырмалары, ұқсастық тапсырмалар, құзы реттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалардың барлығы интерактивті түрде орындалады. Бастауыш мектепте білім үлгісі жетілдіруде, оқу -тәрбие үдерісін ұйымдастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысының да қызметі ерекше. Себебі, ұл ұстанымдардың негізінде анықталған білім мазмұны оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік, сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алады және, ең бастысы, олардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуына жағдай жасайды.

Сонымен, мемлекетте үлгізіліп отырған тіл саясатының бір бағыты ретінде атап айтқанда бадаларламаны жүзеге асыруда жалпы орта білім беретін мектептердегі қазақ тілі пәнін оқыту тенденцияларының алатын орны ерекше екенін байқап отырмыз.

Жалпы білім беретін мектептердегі бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Оқушының білім, білік, дағдылары орта мектеп жүйесінде тілді деңгейлік меңгерту ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, жіктелді. Атап айтқанда:

- 1) 5-7- сыныптардағы Негізгі деңгей-А2.1.2 үш игерімді қамтиды:
 - қалыптасу қарсаңындағы орташа игерім А 2.1 – 5-сынып;
 - қалыптасу қарсаңындағы толық игерім А2.1.1 – 6-сынып;
 - қалыптасқан бастапқы игерім А2.1.2 – 7-сынып.
- 2) 8-9-сыныптардағы Орта деңгей-А 2.+ екі игерімді қамтиды:
 - қалыптасқан орташа игерім А 2.2 – 8-сынып;
 - қалыптасқан толық игерім А 2.+ – 9-сынып;
- 3) 10-11-сыныптардағы Ортадан жоғары деңгей-В₁ екі игерімді қамтиды:
 - тереңдетіле қалыптасқан орташа игерім В_{1.1} – 10-сынып;
 - тереңдетіле қалыптасқан толық игерім В_{1.2} В_{1.2} – 11-сынып.

Білім берудің барлық деңгейлерінде «Қазақ тілі» пәнінің мазмұндық желісі үш аяға бөлініп ұсынылған: әлеуметтік-тұрмыстық ая; әлеуметтік-мәдени ая; оқу-еңбек аясы. Әр сыныптың базалық білім мазмұнын төмендегі 10-18 кестелерден көруге болады[17].

10-кесте - 5-сыныптағы базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 32/18 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая –36 /26 сағат	Оқу-еңбек аясы–34/22 сағат
«Біз үйде бір -бірімізге көмектесеміз» –12/8 сағат «Досыма e-mail жіберемін» – 10/6 сағат «Ас әлді болсын! Таңғы, түскі, кешкі ас» –10/6 сағат	«Менің елім – Қазақстан» – 12/9 сағат «Біз мектепте жиі жыл тойлаймыз» –12/8 сағат: «Спортпен айналысамыз» – 12/9 сағат	«Менің мектебім. Мектеп ғимараты» –12/8 сағат «Демалысты (каникулды) асыға күтеміз» –10/6 сағат «Қазақ тілі сабағында біз не үйренеміз?» –12 /8 сағат

11-кесте - 6-сыныптағы базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая — 36 /24 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая –36 /24 сағат	Оқу-еңбек аясы–30/20 сағат
«Менің отбасым», «Менің анам – ең сұлу адам» –10 /6 сағат «Менің достарым (олардың мінезі, жақсы қасиеттері)» – 8/6 сағат «Менің елімнің ақшасы» –8/6 сағат «Ел ұр туған күнге сыйлық таңдайды» – 10 /6 сағат	«Астанамен танысу. Астананы көрікті жерлері» –12/ 8 сағат «Көлік түрлері. Мен мектепке немен барамын?» – 8/5 сағат: «Табиғатты қорғайық» – 8/5 «Менің сүйікті кейіпкерім» –10 /6 сағат	«Мен мектептемін. Мектепте не істеймін?» – 10/7 сағат «Менің сүйікті заттарым» – 10/7 сағат: «Мектептегі үйірмелер» – 10 /6 сағат

12-кесте - 7-сыныптағы базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая — 40 /28 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая – 38/26 сағат	Оқу-еңбек аясы – 24 /14 сағат
«Біз, бәріміз, мемлекеттік тілде сөйлейміз»– 10/8 сағат «Кітап – бағалы сыйлық»– 8/6 сағат «Жазғы демалыста не істейсің?»– 8/5 сағат «Ас – адамны ң арқауы» 8/5 сағат. «Маған спорт киімі керек»– 6/4 сағ.	«Мен әуен тыңдаймын» – 10 /8 сағат «Мені ң әуес ісім»– 8 /6 сағат. «Спорт. Қазақстанның белгілі спортшылары»– 10/6 сағат. «Денсаулы қ зор байлы қ»– 10/6 сағат	«Интернет. Интернет маған не үшін керек?» – 10/6 сағат «Интернеттен қазақша ақпарат іздеймін?» – 14 /8 сағат

13-кесте - 8-сыныптағы базалық білім мазмұны

Әлеуметтік- тұрмыстық ая – 32 /24 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая – 46 /30 сағат	Оқу-еңбек аясы – 24 /14 сағат
«Отбасы сыйласты» – 12 /10 сағат: «Мен ата-анама көмектесемін»– 10/7 сағат «Асханада тамақ ішемін» –10/7 сағат	«Қазақстан қалаларын аралағым келеді» – 16 /10 сағат «Қазақстан балалар жазушылары» – 16/10 сағат «Шарын» шақалына бардың ба?» – 14/10 сағат	«Уақытты жоспарлап үйренейік» – 12/7 сағат «@-поштада қазақша сөйлесейік» – 12 /7 сағат

14-кесте - 9-сыныптағы базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 32 /22 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая – 48/32 сағат	Оқу-еңбек аясы – 22 /14 сағат
«Біз тату ұрамыз» – 16 /11 сағат «Қазақ отбасында тұрғым келеді» – 16 /11 сағат	«Сурет галереясына барамыз» – 16 /11 сағат «Мұражайға саяхат» – 16/11сағат «Мен ұнататын теле/радио хабар» – 16/10 сағат	«Біздің елде орта мектепте білім Қандай емтихандар тапсырамын?» – 11 /7 сағат «Менің арман мектебім» – 11/7 сағат

15-кесте - 10-сыныптағы (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 27 /16 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая – 47 /34 сағат	Оқу-еңбек аясы – 28 /18 сағат
«Отбасы бюджетін жоспарлау»- 9/6 сағат «Біз қонақ күтеміз (дәстүрлі тамақ, қонақ күту, шығарып салу, сыйлық)»9/5 сағат «Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы»– 9/5 сағат	Қазақстанның белгілі ғалымдары 14/10 сағат Қазақстан мемлекеті, оны ң құрылымы 10/8 сағат «Сені ң есімің қандай мағына білдіреді?» –9/6 сағат «Мен о қитын газетжурналдар (балалар	«Мен қ маманды таңдаймын» – 14 /9 сағат «Мен болашақта қандай жұмыс істеймін?» – 14/9 сағат

16-кесте - 11-сыныптағы (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая - 32 / 22 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая – 30 / 20 сағат	Оқу-еңбек аясы – 40 / 26 сағат
«Саяхатқа шығайық», «Әуежайда», «Теміржол бекетінде» – 12/10 сағат «Қонақ үйде» – 10 /6 сағат «Сен қайда тұрғанды ұнатасың? (қалада ма, ауылда ма?)» – 10/6 сағат	«Жастар киімі», «Мектеп формасы», «Сән» – 12 /8 сағат «Егер мен Қазақстан Парламентіне депутат болсам» – 10 /6 сағат. «Театрға саяхат» – 8 /6 сағат	«Пошта қызметін қолданамыз» – 10/6 сағат «Қалта телефоны» – 8 /6 сағат «Компьютер: пайдасы мен зияны» – 10/6 сағат «Мен өз елімде жан-жақты білім ала аламын» – 12/8 сағат

17-кесте - 10-сыныптағы (жаратылыстану-математика бағыт) базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая – 18 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая – 24 сағат	Оқу-еңбек аясы – 26 сағат
жаратылыстану ғылымының салалары - 5 сағат «Менің әкем инженер» (отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы, қонақ күту) – 8 сағат «Қаржыны дұрыс жоспарлау» – 5 сағат	«Техника ғылымы саласындағы белгілі тұлғалар» – 6 сағат «Қазақстан мемлекеті, оның құрылымы» – 6 сағат «Табиғат-жаратылыстану құбылыстарына қатысты адам есімдері» – 6 сағат «Технология жаңалықтары» – 6 сағат	«Мен мамандық таңдаймын» – 8 сағат «Мен болашақта қандай жұмыс істеймін?» – 8 сағат «Алаш ғалымдарының еңбектерімен танысайық: Ш.Уәлиханов, Ж.Күдерин, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев» – 10 сағат

18-кесте - 11-сыныптағы (жаратылыстану-математикалық бағыт) базалық білім мазмұны

Әлеуметтік-тұрмыстық ая - 18 сағат	Әлеуметтік-мәдени ая – 24 сағат	Оқу-еңбек аясы – 26 сағат
«Саяхатқа шығайық», «Әуежайда», «Теміржол бекетінде», Қонақ үйде» – 10 сағат «Қазақстанның жер аймағын аралаймыз» – 8 сағат	«Ғарыш айлағында», «Қазақ ғарышкерлері: Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев» – 8 сағат «Егер мен Қазақстан Парламентіне депутат болсам» – 8 сағат Сән үлгілері – 8 сағат	«Әлемдегі өнертапқыштар», «Қалта телефоны», «Компьютер: айдасы мен зияны» – 10 сағат «Ғылым әлемінде», «Тәуелсіз Қазақстан ғалымдары» – 6 сағат «Мен өз елімде жан-жақты білім ала аламын» – 10 сағат

5-7 - сыныптарда сөйлеу (диалог және монолог) дағдыларын дамыту үшін репродуктивті және репродуктивті-продуктивтік жаттығулар қолданылады : диалогтік өйлемдерге диалог -үлгілерін, қақпасөз қойылымдарын, берілген қақпасөздерден диалог құрастыру арқылы оны көрсетуге болады. Шығармашылық жаттығулар берілуі мүмкін. Монологтік сөйлесу дағдыларын дамыту қажетті сөздер, жоспар, логикалық сызбалар, ассоциативті т.б. арқылы репродуктивті және репродуктивті-продуктивтік деңгейде жүзеге асырылады. Қажетті материалды жақсы меңгерту үшін жаттығуларды ең алдымен жазбаша, кейін ауызша орындатуға болады.

Оқушылардың қазақ тілін бұл деңгейде білуі репродуктивті және репродуктивті-продуктивтік жазбаша тапсырмаларды, таныс тілдік материалда жазылған, әр түрлі жанрлы мәтіннің негізгі мазмұнын естігенде түсіне білуге мүмкіндік жасауға тиіс.

8-9-сыныптарда (А2 деңгейі) коммуникативтік -мәдениетаралық құзырет барлық құрылымында: грамматикалық және лексикалық минимумдардың (сөздердің) қосылуы, тілдік және сөйлесімдік дағдылардың бекітілуі, дискурсивтік, әлеуметтік мәдени білімдерінің дамуы басталады. Қытудың бұл деңгейінде үлгіге қарамай, өмірлік тәжірибесіне және алған білімдеріне сүйене отырып байланысқан сөйлемдерді құрастыруға дағдылану қажет.

Қазақ тілін оқыту барысында А1 деңгейінде сөздер аз беріледі. Мұғалім лексикалық минимумның шегінен асып кетуге болмайтынын ұмытпағаны жөн. Тілдік аспекті ретінде лексиканы меңгертуде грамматикамен тығыз байланыста жұмыс жасауы қажет.

Жоғары сыныптарда қазақ тіліндегі актив және пассив лексикалық минимумды ажыратқан жөн. Актив лексикалық қордағы сөздер арқылы оқушы өз ойын анық, дәл жеткізе білсе, пассив сөздерді қазақ тіліндегі мәтіндерді оқығанда, тыңдалым кезінде түсінгені дұрыс.

А2 деңгейінен бастап сөздік қордың көлемі кеңейе түседі, бұл әсіресе 9, 10, 11-сынып оқушылары үшін маңызы зор. Осыған байланысты оқушылар лексикалық қателіктерге бой алдырып жатады: сөздердің аралас мағыналары, сөз тіркесін дұрыс құрамау, синонимдік қатарды дұрыс таңдамау т.б. Қарапайым лексикамен қатар әдеби лексикадағы сөздер кездесе бастайды. Мұғалім оқушыларға сөйлемдерде қолданылған кейбір сөздердің бірнеше мағынасы болатынын, тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіре отырып, бұл сөздерді дұрыс қолдана білуге үйретуі қажет. Сонымен қатар, лексикалық бірліктерді грамматикалық мақсаттарға сәйкес таңдай білу керек.

Пәндік нәтижелер бойынша әр сыныптың соңында оқушылар:

5- сыныпта 600-620 лексикалық минимумды;

6- сыныпта 720-740 лексикалық минимумды;

7- сыныпта 860-880 лексикалық минимумды;

8- сыныпта 990-1020 лексикалық минимумды;

9- сыныпта 1140- 1180 лексикалық минимумды;

10-11 сыныпта 1 300 лексикалық бірліктің мағынасын білуі тиіс;

Сондай-ақ, 5- сынып оқушылары сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

тыңдалым: жеке өз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді; өзі және өз отбасы туралы, мектеп өмірі туралы, мекен жайы туралы, ауы жайлы айтылған сөздерді; жай сөйлем түрінде қысқаша айтылған сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіну дағдыларын;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну; өзіне таныс тақырыптар бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқу; тақырып көлеміндегі мәтіндерден өзіне қажетті сөзді оқып түсіну; мәтіннен тірек өздерді табу, ұқсас заттарды салыстыра сипаттау; қазақ тіліндегі өлеңдерді жаттау дағдыларын;

айтылым: қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, өз отбасы және басқа адамдар туралы, өздерінің өмірі, оқуы, мектебі жайлы айта алу; өз ойын қысқа сөйлемдер арқылы білдіру дағдыларын;

жазылым: тақырыптар көлемінде қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу; мәтіні оңай хат жазу; біреуге жазбаша аялыс білдіру; тақырып аясында түрлі мәліметтер жазу дағдыларын;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда өзіне таныс тақырыптар бойынша қысқаша сөйлесе алу; күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқаша сөйлемдер арқылы қолдай алу; еркін сөйлесу үшін қарапайым сөздер мен тіркестерін түсіну, диалог пен полилогке қатыса алу дағдыларын меңгеруі тиіс.

6- сынып оқушылары сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

тыңдалым: жеке өз тіркестерін және сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді, жеке басына байланысты айтылған мәліметтерді, сұрақтарды түсіну (жасы, туған жері, тұратын жері, қызығушылығы, оқуы, сүйікті нәрселері); ұнтаспадан тыңдаған қысқа хабарлардың дұрыс, бұрыстығын түсіну; өзінің достары, тұрған жерінің табиғаты және өз отбасы туралы, мектепөмірі, сүйікті кейіпкерлері жайлы айтылған сөздерді түсіну; қысқаша айтылған хабарландырудағы ақпараттарды түсіну дағдыларын;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну; өзіне таныс тақырыптар бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқи алу; түрлі жанрдағы мәтіндерді дауыс ырғағын, фонетикалық және орфоэпиялық ережелерді сақтай отырып, мәнерлеп және жүргізіп оқу; тақырып көлеміндегі мәтіндерден өзіне қажетті сөзді оқып түсіну; мәтіннің тақырыбы, берілген қосымша суреттер бойынша мәтіннің негізгі мазмұнын болжай немесе анықтай алу дағдыларын;

айтылым: қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, өз отбасы және басқа адамдар туралы, олардың өмірі, оқуы, мектебі жайлы айта алу; жеке басы, отбасы, досы, жақсы көретін ісі, кейіпкері және мектептегі үйірмелері, Астана, өзі тұратын жердің табиғаты т.б. туралы әңгімелей білу; оқыған мәтін бойынша хабарлама жасау, өз ойын жеткізу дағдыларын;

жазылым: қысқаша сөйлемдер мен хабарландырулар жазу; мәтіні оңай хат жазу; біреуге жазбаша аялыс білдіру; түрлі мәлімет жеткізе алу; оқыған мәліметтерді жазу; жеке басы, отбасы, досы, жақсы көретін спортшысы, әншісі

т.б. туралы мәліметтерді қосып хат жазу; тірек сұрақтарға сүйене отырып, берілген тақырыпта шағын шығарма жазу дағдыларын;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда өзіне таныс тақырыптар бойынша қысқаша сөйлесе алу; күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқаша сөйлемдер арқылы қолдай алу; еркін сөйлесу үшін қарапайым сөздер мен тіркестерін үсіну; әңгімені бастау, жалғастыру және аяқтау; амандасу, қоштасу, танысу сияқты жағдаяттарда диалог құрау, полилогке қатысу дағдыларын меңгеруі тиіс.

7- сынып оқушылары сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

тыңдалым: сөйлесу кезінде өзіне қатысты жиі қолданылған сөздерді, жеке басына байланысты айтылған мәліметтерді, сұрақтарды түсіну; отбасы мүшелерінің сөйлеу тілі, киім, өзінің сүйікті ісі, мектептегі үйірмелер, Интернет, т.б. туралы таспадан тыңдаған қысқа хабарлардың дұрыс, бұрыстығын түсіну; қазақ тілін үйренуге, денсаулықты сақтауға қатысты айтылған сөздерді түсіну; қысқаша айтылған жарнамалар мен хабарландырудағы ақпараттарды түсіну дағдыларын;

оқылым: қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсіну; өзіне таныс тақырыптар бойынша күнделікті қолданылатын сөйлемдерді тауып оқи алу; мәтінді оқу түрлерін (мәтінді шолып оқу, таныса оқу, ізденіп оқу, зерттей оқу); мәтіннен өзіне қажет мәліметтерді іріктей алу; тақырып көлеміндегі мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты оқып түсіне білу; мәтіннің тақырыбы мен берілген қосымша суреттер бойынша мәтіннің негізгі мазмұнын анықтай алу дағдыларын;

айтылым: қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, өз отбасы және басқа адамдар туралы, олардың өмірі, оқуы, мектебі жайлы айта алу; өзінің қазақ тілін үйренуі, денсаулығына қатысты ой айту; белсенді лексикалық қорды пайдаланып сурет, сызба, кесте, карта бойынша шағын мәтін құрастыру; балаларға арналған компьютерлік ойындар, Интернет туралы хабарлама жасау; мектептегі үйірмелердің жұмысы, Астананың сипаты, т.б. туралы әңгімелеу; оқыған мәтін бойынша өз ойын жеткізе білу дағдыларын;

жазылым: сурет, сызба, кесте, карта бойынша ~~ның~~ мәтін құрастырып жаза алу; жеке басы, отбасы туралы мәліметті қажет ететін іс қағаздарын толтыра білу; жоспарланған іс -шара туралы хабарландыру жазу, оларды сипаттап жаза алу; біреуге жазбаша үрлі мәліметтерді жеткізе алу; оқыған мәліметтерді жазу; өзіне ұнайтын мәселелер туралы мәліметтерді қосып, хат жазу; тірек сұрақтарға сүйене отырып, берілген тақырыпта шағын шығарма жаза алу дағдыларын;

тілдесім: қарапайым жағдаяттарда өзіне таныс тақырыптар бойынша қысқаша сөйлесе білу; күнделікті тұрмыста қолданылатын сұхбаттарды қысқаша сөйлемдер арқылы қолдай алу; әңгімені бастау, жалғастыру және аяқтау жолдарын ажырата алу; диалог түрлерінің құрылу жолдарын тауып (мысалы, сұрақ -жауаптан ұратын диалог, іс -әрекетке итермелейтін диалог, жаңа хабарды білуге бағытталған диалог т.б.), өз мақсатына қарай орынды

пайдалану; жағдаятқа сай келісім білдіру, алғыс айту, кешірім сұрау, өтініш жасау дағдыларын меңгеруі тиіс.

8- сынып оқушылары сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

тыңдалым: нақты айтылған ойды, әдеби нормаға сай сөйлемдерді түсіну; мектепке, жазы демалысқа, тамақтануға, Қазақстанның қалалары мен табиғатына, т.б. қатысты тақырыптар бойынша берілген ақпараттарды түсіну және қолдана алу; өйлеушілердің анық және асықпай айтқан ойларын, пікірлерін толық түсіне алу дағдыларын;

оқылым: күнделікті және өзінің жеке өмірі мен мектеп, қоғам өміріне байланысты мәтіндерді дұрыс оқып түсіну; отбасындағы сыйластыққа, жазушылардың шығармашылығына, Қазақстанның тарихы мен бүгінгіне қатысты, электрондық байланыстар жүйесін пайдалануға байланысты мәтіндерді оқып түсіну; мәтіндерден тура, ауыспалы мағыналы сөздерді, мақал-мәтелдерді таба алу, оларды қарапайым жағдаяттарда өз сөздерінде орынды қолдану; болған жағдайға байланысты, сезімге әсер ететін сөздер мен сөйлемдердің мағынасын ұғына алу;

айтылым: өз ойын жеткізу барысында үлгі оқиғалар, өз арман -үміті, жоспарлары жайлы айта алу; демалыста тамақтануға, отбасындағы сыйластыққа, е-пошта қызметі мен пайдалануға қатысты өз көзқарасы мен ұсыныстары туралы пікір білдіре алу дағдыларын;

жазылым: өзара байланысты әрі өзіне қызықты, қажетті мағлұматтарды қамтитын қысқа мәтіндерді жаза алу; берілген мәтінді түріне қарай ажырата алу; тілдік қатынаста өз ойын басқаға жеткізе білу; өзінің жеке басына қатысты хат жаза алу ұсынылған тақырып көлеміндегі мәселелер бойынша өз ойын қысқаша жазбаша білдіру дағдыларын;

тілдесім: әртүрлі жағдаяттарға байланысты сөйлесе алу; күнделікті қарым-қатынаста диалог, монологті берілген тақырып аясында өз бетінше құра алу; тосын сұхбаттарға (отбасы, хобби, жұмыс, саяхат т.б.) қатыса алу; сөйлесім әрекетінде сөйлеу мәдениетінің нормаларын сақтап қолдану, диалог пен полилогке қатыса алу дағдыларын меңгеруі тиіс.

9- сынып оқушылары сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

тыңдалым: нақты айтылған ойды, әдеби нормаға сай сөйлемдерді түсіне алу; отбасы тәрбиесіне, Қазақстан суретшілеріне, мұражайлар мен сурет галереяларына қатысты айтылған ақпараттарды түсіну және қолдана алу; сөйлеушілердің ойын толық түсіне алу дағдыларын;

оқылым: күнделікті және өзінің жеке өмірі мен отбасы тәрбиесіне, Қазақстандағы мәдени орындарға, радио, теледидар хабарларына байланысты мәтіндерді оқып, түсіну; мәтіндерден тура, ауыспалы мағыналы сөздерді, мақал-мәтелдерді таба алу, оларды қажетіне қарай өзінің сөйлеу тілінде орынды қолдану; адамның көңіл-күйіне қатысты және сезімге әсер ететін сөздер мен сөйлемдердің мағынасын ұғына алу дағдыларын;

айтылым: өз ойын жеткізу барысында үлгі оқиғалар, өз арман -үміті, жоспарлары жайлы айта алу; демалыста тамақтануға, отбасындағы

сыйластыққа, е-пошта қызметін пайдалануға қатысты өз көзқарасы мен ұсыныстары туралы пікір білдіре алу дағдыларын;

жазылым: өзара байланысты өзіне қызықты әрі қажетті мағлұматтарды қамтитын қысқа мәтіндерді жаза алу; берілген мәтінді түріне қарай ажыратып, негізгі ойды тілдік қатынаста басқаға жеткізу; өзінің жеке басына қатысты хат жаза білу ұсынылған тақырып көлеміндегі мәселелер бойынша өз ойын қысқаша жазбаша білдіре алу; мәтіндегі тілдік көркем-бейнелеуіш құралдарды таба алу, оларды өзара салыстыру, өзінің жазған мәтінде қолдана алу дағдыларын;

тілдесім: әртүрлі жағдаяттарға байланысты сұхбаттаса алу; күнделікті қарым-қатынаста диалог, монологті берілген тақырыпқа сай етіп құрау; тосын сұхбаттарға (отбасы, хобби, жұмыс, саяхат, т.б.) қатыса алу; сөйлесім әрекетінде сөз мәдениетінің нормаларын сақтап қолдану; тілдік жағдаяттарға тән этикеттік орамдарды орынды пайдалана алу; таныс жағдайларға байланысты нақты берілген конструкцияларды пайдаланып, ой бөлісе алу; пікірталастарда өз ойын түсінікті жеткізе алу дағдыларын меңгеруі тиіс [17,79-101б.].

10- сынып оқушылары сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

тыңдалым: нақты, анық айтылған ақпараттардың мазмұнын түсіну; радио, телехабарларда берілетін жаңалықтарды түсіну; аудиоматериалдағы айтылған ойды анықтау дағдыларын;

оқылым: әртүрлі тақырыптарда ұсынылған мәтіндерді оқып түсіну; оқылған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, баяндау; мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді, мағыналық бөліктерге жіктей алу; ғылыми-көпшілік, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптардағы материалдарды оқып талдау, ой қорыту дағдыларын меңгеруі тиіс;

айтылым: өзінің сезімдерін, өзқарасын, ой-пікірін, армандарын жеткізе алу; түрлі жағдаятқа сәйкес көзқарасын білдіру; затты, құбылысты суреттеп, сипаттап айта алу дағдыларын;

жазылым: өзінің алған әсері туралы қысқа, шағын әңгіме жазу; пунктуация ережелерін сақтау; ұсынылған мәтіндер бойынша жоспар түзу, тезис жазу дағдыларын меңгеруі тиіс;

тілдесім: әртүрлі жағдаятта диалогтік, полилогтік сұхбаттарға қатысу; таныс жағдаяттарда сұхбатқа өздігінен араласу; үнтаспада жазылған сұрақтарды тыңдап түсіну, сол туралы өз көзқарасын білдіру; оқыған мәтін бойынша өз пікірін айту дағдыларын меңгеруі тиіс.

11- сынып оқушылары сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша:

тыңдалым: аудиотаспадан тыңдалған диалог пен полилогті түсініп, онда айтылған сөз мазмұнын жеткізе білу; тақырып бойынша тыңдалған пікірге, ойға баға беру; радио, телеарналарда берілетін хабарлардың мазмұнын түсіну; аудиоматериалдағы айтылған ойды анықтау дағдыларын меңгеруі тиіс;

оқылым: мемлекеттік тілде жазылған құжаттарды оқып түсіну; мәтіннен өзіне

керекті мәліметті бөліп ала білу; оқудың нақты мақсатына сай әртүрлі стильдегі мәтіндерден негізгі ойды ажырата алу дағдыларын меңгеруі тиіс;

айтылым: оқыған әңгіменің мазмұны, тақырыбы туралы айтып беру; өз бетінше газет-журнал материалдарына шолу жасап, негізгі ойды анықтай алу; интернет желісінен қажетті ақпаратты тауып, оны өз сөзімен баяндай алу дағдыларын меңгеруі тиіс;

жазылым: жеке адамға қатысты құжаттарды сауатты толтыру; ұсынылған тақырып бойынша шығармашылық сипатта мәтін құрай алу; реферат жұмысында дәйексөздерді кіріктіру және әдебиеттерді рәсімдеу дағдыларын меңгеруі тиіс;

тілдесім: ұсынылған тақырып бойынша полилогқа қатысу; диалогтің түрлеріне сай пікірлесе алу; ұнтаспадағы диалогті тыңдап, өз сөзімен айтып беру; нақты тақырыпта сұхбат құрастыра алу; әңгімені жалғастыру, пікір таластыру дағдыларын меңгеруі тиіс [17, 3-29].

Міне, әр сабақта осындай сөйлеу әрекеттерінің түрлерін қолдану арқылы қазақ тілін жүйелі оқытуға жол аша отырып, бағдарламада көрсетілген мақсат, міндеттерді жүзеге асырамыз. Бұл – өсіп келе жатқан балалар мен жастардың үйлесімділікпен дамуы, елдік рухты көкірегіне түйіп, ұлттық дүниетанымды терең меңгеруі үшін де, елдік санада тәрбиеленуі үшін де ауадай қажет. Тілді оқытуда, әсіресе, жеке тұлғаның қалыптасуына ерекше мән бере отырып, тіл арқылы ұлтжанды азамат тәрбиелеу басты назарда болуы тиіс. Яғни, тіл – тұлға – мәдениет қағидасы негізінде баланың үйлесімді дамуына қатысты қажеттіліктерді тіл арқылы беру, үйрету - басты мәселе болып саналуы тиіс [19].

4 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді меңгерудің тиімді жолдары

Қазіргі кезеңде ғылымның, техниканың, ақпараттық және инновациялық технологиялардың аса қарқынды дамуы барысында адамның білім алуымен қатар, оның білігін, дағдысын **ә**жә кұзыреттерін жоғары деңгейде қалыптастыру, соның негізінде әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар дайындау елдегі білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады.

«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мақсатында 2011 -2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы нда[3] елде қоғамдық -экономикалық барлық салаларда мемлекеттік тілді кең көлемде қолдануға тиісті жағдайлар жасаудың өзекті проблемаларын шешудің нормативтік құқықтық негізі ретінде қарастырылады.

Бұл бағдарламада қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту мәселелері де қарастырылған.

Жаңа жүйе бойынша құрастырылған оқыту бағдарламасында мемлекеттік тілді оқытуға арналған әр модуль лексикалық және грамматикалық тақырыптарды қамтиды. Тақырыпқа сәйкес мәтіндер мен жаттығу жұмыстары, диалогтар беріледі. Оқу барысында әр деңгейдің тыңдаушыларынан аралық тесті алынады. Сол қарғы үйренушілердің материалды қалай меңгеріп жатқандығы анықталады.

Бастауыш деңгейде тыңдаушылар 1000-1500 өзді жұмыс барысында мамандықтарына сәйкес қолдана алатын деңгейге жетеді, қазақ тілін сөйлеу құралы ретінде және жазбаша түрде меңгеретін дәрежеге жетуі көзделеді. Мамандыққа қатысты кәсіби тілде сөйлей алатын болады.

Жалғастырушы деңгей күнделікті қоғамдық-әлеуметтік және тұрмыс-тіршілік қатынаста қолдануға қажет білім, білік дағдыны меңгеруге бағытталған. Іс қағаздарын қазақша жүргізудің үлгілері мен өз салаларына қатысты терминдік сөздерді игеру көзделеді. Жалғастырушы деңгейде тыңдаушылар меңгеруге тиісті салалық бағыттағы 1500-2500 терминдік сөздерді меңгеріп шығады.

Тереңдетілген деңгей тыңдаушылар мамандықтарына сай мемлекеттік терминология комиссиясында бекітілген терминдерді, ресми құжаттар тілінде қолданылатын тұрақты сөз орамдарын дұрыс қолдана білетін болады. Тыңдаушылар курсты аяқтаған кезде іс қағаздарын толық меңгеріп, өздері сол іс қағаз үлгілерін сауатты толтыра алатындай дәрежеде болады.

Еуропада қабылданған осы «шет тілін білудің жалпыеуропалық кұзыреттері: оқып-үйрену, оқыту, бағалау» (Common European Framework of

Reference или CEF) тілдерді оқып-үйренудің әр деңгейіне қойылатын нақты стандартты анықтаудың, сонымен қатар халықаралық жүйе бойынша оқыту нәтижесін бағалаудың практикалық инструменті болып табылады.

«Құзыреттер» 1989 жылдан 1996 жылдар аралығына Еуропа Кеңесі дайындаған «еуропалық азаматтың тілді оқып-үйрену» жобасының бір бөлігі ретінде жасалған. Бұл құжат аттестаттау жүйесінің бес дағдысын қамтиды: оқу, жазу, дауыстап оқу, ауызша диалог және ауызша презентация (монологтік сөйлеу). Осы шкала бойынша тілді білудің алты деңгейі белгіленген.

Ел экономикасының әр салалары бойынша қазақ тілін оқыту деп оны әр салаға бейімдеп оқытуды, сол салада қолданылатын терминдерді ұтымды пайдаланып ауызша сөйлеуге жаттықтыруды, сол саладағы құжаттарын, нормативтік құқықтық актілерін, құжаттарды қазақ тілінде толтыруға жаттықтыруды айтамыз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды қызмет етуінің негізгі шарттарының бірі ретінде оның қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын және іс қағаздарының, әсіресе кәсіптік салалар бойынша, қазақша жүргізілуін айтуға болады.

Мемлекеттік тіл орта, арнаулы орта, қазіргі оқу орындарында негізгі пәндердің бірі ретінде ұзақ жылдардан бері оқытылып келе жатыр. Бұл бағытта жеткен жетістіктер мен кеткен кемшіліктер де аз емес.

Дегенмен басқа ұлт; ұлыс өкілдерінің мемлекеттік тілді нашар меңгеруінің негізгі себептерінің бірі - мемлекеттік тілді оқуға деген уәждеменің төмен болуы.

Уәждеме кез келген тілді, оның ішінде қазақ тілін оқытуда тұтас оқыту процесінің сәттілігіне ықпал ететін және соңғы нәтижені анықтайтын негізгі фактор болып табылады, оның екі түрі бар: ішкі және сыртқы [20].

Сыртқы уәждеме сыртқы факторлардың, басқа адамдардың немесе белгілі бір оқиғалардың әсерінен болады. Оған мысал ретінде оқытушының қатаң талабын, студентке берілген тапсырманы орындауға мәжбүрлеуін немесе керісінше берілген тапсырманы орындау студентке жоғары балл алуға қосымша мүмкіндіктер беруін жатқызуға болады. Өкінішке орай, уәждеменің бұл түрі тапсырма орындауға мәжбүрлеген тиісті фактордың босануына немесе аяқталуына байланысты тез тоқтайды.

Ішкі уәждемесі – бұл адамда өзінің ойы, ақылы, ынтасы, қажеттілігі, эмоционалдық әсеріленуі арқылы пайда болатын уәждеме. Онда белгілі бір әрекетті аяқтауға (мысалы сабақ оқу) және нақты нәтижелерге қол жеткізуге деген ішкі саналық қажеттілік туындайды. Бұл уәждемені көңіл-күйді көтеретін жағымды жаймен өрнектеледі, алайда оны (уәждемені) табу өте қиын, ал оны ұзақ уақыт бойы ұстап тұру одан да қиын.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларының мемлекеттік тілге көшуі, қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретінде маңызының күннен-күнге арта түсуі мемлекеттік тілді оқытудың сыртқы және ішкі уәждемелерін қалыптастыруда. Мемлекеттік тіл қоғамымыздағы әлеуметтік - экономикалық фактор ретінде де,

жалпымәдени-құқықтық фактор ретінде де негізгі факторларды біріне айналып келеді.

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» қазақ тілін оқыту уәждемесі ретінде білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді үйрену мүддерісін ынталандыру жүйесін құруды және оны шешудің мынадай жолдары ұсынылды:

- білім берудің барлық сатыларында мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалау және бақылау жүйесін енгізу;

- мемлекеттік тілді мектептен тыс оқыту жүйесін құру (жазғы тіл үйрену лагерьлері, балалар босқытын өткізетін мекемелердің жанындағы тіл үйірмелері т.б.).

Студенттердің мемлекеттік тілді оқуға деген ішкі уәждемесін, яғни, білімгерлердің мемлекеттік тілді оқуға деген жеке қызығушылығы мен қажеттілігін туғызатын жағдайлар жасау қажет. Мұндай қажеттіліктер ішкі уәждеменің коммуникативтік (мемлекеттік тілде тікелей қарым-қатынас жасау), лингвотанымдық (тілге деген жағымды қатынас) және елтанымдық (білімгердің тақырыптық және эмоциональдық қызығушылығы) сияқты түрлеріне сәйкес келуі тиіс [21]. Мемлекеттік қызмет көрсететін және халыққа қызмет көрсету (банк, сауда ұйымдары, қызметтер көрсету т.б.) саласындағы ұйымдар қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру үдерісін ынталандырудың мынадай жүйесін құруды ұсынады:

- мемлекеттік тілді білу деңгейіне қойылатын талаптарды бекітетін құқықтық базаны әзірлеу және қабылдау;

- мемлекеттік тілді білу деңгейіне қойылатын міндетті ең төменгі талаптарды айқындау;

- мемлекеттік тілді білуді бақылаудың жыл сайынғы жүйесін енгізу;

- мемлекеттік тілді білу деңгейін табысты (мерзімінен бұрын) үздік игергендерді материалдық ынталандыру жүйесін енгізу;

- салалар бойынша өпкішімді арнайы әдістемелік құралдарды (тілдескіштерді, өздіктерді және т.б.) әзірлеу және көп таралыммен жүйелі түрде шығару.

Бұл аталғандар білімгерлердің мемлекеттік тілді үйренуге деген ішкі мотивін қалыптастыруға жақсы серпін болатыны анық.

Кәсіптік және техникалық оқу орындарында қазақ тілін оқыту негізінен сұхбат түрінде жүргізіледі, студентке курс соңында мамандық саласына қатысты сұраққа жауап бере алу, сала терминдерін пайдаланып сөйлей білу, мамандық саласына қатысты туындаған мәселелер бойынша сұрақтар қою және нақты саладағы құжаттарды қазақ тілінде жүргізе білу қажеттігі туралы талап қойылады. Оқу барысында оқу-әдістемелік материал ретінде негізінен мамандығына байланысты мәтіндер алынады. Аталған құжаттарды дайындай білумен қатар оларды белгілі бір дауыс ырғағымен оқи білуге жаттықтыру жұмыстары да атқарылады.

Мамандардың кәсіби тілде сөйлеуіне жағдай жасаудың бір жолы кәсіби тілде сөйлейтін ортаны қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар қазақ тілін кәсіби салалар бойынша оқыту-үйрету барысында кәсіби сала сөздерін тілде қолданғанда ол сөздердің дұрыс тіркеспен айтылуын, қалыптасқан тұрақты тіркеспен айтуға жаттықтыру, қалыптасқан кәсіби сөздердің дұрыс тіркестікте пайдалануын қалыптастыру, бір жағынан іс қағаздарындағы сөз тіркестерінің лексикалық мүмкіндігінің шектелгендігінен шығады.

Тілді үйрету екі бағытта: ауызша және жазбаша жүргізіледі. Жалпы алғанда тілді оқытуды бұл екі бағыт қатар байланыста жүргізіледі. Бірақ қазақ тілін оқытудың ең алғашқы кезеңінде тілді ауызша оқыту басымырақ болады. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамыту негіз болады. Осымен орай жаңадан енгізілген кәсіби қазақ тілі негізіне байланысты бағдарламада кәсіби лексиканы меңгертуге тиімді тақырыптарды, жаттығулар жүйесін, тапсырмаларды іріктеп қолданылады.

Жаттығулар жүйесі кәсіби түсініктер мен терминдердің мәні мен мағынасын түсіндіре отырып тілді мамандыққа сәйкес үйрететін, алған тілдік білімді әжірибемен ұштастырып, шеберлікпен дағдыны қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс кешені болып табылады. Жаттығулардың түрлеріне мыналар жатады: машықтандыру жаттығулары; шығармашылық жаттығулар; кәсіби-жағдаяттық жаттығулар.

Машықтандыру жаттығулары деп студент үйренген сөздік қорын ұтымды пайдаланып, оны кәсіби тілдік қатынаста шеберлікпен қолданудың амал - тәсілдерін берік меңгеруін қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмысты айтады.

Нақты мамандыққа байланысты лексиканы меңгерту үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, оны дұрыс қолдану амалдарын игерту; үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық ережелерді байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысымдық бағыттылығын ескеру керек.

Кез келген тақырыпты өту барысында берілген сөздерді мұқият тыңдатып, қайталанатын арқылы тіл үйренушілер жаңа кәсіби лексиканың айтылуы мен оқылу ерекшеліктерін, тілдесімде дұрыс қолдануға машықтанады. Әр сабақта үйретілетін жаңа кәсіби лексиканы олар өздерінің жұмыс жағдайында күнделікті қарым-қатынаста белсенді қолдануға үйренеді, кәсіби сөздік қорын байытады. Келесі кезең – жаңа сөздерге түсініктеме беріледі: (ақпарат – нақтылы бір тақырып, жағдай бойынша алынатын хабар, мәлімет); одан кейін осы өзбен бірнеше сөз тіркестері (ақпараттық жүйе, ақпараттық кеңістік, ғылыми ақпарат), сөйлем (Елімізде ақпараттық жүйе мамандығы сұраныста) құрастыру дағдысы қалыптастырылады, синонимдік (ақпарат – мәлімет), антонимдік (ақпарат алу -ақпарат беру) қатарын табуға үйрету жұмыстары жүргізіледі. Кейін бұл сөз басқа да жаттығу түрлері мен шағын сұхбат, мәтін ішінде келесі сабақтарда да қайталанып беріледі. Сөйтіп сөз тіл үйренушінің санасында әбден бекіп, оны кәсіби жағдайда тілдік қатынаста қолдану дағдысы

қалыптасады. Сөздіктермен аударма жасау, оларды жадында сақтату аударылған сөздерден сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлем құрастыру жұмыстары үнемі назарда болады.

Орыс тілді ортада мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу студенттерді келешек мамандығында қолданатын іс қағаздарының түрлерімен таныстырады. Оларды кәсіби бағытта тілдік қатынасқа дайындауда; болашақ маман ретінде қазақ тілімен қатар мамандыққа байланысты сөздерді үйреніп, сөздік қорын байытады және оны келешекте үйреніп қызмет барысында қолданады, оларды өз мамандығын жетік меңгерген маман болуына септігін тигізеді.

Мемлекеттік тілде ісқағаздарды жүргізуге арналған әдістемелік құралдар мен оқулықтарда іс қағаздарының жалпыға ортақ түрлері: арыз, өмірбаян, анықтама, қолхат, жеделхат, түсінік хат т.б. беріледі. Іс қағаздарының жалпыға бірдей бұл түрлерін жүргізумен оқушылар мектеп қабырғасында танысады. Сондықтан орыс тілді ортада мемлекеттік тілде ісқағаздарын жүргізу туралы мәселе студенттерді келешек мамандығында қолданатын іс қағаздарының түрлерімен таныстыру, оларды кәсіби бағытта тілдік қатынасқа даярлаумен байланысты.

Пәнді оқыту жұмысы тақырыптық ұстанымға негізделіп, коммуникативті бағытта функционалдық – жүйелік әдісті қолдану негізінде, орыс тілі мен қазақ тілін салыстыру жолымен іске асады. Ісқағаздарының қай -қайсысы болса да мәтін деп алынып, тіл дамыту жұмыстарының барлық түрлері жүргізіледі. Яғни, іс қағазының мәтінін тыңдау, оны оқу, сауатты жазу, сөздік жұмыстарын жүргізу, сұраққа жауап әдісімен диалогтар құрастыру, үлгі, кесте бойынша іс қағаздарын толтыру, тыныс белгілерімен жұмыс істеу, тест ұрақтарына жауап беру; сын жұмыстарын жүргізу, т.б.

Мемлекеттік тілді оқыту барысында әр мамандықтың өзіне тән кәсіби сөздері мен терминдері, іс қағаздарының түрлері мен құжаттары бары ескеріледі.

Тілді мамандыққа байланыстырып оқытудың тыңдаушылар үшін ұтымды жақтары ретінде мыналарды атауға болады:

- қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алу;
- кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздік қорының негізінде мамандыққа қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысының қалыптасуы;
- Қазақстан тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт - дәстүрімен танысуы;
- күнделікті қызмет бабында мамандыққа қатысты ісқағаздарды жазуды үйренуі;
- болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуы, өсу және даму, өз мамандығын саналы сезіну мүмкіндігі.

Мамандыққа сәйкес қазақ тілін сапалы оқыту қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Білім алушыларды мәдени-әдеби сөйлей білудің нормаларын үйрету, яғни, оларға орфоэпиялық дағдыны меңгерту, мәнерлеп оқу дағдыларын

қалыптастыру; лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қорларын байыту; есту, сөйлеу қабілетін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің көркейуіне колледждің ұстаздары, оның ішінде тіл мен әдебиет пәндері циклінің оқытушылары өз үлестерін қосуда.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына орай, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында қазақ тілін оқыту, оны жаңа сатыға көтеру, оның мазмұны мен мақсаты келешектегі даму жолын анықтау аса жауапты да күрделі мәселе.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ халқының тарихы, әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ғылымы, өнері, ақын-жазушылары және т.б. жөніндегі білім жинақталып жүйеленеді.

Қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру көптеген факторларға: білім мазмұнына, әдістемелік оқу құралдарының сапасына, оқытушының шеберлігіне, оқу-материалдық базасының деңгейіне байланысты. Осы тұрғыда қазақ тілінің кемелденіп қалыптасуына мол ғылыми-әдістемелік тұрғады еңбек сіңірген ғалымдарды: А.Байтұрсыновты, Қ.Бегалиевті, С.Жиенбаевты, Ш.Сарыбаевты, Қ.Мұсабаевты атап өтуге болады. Пәннің білім мазмұнын түзеудегі классикалық дәстүрін дамыта отырып, заман талабына сай оны жетілдіріп, жаңа арналарға түсіруде еңбек сіңіріп жүрген ғалымдардың қатарында: Ш.Бектұров, Ф.Оразбаева, Ж.Адамбаева, Ә.Жүнісбек, Б.Құлмағамбетова және т.б. бар.

Қазақ тілі пәнінің білім мазмұны түпкілікті құрылған, ол енді өзгермейді деп айтуға болмайды, ол педагогика ғылымының дамуына байланысты үнемі жетілдіріліп, динамикалық даму үрдісінде болады. Мемлекеттік тілді оқып үйрену білім алушылардың интеллектуалдық-танымдық, психологиялық, іскерлік саналары өз бетінше әрекетшілдігін, коммуникативтілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, рухани-адамгершілік, экологиялық, дене шынықтыру мәдениетін т.б. қалыптастыру және дамытуға бағытталады.

Көптеген зерттеулер нәтижесінде орыс тілдік ортада қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрету үшін пәндік білім мазмұнын құруда тиімді әдістердің бірі модульдік әдіс ұсынылды. Бұл әдіс оқу үрдісінде ерекше қолайлылық туғызады.

Бүгінгі таңда студенттер қабылдайтын ақпарат аса үлкен қарқынмен көбейіп келе жатқаны белгілі. Интернет желісінің, электронды поштаның күнделікті тұрмыста қолданысқа енуі студенттердің ойлау жүйесінің артуына, ақпараттарды мол қабылдауына өз әсерін тигізіп отыр. Осыған орай оқытушы студенттермен шынайы шығармашылық қатынас орната отырып, әріптес ретінде байланыста болуы шарт. Оқытушының шыны студенттің ішкі жан дүниесіне әсер ететін тәрбиелеуші деп қарастыру керек, оның кәсіби шеберлігінің арқасында тілді үйрету қызметінің тәрбие берумен ұштастырылуы - өмір талабы. Ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, әдеби, мәдени бай қазынасын студенттердің санасына сіңіріп, тәрбиелеу - оқытушының міндеті.

XXI ғасырдың оқытушысы өте білімді болу керек, тек қана жоғарғы білімінің бар болуы басқаларды оқытуға құқық береді. Оқытушы - бұл кәсіпкер, ол әрбір педагогикалық мәселелерді шеше алуға қабілеті бар адам.

Педагогикалық қызметте, оның ішінде тілді үйретуде негізгі мынадай принциптерді атауға болады:

- студенттердің қызығушылығын дамыту. Ол үшін жекелеген тапсырмалар, шығармашық тапсырмалар беру қажет. Көлемі аз мәтіндерді оқуға беру, студенттерді әр уақытта мадақтау әдісі қолданылуы тиіс;

- сенімді қарым-қатынас орнату. Оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасында сыйластық, сенімділік гармониясы болуы қажет, өзара сыйластық-ең қажет нәрсе;

- қызығушылықты бірлесе істеу. Оқытушының және студенттің қызығушылығын екі жақтың талабын үйлестіре отырып бірлестіру керек;

- сенімділік, қайырымдылық. Сенімділік – өмірдің негізі, болашаққа үміттену және сену, логика негізі, даму заңдылығын ұғыну. Студенттерге жақын, сенімді оқытушы болуға тырысу қажет. Сенімділік мен қайырымдылық–ең қажетті нәрсе.

Қазіргі кезеңде техниканың, аудио-бейнетехниканың аса дамыған шағында, оқу әдістемелік жұмыстарда инновациялық технологияны қолдануға мүмкіндік туып отыр. Осыған байланысты колледждерде электронды оқулықтар, аудио-бейне, ұнтаспамен жұмыс істеу қарқынды дамып келеді.

Ұлттық ақпараттандыру орталығының базасында орыс тілді сыныптар мен топтарда қазақ тілін оқытуға арналған мультимедиалық бағдарламалар мен электрондық оқулықтар дайындалғаны белгілі. Алайда, педагогикалық тәжірибеде дайындалған ақпараттық электрондық, мультимедиалық өнімдердің орыс тілді топтарда қазақ тілін оқытуда қолданылуының білім берудің талаптарына, қазақ тілін оқытудың мақсаттарына, жинақталған тәжірибеге және қазіргі заманғы педагогикалық ғылымның даму деңгейіне сай еместігі байқалады.

Қазіргі кезде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 19 қарашада № 530 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу бағдарлама сының негізінде оқытылады.

Бұл үлгілік оқу бағдарлама «Орта білім. Техникалық және кәсіптік білім» мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделіп жасалған.

Жалпы орта білім беретін мектептің 9-сыныбынан кейін келген білім алушылардың қазақ тілі пәні бойынша білім мазмұны жалпы орта білім деңгейіндегі 10-11-сыныпта қытылатын оқу бағдарламалары негізінде оқытылады. Негізгі орта білімнен кейін білім алушылардың қазақ тілі бойынша білім мазмұнының негізгі деңгейін меңгеріп келгендігі ескеріліп, 1 курстың қазақ тілінен білім көлемі негізгі деңгей бойынша 192 сағатқа, орта деңгей бойынша 170 сағатқа есептелген.

Жалпы орта мектептен кейін колледжге түскен студенттер Қазақ тілі пәнін оқымайды, олар өз мамандықтары бойынша кәсіптік қазақ тілі пәнін (19-кесте) оқып үйренеді.

19-кесте - Қазақ тілі пәні үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

1. Бөлім. Қазақстан Республикасы	
1.1 тақырып.	Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақстан – менің Отаным. Атамекен, ел туралы. Туған жер ұғымы. Жер – Ана.
1.2 тақырып.	«Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Тіл тазалығы. Тіл құдіреті. Тіл өнер жайында. Туған тіл.
1.3 тақырып.	Егемен еліміздің рәміздері. Қазақстан Республикасының саяси-әкімшілік құрылымы. Қазақстанның экономикасы. Қазақстанның мәдениеті. Қазақстанның халықаралық қатынастары.
2. Бөлім. Фонетика.	
2.1 тақырып.	Дыбыстау мүшелері. Дыбыс және әріп. Дыбыстардың құрамы. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Қазақстанның білім ошақтары. Біздің колледж.
2.2 тақырып.	Дыбыстардың үндесуі. Буын үндестігі. Дауыссыз дыбыстардың үндесуі, дыбыс үндестігі. Ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал. Менің мамандығым.
2.3 тақырып.	Қазақ тіліндегі екпіннің ерекшеліктері. Газет, журнал материалдарының түрлері. Кітапханада.
2.4 тақырып.	Сөздің жазылуы мен айтылуы. «И» мен «У», «Ы» мен «І» және «Я» мен «Ю» әріптерінің жазылу емлесі. Қос дауыссыз әріптерінің қолданылуы. Түбір сөздердің жазылуы.
2.5 тақырып.	Бас әріптің қолданылуы. Қосымшалардың жазылуы. Қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жалғанғанда байқалатын құбылыстар. Қазақ тілі сабағында.
2.6 тақырып.	Буын (ашық, тұйық, бітеу буындар). Тасымал. Екпін. Ана тілі.
2.7 тақырып.	Тіл ұстарту. Отаным – Қазақстан. Қазақ жері.
3. Бөлім. Лексика.	
3.1 тақырып.	Қазақ тілінің сөз байлығы туралы жалпы түсінік. Сөздік және оның түрлері. Тіл құдіреті.
3.2 тақырып.	Кірме сөздер, көнерген сөздер (архаизмдер), жаңа сөздер (неологизмдер). Ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш. Мақал – сөздің мәйегі.

19-кестенің жалғасы.

3.3 тақырып.	Арнаулы сөздер (терминдер). Диалект сөздер. Кәсіби сөздер. Алтын адам (халық тарихынан).
3.4 тақырып.	Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Менің отбасым.
3.5 тақырып.	Омоним, синоним, антоним. Қара шаңырақ.
3.6 тақырып.	Турақты сөздер тіркестері. Киіз үй.
3.7 тақырып.	Тіл ұстарту. Қазақстан астаналары.
4. Бөлім. Морфология.	
4.1 тақырып.	Сөздер құрамы. Түбір сөз (Негізгі морфема). Қосымша (көмекші морфема). Жұрнақ, жалғау. Қазақтың кіндік қаласы – Астана.
4.2 тақырып.	Зат есімнің жалғаулары. Тәуелдік жалғау. Жіктік жалғау. Есім сөзбен етістіктің жіктелуіндегі ерекшеліктер. Көптік жалғау. Септік жалғау. Түркістан қаласы.
4.3 тақырып.	Жалғаулардың орналасу тәртібі. Отырар. Отырарлық ғалым – Әбу Насыр Әл-Фараби.
4.4 тақырып.	Зат есім және басқа сөз таптарының септелуі. Қазақ батырлары. Бөгенбай батыр.
4.5 тақырып.	Жұрнақ. Сөз тудырушы жұрнақтар. Сөз түрлендіруші жұрнақтар. Қабанбай батыр.
4.6 тақырып.	Сөз тұлғасы, негізгі және туынды түбір. Райымбек батыр.
4.7 тақырып.	Қосымшалардың орын тәртібі. Махамбет Өтемісұлы.
4.8 тақырып.	Қос сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз, тіркескен сөздер. Бауыржан Момышұлы. Талғат Бигелдинов.
4.9 тақырып.	Негізгі және көмекші сөздер. Сөз таптарының түрлері. Мәншүк, Әлия.
4.10 тақырып.	Зат есім. Зат есімнен сөз тудыратын жұрнақтар. Жалпы есім мен жалқы есім. Зат есімнің морфологиялық белгілері. Күрделі зат есімдер. Зат есімнің сөйлемде атқаратын қызметі. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.
4.11 тақырып.	Сын есім. Сын есімнің сөз тудырушы жұрнақтары. Дара және күрделі сын есім. Қазақстан мемлекетінің ұлттық теңгесі.
4.12 тақырып.	Сапалық сын есім және қатыстық сын есім. Сын есімнің шырайлары. Сын есімнің заттануы. Қазақ билері. Төле би.
4.13 тақырып.	Сан есім. Сан есімнің түрлері. Сан есімнің емлесі. Сан есімнің зат есім жалғауын қабылдауы. Сан есімнің сөйлемдегі қызметі. Қазыбек би.
4.14 тақырып.	Есімдік. Көмекші есімдік. Есімдіктің емлесі. Есімдіктің түрлері. Әйтеке би.

19- кестенің жалғасы.

4.15 тақырып.	Етістік. Сабақты және салт етістік. Етістіктің болымды және болымсыз түрлері. Түбір етістік, туынды етістік, біріккен етістік. Шешендік сөздер.
4.16 тақырып.	Етіс және оның түрлері. Көсемше және оның түрлері. Есемше және оның түрлері. Қазақ хандары.
4.17 тақырып.	Негізгі етістік пен көмекші етістік. Абылай хан.
4.18 тақырып.	Дара, күрделі және құрамды етістіктер. Тұйық етістік. Тәуке хан.
4.19 тақырып.	Етістіктің шақтары (Осы шақ, өткен шақ, келер шақ). Белгілі адамдар. Ыбырай Алтынсарин.
4.20 тақырып.	Етістіктің райлары (Ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай). Қазақтың ұлы ақыны – Абай.
4.21 тақырып.	Үстеу. Үстеудің тұлғалық түрлері. Үстеудің мағынасына қарай түрлері. Үстеудің сөйлемдегі қызметі. Үстеудің емлесі. Ұлы ғалым саяхатшы – Шоқан Уалиханов.
4.22 тақырып.	Шылау. Шылаудың түрлері. (Септеулік шылаулар, жалғаулықтар, демеуліктер). Қаныш Сәтбаев.
4.23 тақырып.	Еліктеу сөздердің түрлері. Ана тілі туралы өлеңдер. Мақал-мәтелдер.
4.24 тақырып.	Одағай. Одағайдың түрлері. Одағайлардың емлесі мен тыныс белгілері. Жыл мезгілдері. Наурыз мейрамы.
4.25 тақырып.	Көмекші сөздер. Көмекші есімдер. Көмекші етістік. Ұлттық тағамдар.
4.26 тақырып.	Тіл ұстарту. Ұлттық ойындар.
5 Бөлім. Синтаксис.	
5.1 тақырып.	Синтаксис туралы түсінік. Сөз тіркесі. Сөздердің байланысу тәсілдері. (Қиысу, менгеру, матасу, қабысу, жанасу). Жай сөйлемнің синтаксисі. Сөздердің байланысу тәсілдері. Сөздердің байланысу түрлері. Ұлттық ою-өрнек түрлері.
5.2 тақырып.	Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері. (Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты). Ұлттық аспаптары.
5.3 тақырып.	Жай сөйлемнің құрылысына қарай түрлері. (Жақты және жақсыз сөйлемдер, атаулы сөйлем, толымды және толымсыз сөйлемдер, жалаң және жайылма сөйлемдер). Жеті ата.
5.4 тақырып.	Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы мүшелер. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы. Бастауыштан кейін сызықшаның қойылуы. Баяндауыш болатын сөз таптары. Тұрлаулы мүшелердің сөйлемдегі орны. Қонақ күту. Бата.

19- -кестенің жалғасы.

5.5 тақырып.	Тұрлаусыз мүшелер. Тура толықтауыш пен жанама толықтауыш. Анықтауыш. Қосарлы айқындауыш. Пысықтауыш және оның түрлері. Тұңғыш қазақ ғарышкері.
5.6 тақырып.	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Қазақстан экономикасы, мәдениеті
5.7 тақырып.	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері, оның тыныс белгілері. Бірыңғай мүшенің тыныс белгілері. Бірыңғай мүшелі сөйлемдегі жалпылауыш сөздер. Халықаралық қарым-қатынас.
5.8 тақырып.	Оңашаланған айқындауыш мүше және оның тыныс белгілері. Қазақстан жұлдыздары.
5.9 тақырып.	Қыстырма сөз. Қаратпа сөз. Одағай сөз. Театр, кинотетрада (сұхбат)
5.10 тақырып.	Сөйлемнің басында айтылатын «жоқ» және «ия» сөздері. Мұражайда (сұхбат)
5.11 тақырып.	Тыныс белгілерге қатысты ережелер. Төл сөзбен төлеу сөз. Төл сөзбен автор сөзінің байланысы және олардаң орын тәртібі. Шаштаразда. Тігіншіде (сұхбат).
5.12 тақырып.	Құрмалас сөйлем туралы түсінік. Мейрамханада, асханада (сұхбат)
5.13 тақырып.	Салалас құрмалас сөйлем туралы түсінік. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері. Емханада, дәріханада (сұхбат).
5.14 тақырып.	Сабақтас құрмалас сөйлем туралы түсінік. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Көп бағыныңқылы сабақтас. Әуежайда, темір должа, аялдамада.
5.15 тақырып.	Аралас құрмалас сөйлем. Аралас құрмаластың белгілері. Менің сүйікті жазушым.
5.16 тақырып.	Тіл ұстарту. Қазақ ақындарының өлең-жырлары.
6 бөлім. Іс қағаздары.	
6.1 тақырып.	Іс қағаздарының стилі туралы түсінік. Өмірбаян. Түйіндеме.
6.2 тақырып.	Мінездеме. Өтініш. Қол хат. Сенім хат. Анықтама.
6.3 тақырып.	Жарнама. Хабарландыру. Хаттама. Баяндау хат. Түсінік хат.
7 бөлім. Жазба жұмыстары.	
7.1 тақырып.	Бақылау жұмысы (диктант)
7.2 тақырып.	Бақылау жұмысы (мазмұндама)
7.3 тақырып.	Бақылау жұмысы (тест жұмысы)
7.2 тақырып.	Бақылау жұмысы (шығарма немесе әр оқушыға деңгейлік тапсырмалар)
8 бөлім. Кәсіби тіл дамыту	
8.1 тақырып	Мамандыққа байланысты кәсіби термин сөздері

Лексикалық тақырыптар:

- Қазақстан Республикасы
- Туған жер Атамекен. Ата кәсіп
- «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңы
- Еліміздің ата заңы
- Қазақстан Республикасының саяси-әкімшілік құрылымы, тарихы, экономикасы, мәдениеті, халықаралық қарым-қатынасы.

- Қазақстанның белгілі адамдары-ғалым, жазушы, ақын, қазақ ғарышкері, сазгер, әнші, спорт жұлдыздары.

- Сөз өнері – біздің тарихи мұрамыз (шешендік сөз, жұмбақ, фразеологизм)

- Тіл құдіреті. Ана тілі, инабаттылық, әдептілік.
- Сөздіктер тарихы туралы мәліметтер
- Жеті ата, салт-дәстүр, әдет-ғұрып
- Қазақ батырлары, билері, хандары

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын студенттер мектептің 10-11-сыныптары сияқты Ортадан жоғары деңгей - В₁ екі игерімді қамтиды:

- тереңдетіле қалыптасқан орташа игерім В_{1.1}
- тереңдетіле қалыптасқан толық игерім В_{1.2} В_{1.2}

жазылым: жеке адамға қатысты құжаттарды сауатты толтыру; ұсынылған тақырып бойынша шығармашылық сипатта мәтін құрай алу; реферат

Осы деңгейлер бойынша төмендегі сөйлесім әрекетінің түрлерін меңгеруге тиіс:

тыңдалым: аудиотаспадан тыңдалған диалог пен полилогті түсініп, онда айтылған сөз мазмұнын жеткізе білу; тақырып бойынша тыңдалған пікірге, ойға баға беру; радио, телеарналарда берілетін хабарларды мазмұнын түсіну; аудиоматериалдағы айтылған ойды анықтау дағдыларын меңгеруі тиіс;

оқылым: мемлекеттік тілде жазынан құжаттарды оқып түсіну; мәтіннен өзіне керекті мәліметті бөліп ала білу; оқудың нақты мақсатына сай әртүрлі стильдегі мәтіндерден негізгі ойды ажырата алу дағдыларын меңгеруі тиіс;

айтылым: оқыған әңгіменің мазмұны, тақырыбы туралы айтып беру; өз бетінше газет-журнал материалдарына шолу жасап, негізгі ойды анықтай алу; интернет желісінен қажетті ақпаратты тауып, оны өз сөзімен баяндай алу дағдыларын меңгеруі тиіс; жұмысында дәйексөздерді кіріктіру және әдебиеттерді рәсімдеу дағдыларын меңгеруі тиіс;

тілдесім: ұсынылған тақырып бойынша полилогқа қатысу; диалогтің түрлеріне сай пікірлесе алу; ұнтаспадағы диалогті тыңдап, өз сөзімен айтып беру; нақты тақырыпта сұхбат құрастыра алу; әңгімені жалғастыру, т.б

5 Жоғары оқу орны жағдайында мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік негіздері

Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгеруде озық технологияларды, ұтымды әдіс -тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында үйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Мемлекеттік тілді әлеуметтік -қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңейе түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен де байланысты екендігін жүрсетеді. ЖОО бітірген жас буын ҚР өндірісін ілгері дамытатын болашақ маман және кәсіпкер. Оның алдыңғы қатарлы маман болуы өз елінің тілін жоғары деңгейде білуімен терең сабақтасады. Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын қарастыруда.

Жоғары оқу орындарының техникалық бөлімдерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар болашақ мамандыққа баулиды. Осыған орай қазақ тілінен берілетін базалық білім таңдалады. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі орын алады, себебі бүгінгі студент ертеңгі маман. Бүгінде оқытудың барлық түрін кешенді қарастыру, оларды бір-бірімен байланыстыру маңызы басым болып тұр. Бүгінгі күн талабы – маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру.

ЖОО-ның орыс бөлімдерінде қазақ тілі пәні міндетті пәндердің қатарында оқытылады. Сонымен қатар кейбір іс қағаздарын кәсіби қазақ тілінде жүргізу, студенттерге тадау пәндерінің қатарында қазақ тілі мен әдебиетін оқу ұсынылады. Нәтижесінде, қазақ тілі мектептен кейін ЖОО жағдайында үздіксіз оқытылып, болашақ кәсіби мамандардың қазақ тілінде сөйлеу, жазу дағдыларының қалыптаса түсуіне ықпал етуде. Сонымен қатар, қазақ тілін ЖОО қабырғасында жүйелі оқытуды көздейтін маңызды заманауи қадамдардың жасалуы қажет. Бұл арқылы ЖОО-да мемлекеттік тілді оқытудың жаңа сапалық көрсеткішіне қол жеткізіліп қана қоймай, ең бастысы, оның мемлекеттік үмдеге сәйкес қоғамдық сұранысты қанағаттандыруға бағыттылған үлесінің еселене түсуіне жол ашылмақ.

Орыс бөлімдерінде қазақ тілінен бұрын кәсіби қазақ тілі пәнін оқыту сабақ кестесінде ресми бекітілген болатын. Алайда, бірінші курсқа қабылданған студенттердің қазақ тілін меңгеру деңгейі ескерілмейтін. Осыған байланысты ЖОО-да мемлекеттік тілді оқытуды сапалы ұйымдастыруға кедергі болып отырған мәселе туындайтын. Ол – тілді деңгейлік оқыту мәселесінің жолға қойылмауы.

Әлемдік тәжірибеде тіл оқыту, тіл үйренушінің коммуникативтік деңгейін анықтайтын өлшемдер негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан қазақ тілін Қазақстан азаматтарына мемлекеттік тіл ретінде, шетелдік студенттерге шет тілі ретінде оқыту барысында тілді деңгейлік оқытудың дүниелілік жетістіктері ескеріліп, қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау практикасының жолға қойылуы сапалық тұрғыда тиімді болмақ. Бүгінгі күні тілдік деңгейді анықтау арнайы тест арқылы жүзеге асырылады.

Орта мектеп үлектерінің Ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде қазақ тілінен емтихан тапсыратыны белгілі. Бірақ, олардың қазақ тілінен алған баллдары ЖОО-ға қабылдау кезінде де, қабылданғаннан соң да ескерілмейді. Сондықтан, бұл балл көрсеткіші ЖОО студенттерінің қазақ тілін меңгеру деңгейінің көрсеткіші ретінде қабылданып, студенттерді шағын тілдік топтарға бөлу барысында ескеру тиімді болар еді. Себебі бүгінгі таңға дейін қазақ тілін оқытын студенттерді шағын тілдік топтарға бөлу формальді түрде тек сандық көрсеткіш (12-15 студент) негізінде жасалып келеді.

ЖОО-ға қабылданған студенттердің деңгейлері әр түрлі болғанымен, қазақ тілін жақсы меңгергендердің саны жылдан жылға арта түсуде. Бұл үдерістің үдемелі сипатқа ие болуын қоғам өміріндегі демографиялық ахуалдың, мемлекеттің тіл саясатына сәйкес жүргізіліп отырған балабақша мен орта мектептердегі үздіксіз еңбектің, сонымен қатар Қазақстан азаматтарының саналы әрекеттерінің жемісі деп түсіндіруге болады.

ЖОО қазақ тілін деңгейлеп оқудың бір жолы ретінде қазақ тілін жақсы меңгерген студенттер ЖОО қабырғасында бірден кәсіби қазақ тілін оқуға кірісуі ұсынылады. Кәсіби қазақ тілі студенттердің болашақ мамандығына қатысты кәсіби лексика мен салалық терминологиялық жүйесін меңгеруге мүмкіндік береді. Бұдан кейінгі сатыда студенттердің кәсіби шеберлік (акмеологиялық) әлеуетін арттыру мақсатында мамандық бойынша арнайы курстардың бірі бойынша мемлекеттік тілде лекциялардың оқылуы жақын болашақта, тіпті бүгіннен бастап күн тәртібіне енгізілуі қажет. Іс жүзінде бүгінгі күннің өзінде орыс бөлімдерінде оқытын студенттердің қатарында қазақша дәріс тыңдауға дайын студенттер бар.

ЖОО-да жөарыда аталған шаралар ғылыми негізде жолға қойылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес қазақстандықтардың 2020 жылға дейін 95 пайызының мемлекеттік тілді меңгеруге қол жеткізуге мүмкіндік ашылады. ЖОО қабырғасында білім алушы болашақ мамандардың бірінші кезекте мемлекеттік тілді, сонымен қатар шет тілдерін еркін меңгеруі арқылы еңбек нарығында бәсекелестікке қабілетті кәсіби тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік жасалады. ЖОО-ны бітірген әрбір үлектің мемлекеттік тілді меңгеруі аса маңызды сапалық көрсеткіш ретінде бағалануы тиіс. Дәлірек айтқанда, ЖОО үлектерінің мемлекеттік тілді білуі – ұлттық мүдде, мемлекеттік мүдде ретінде қарастырылуы қажет. Сондықтан Мемлекет басшысы айтқандай, «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз» болуы тиіс.

Бүгінгі таңда қазақ тілін мамандыққа сәйкес оқыту әдістемесі бойынша [22] техникалық жоғары оқу орындарының орыс тілінде оқытуын қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі жасалды. Атап айтқанда, бұл жұмыста студенттердің мемлекеттік тілде сөйлеуге деген қызығушылығы мен мүдделігін, олардың білімін рейтинг, тест материалдарын талапқа сай пайдалану арқылы арттырудың мәні анықталған.

Қазақ тілін мамандыққа сай оқытудың басты ерекшеліктерін анықтауда, тиімді әдістемесін ұсынуда әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш. Оразбаева үлкен үлес қосты. Ғалым теориялық және әдістемелік тұрғыдан тілдік қатынастың негізін қалаған еңбегінде сөйлесім әрекетінің түрлерін – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім деп бөліп қарастырады.

Қазақ тілін мамандыққа сәйкестендіріп қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесіне байланысты Б.Ш. Мешімбаева жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлім студенттерін диалог арқылы қазақша сөйлеу тіліне үйрету әдістемесінің ғылыми негізін жасады. Автор мамандыққа бағытталған пікірлесім арқылы сөйлесуді меңгертуде қолданылатын ұтымды әдіс-тәсілдерді анықтады, пікірлесімге қатысты қазақша сөйлеу тіліне үйретуде төмендегідей 3 кезеңді қамтуды ұсынды:

- оқу процесіндегі диалог;
- шығармашылық диалог;
- шығармашылыққа бағытталған диалог құрастыру [22].

Зерттеу жұмысында сөйлесімді басқа ұлт өкілдеріне диалог арқылы үйретуде тілдік жағдай тұңғыш рет тәжірибеде қолданылып, диалогтың жаттығулары екі үлкен топқа жіктеліп қарастырылды. Олар:

- дайындық жаттығулар;
- қатысымдық жаттығулар [22].

Автордың айтуынша [24], мәтін арқылы тілді оқыту төмендегі міндеттердің жүзеге асуына көмегін тигізеді:

- тұрмыста, өндірісте, әлеуметтік ортада қазақша тілдік қатынасты игеру;
- қазақ тілінде мәдени-ресми, кәсіби қатынасқа дайындық;
- өз мамандығы бойынша сұрақтарға жауап бере білу, осы тақырып төңірегінде ойын айта білу дағдыларын меңгерту;
- кәсіби бағыттағы қарым-қатынастық мәтіндерді аудармасыз түсінуге ұмтылу;
- оқушылардың сөздік қорын молайтуда аударма, түсіндірме және кәсіби сөздіктерді пайдалана білу;
- қазақша ойлауға, қазақша сөйлеу әуезділігіне жету, үлгісіз, жетексіз өз бетінше сөйлеуге, жазуға дағдылану, игеру.

Студенттердің мемлекеттік тілді тиімді игеруінің басты факторы – оқу бағдарламалары мен оқулық, оқу-әдістемелік материалдарды модульдік оқу жүйесімен берудің ұтымдылығын дәлелдеп, модульдік жүйеге негізделген электрондық оқулықтар студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне тиімді құрал

болып табылады. Мамандыққа қатысты мәтіндерді іріктеу ұстанымдары дұрыс сөйлеуді жетілдіруге қызмет ету үшін:

- мазмұндық және тақырыптық тартымдылығымен ерекшеленуі керек;
- тіл үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне ынталандырылуы;
- қатысымдық (коммуникативтік) қасиеті басым болуы керек;
- мамандыққа байланысты ғылыми мәтіндер студенттерде қажеттілік сезімін туғызып, білім беруде студенттердің сенімін күшейтетін болуы қажет [22].

Қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан үйретуде сөйлесім әрекеті мен оның түрлерін меңгертудің маңыздылығы ғылыми жұмыстардың зерттеу нысаны бола бастады. Осы ретте автор [25] жазылым әрекетінің анықтамасын, ерекшеліктерін және түрлерін анықтай отырып, жазылым әрекетін шетелдік студенттерге меңгертудің тиімді жолдарын көрсетті. Жазылым әрекеті бірнеше түрге бөлініп қарастырылды. Мәселен, жазылу үлгісіне қарай жазылымның мынадай түрлері берілді:

- дыбыстық жазылым;
- көшіру жазылымы;
- жатқа жазу жазылымы;
- көркемдік жазылым;
- танымдық жазылым.

Тілді мамандыққа сай үйретуге арналған әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдары жарық көре бастады. Бұл оқулықтар студенттердің ғылыми тілді, мамандыққа қатысты кәсіби тілді, ресми-іскерлік тілін жеткілікті рде меңгеруіне ықпал етуде.

Қазақ тілін мамандыққа байланысты сала бойынша оқыту әдістемесінің жасалуы төмендегідей ұстанымдарға негізделеді:

- қазақ тілін мамандыққа байланысты оқытудың ғылыми -әдістемелік жүйесінің негізі қаланған;
- тілді қатысымдық бағытта үйретудің лингвистикалық негізі сөйлесім әрекеті және оның түрлері қарастырылды;
- тілдік ұлғаның қатысымдық құзыреттілігін дамыту басты міндет ретінде алынды;
- қатысымдық бағдарлы оқытуды жүзеге асыру мақсат етілді;
- кәсіби тілдік қатынасты жетілдіруде тіл үйренушінің қазақша сөйлеу тілін кәсіби қарым-қатынас тілі ретінде дамыту көзделді.
- лексикалық минимумды танымдық-бағдарлы оқыту, грамматикалық минимумды мамандыққа сай мәтіндер мен жаттығулар арқылы оқыту ұсынылды;
- қазақ тілін мамандыққа байланысты оқыту технологиясына байланысты әдістемелік кешен ұсынылды, оның тиімділігі тәжірибе арқылы дәлелденді.

Мемлекеттік тілді мәртебесінің артуы үшін ЖОО саласында тиісті шаралар артып келеді. Біріншіден, елдегі қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының желісі кеңейтілді. Екіншіден, қазақ тілінен басқа тілдегі

мектептерде, ЖОО-дағы орыс тілінде білім беретін топтарында қазақ тілінің оқу сағаттары артты. Үшіншіден, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытатын мамандар даярлығының көлемі өсті. Төртіншіден, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелге оқуға үміткерлер үшін қазақ тілінен емтихан тапсыру талабы енгізілді. Бесіншіден, ұлттық бірыңғай тестілеу барысында қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын мектеп түлері қазақ тілінде тест тапсыратыны жолға қойылды.

Қазақ тілін меңгеруде инновациялық технологияларды қолдану оң нәтиже берері анық. Мысалы, қоғам талабына сай мынадай инновациялық технологияларының түрлері қолданылады:

- құрылымдық логикалық технология;
- интеграциялық технология;
- ойындар технологиясы;
- тренингтік технологиясы;
- ақпараттық технология;
- сұхбаттық технология.

Қазіргі инновациялық технологиялардың жиі қолданылатыны – *ақпараттық технологиялар*. Оларды пайдалану барысында компьютер қолданылып, сабақтар түрлендіріліп, студенттердің пәнге деген қызығушылықтары артады. Осындай сабақтардың өтуі оқыту процесін дараландырады және студенттердің ойын дербестігі мен белсенділігін арттырады.

Компьютердің әдістемелік және дидактикалық мүмкіншіліктерін пайдаланып, ақпараттық технологияларды қолдану студенттердің танымдық және өзіндік белсенділігін арттыратын ойын элементтері арқылы үйрету оқыту процесін тұрақтандыруға мүмкіншілік береді. Компьютер арқылы мәтінді теру, берілген қателерді түзету, мәтін бойынша тапсырмалар орындау және тағы басқа сабақ түрлерін өткізуге болады. Оқу барысында студенттердің ақпараттық технологияларды пайдалануын өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзіндік сараптау, жоспарлау мүмкіндіктеріне негізделген оқытылу мүмкіндігін береді.

Инновациялық технологияларға *мультимедиялық сабақтар* да жатады. Ағылшын тілінде multimedia, латын тілінде multum – көп және media, medium – жинақ дегенді білдіреді, яғни құрамына бірнеше мәтін, сурет, бейне, көрініс, анимация кіреді. Мультимедиялық сабақтарда қойылатын мақсаттар: студенттердің компьютерлік технологиясын қолдану арқылы оқыту, үйрену, танымдық әрекетін жүзеге асыру және өз бетінше жұмыс істеу дағдысы мен шығармашылыққа қабілеттерін дамыту.

Мультимедиялық сабақ өткізу кезінде студенттер ақпаратты тек қана қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге оны өңдеп, жеткізу әрекеттерін орындайды. Бұл кезде оқытушының мақсаты студенттерде қажетті ақпаратты табу, ұрыптап, оны жүйелеу мен жеткізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Инновациялық технологияларға бүгінгі кезде – *электрондық оқулықтар* да жиі қолданылуда. Оқытушы бағдарламаға сай өз электрондық оқулығын дайындайды. Білім саласында компьютер студент үшін құрал, ал оқытушы үшін ол күнделікті қолданылатын жұмысшы аспап болып табылады.

Электрондық оқулықтар – ғылыми негізінде дайындалған педагогикалық-ақпараттық өнім. Электрондық оқулық арқылы студенттер тапсырманы қызыға орындайды, кейдетелерін өздері табады. Электрондық оқулықтар – оқытушылар үшін күннен күнге дамытылып отырған ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Мұны пайдалану барысында оқытушы ғылыми-әдістемелік электрондық оқулықты пайдаланғанда сабақтың ыңғайына қарай қосымша материалдарды кірістіруге болады.

Студенттердің тілін дамыта оқытудың нәтижесінде студент қазақ тілінің сөз байлығын толық игеру, тілдің фонетикалық және сөзжасам жүйесін жақсы меңгеру, морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді игеріп, оларды практикалық тіл жасау дағдысында дұрыс пайдалана білуі тиіс. Сонда ғана студент тілді күнделікті өмірінде дұрыс пайдаланумен қатар тілдің қатысымдағы стильдік, эмоциялық, көріктеу, көркемдеу қызметтеріне де түсініп қолдана алады. Сондықтан, студенттердің тілін дамыту үшін, ең алдымен, олардың сөздік қорын байыту; әдеби тілдің нормасында сөйлемдерді дұрыс құрауды үйрету; ойларын жүйелі ауызша, жазбаша жеткізе білу дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруы қажет.

Қалыптасқан білім беру үйесін жетілдіру ісінде қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың маңызы жөніндегі мәселе соңғы екі онжылдық бойына өзекті болып отыр. Әрбір педагог, мектеп мұғалімі немесе жоғары оқу орнының оқытушысы болсын, басты мақсат - білім беру сапасына қамтам асыз ету. Ал үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қолданылуы үлкен дәрежеде септігін тигізетіні сөзсіз.

Жоғарыда көрсетілген инновациялық технологиялардың түрлері қазіргі жағдайда жоғары оқу орнының оқу процесінде қолдануға өте тиімді. Білім берудің мемлекеттік стандарттарында анықталған оқытудың мазмұнына ешбір нұсқан келтірмейді, керісінше оқу пәндерінің бағдарламасында көрсетілген мақсатқа оқытудың бұрыннан қалыптасқан әдістерімен өзара бірлікте қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ЖОО-да өзге тілді топтарда қазақ тілі курсы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Типтік бағдарламаның негізінде іске асырылады. Қазақ тілін оқыту мазмұнын өзгертіп, сапасын арттыру мақсатында бірқатар мемлекеттермен қабылданып отырған Тілдерді меңертудің халықаралық стандарттарында (Страсбург, 2001) көрсетілген тілді меңгеру басшылыққа алынған. Олардың сипаттамасы төмендегідей:

A1-A2 – негізгі деңгей, B1-B2 – кәсіби бағдарлы деңгей, C1-C2 – мамандық тілі деңгейі:

A1- күнделікті қарым-қатынаста өзі туралы, отбасы, университеті туралы айтады, сұрақтар қояды, шағын мәтіндерді түсінеді.

A2 – өзіне қатысты тақырыптар бойынша жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін үсінеді. Өз елі, тарихы, табиғаты, өзінің қызығушылығы, мақсаттары туралы әңгімелей алады. Осы тақырыптағы мәтіндерді оқып, негізгі ақпаратты түсіне алады.

B1 – кәсіби бағдарлы мәтіндерді негізгі ойды түсінеді, БАҚ-тағы күнделікті жаңалықтан кәсібіне ақтысты ақпаратты түсінеді. Өз мамандығы бойынша жалпы тақырыптарға әңгімелесе алады. Өз іні қызықтыратын тақырыптарға ойын жаза алады, өз мамандығы бойынша, болашақ қызметі туралы баяндай алады.

B2 – мамандығы бойынша таныс тақырыптардағы баяндамалар мен дәрістерді тыңдап түсінеді. БАҚ-тан берілетін өзіне қажетті ақпараттарды толық түсінеді. Тіл иесімен дайындықсыз сұхбаттаса алады. Өз мамандығы бойынша пікірталасқа қатысады, өз көзқарасын дәлелдей алады. Өз саласына байланысты негізгі ұғым, түсініктерді сұхбат барысында қолданады.

C1 – теледидар, радиодан хабарларды тыңдап, түсінеді. Өз мамандығына байланысты тілдік бірліктерді оқып алады. Кәсіби сөйлеу жағдаяттарында қатысымға түседі. Өз саласы бойынша мәтіндерді, ғылыми еңбектерді оқып түсінеді. Хабарлама, жоба т.б. жазғанда ойын мейлінше жүйелі, дәлелді бере алады.

C2 – тіл иесінің жылдам айтылған сөзін түсінеді. Ғылыми еңбектерді оқып түсінеді. Мәжіліс, жиналыстарда өзіне қажетті ақпарат пен мәліметтерді жаза алады. Өз кәсіби шеңберінде кеңес беріп, пікір білдіреді. Өзінің ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша мақала, баяндама жазып, өз пікірлерін қорғай алады.

Қазіргі таңда ЖОО-дағы қазақ тілі бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі оқу топтарын деңгейге төмендегідей бөлуді ұсынады. Оқу жылы басында әр факультет бойынша 1 курс студенттерінің білім деңгейі тест арқылы анықталып, 3 топқа бөлінеді.

Оқу үдерісінде әрбір факультеттердің 1 курс топтарында қазақ тілі сабақ кестесіне бір уақытта қойылып, үш деңгей бойынша бірнеше оқу топтарында бір мезгілде сабақ жүргізіледі. Деңгейлер арасындағы сабақтастықты сақтап, берілген кредит санына қарай (20-кесте) нақты нәтижеге жету үшін қазақ тілін төмендегідей оқыту ұсынылады.

20-кесте- Деңгейлердің кредит санына қарай топтасуы

	1 семестр	2 семестр	Кредит саны
1 топ	1 негізгі деңгей (A1 - A2)	A2 –B1	6 кредит
2 топ	2 кәсіби бағдарлы деңгей (B1 – B2)	B1 – B2	6 кредит
3 топ	3 мамандық тілі	B2 – C1	6 кредит

C2 деңгейі магистратурада оқытылады.

Негізгі деңгейде грамматикалық минимум ретінде мыналар оқытылады: жалғау түрлері, етістіктің шақтары, есімше, көсемше, көмекші сөздер, шылаулардың қолданылуы. Құрмалас сөйлемдер, түрлері. Сөз мағыналары, омоним, синонимдер, антонимдер жасалуы. Ұрақты сөз тіркестері, жасалуы, қанатты сөздер.

Кәсіби бағдарлы деңгейде оқытылатын грамматикалық материалдар: Көсемшелі бірыңғай баяндауыштар, есімшелі үйірлі мүшелер, көмекші етістікті құрылымдар, бірыңғай мүшелі сөйлемдер. Көмекші сөздердің байланыстырушы қызметі. Түсіндірмелі, талғаулы салалас құрмалас, мезгіл мәнді, қарсылықты, мақсат мәнді бағыныңқылы сабақтас құрмаластар.

Мамандық тілі деңгейде мынадай грамматикалық ережелер өтеді: сөзжасам тәсілдері, терминдердің жасалу жолдары, мәтінді көркемдеуші құралдар, сипаттау, баяндау, дәлелдеу мәнді күрделі фразалық бірліктер.

A1 – тіл үйренуші мынандай коммуникативтік тапсырмаларды орындай алуы қажет:

- қарым-қатынасқа түсу, біреумен танысу, өзін немесе өзгені таныстыру, амандасу, қоштасу, алғыс айту, кешірім сұрау, алғыс пен кешірімге жауап беру, қайталауды өтіну, ризашылығын білдіру, әңгімені анықтау;

- зат, адам, оқиға туралы айту және сұрақ қою, заттың немесе адамның бар, жоқтығы туралы баяндау, заттың сапасы туралы, оның кімдікі екендігі туралы айту, оқиға, іс-әрекет туралы, іс-әрекеттің уақыты, орны туралы хабарлау;

- өтініш білдіру, шақыру, қандай да бір іс -әрекетпен келісу немесе келіспеу;

- өзінің көзқарасын білдіру: адамға, затқа, оқиғаға, болған іске өзінің бағасын білдіру, кінәлау, таңдану, өкіну т.б.

Тіл үйренуші қарапайым деңгей үшін берілген төмендегідей тақырыптар төңірегінде ауызша қарапайым тілдік қатысымға түсе алуы қажет.

1. Өзі туралы әңгімелеу (балалық шағы, оқуы, жұмысы, қызығушылығы)
2. Менің досым (танысым,құрбым, апам, ағам т.б.)
- 3.Отбасым
4. Менің жұмыс күнім
5. Бос уақыт, демалыс, қызығушылық.

A2 өзіне қатысты тақырыптар бойынша қысқа, нақты, қарапайым мәтіндерді түсінеді. Өз елі, тарихы, табиғаты, өзінің қызығушылығы, мақсаттары туралы әңгімелеу. Осы тақырыптағы мәтіндерді оқып, негізгі ақпаратты баяндау. Студент мынандай коммуникативтік тапсырмаларды орындай алуы қажет.

Мәтінге қатысты өзінің көзқарасын білдіру, болған іске өзінің бағасын білдіру, таңдану, құптау, қарсы пікір білдіру. Студент негізгі деңгей үшін берілген төмендегідей тақырыптар төңірегінде тілдік қатысымға түсе алуы қажет:

1. Оқу жүйесі, мектеп, колледж, жоғарғы оқу орындарындағы оқу жүйесі;
2. Оқу орнын, мамандығын таңдау, таңдаған мамандыққа байланысты өз көзқарасын білдіру;
3. Адам өміріндегі тілдің маңызы;

4. Өмір кейпі (оқу кестесі, демалыс, әдет, достарымен қарым-қатынас)
5. Бос уақыт: демалыс, қызығушылық (өнер, спорт, саяхат т.б.)
6. Қала, мемлекеттің астанасы, туған өлке;
7. Қазақстан мемлекеті, оның аймақтары (географиясы, экономикасы, географиясы, тарихы және т.б.)
8. Қазақтың атақты ғылым, мәдениет қайраткерлері.

B1 Студент мынандай коммуникативтік тапсырмаларды орындай алуы қажет:

- кәсіби қатынас саласындағы қатысымдық-тілдік құрылымдарды түсіне және қолдана білуі керек;

- кәсіби бағдарлы мәтіндердегі негізгі ойларды түсінуі, оған қатысты өз ойын білдіруі, мәтін мазмұнын құптауы немесе келіспеуі, қосымша деректер негізінде баяндай алуы қажет. Студент өз мамандығы бойынша ойын жаза алуы, болашақ қызметі туралы баяндай алуы міндетті.

B2 Студент берілген ~~негіз~~ негізінде мынандай коммуникативтік тапсырмаларды орындай алуы қажет:

- кәсіби қатынас саласындағы әр түрлі қатысымдық міндеттерді шешу кезінде мамандығы бойынша түрлі қатысымдық-тілдік құрылымдарды түсініп, қолдана білуі қажет;

- кәсіби қатынас саласындағы қатысымдық-тілдік құрылымдарды бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Барлық шағын стилдерге тән тілдік құрылымдар;

2. Жеке шағын стильдерге тән;

3. Барлық шағын стилдерге тән тілдік құрылымдар:

– нысана анықтамасы;

– нысаналарды, құбылыстар мен заттарды топтастыру;

– құбылысты, үрдісті, қызметті сипаттау;

– құбылыстың, заттың жай-күйінің өзгеруін сипаттау;

– заттың тұрған жерін, орын тәртібін, жағдайын сипаттау.

4. Жеке шағын стильдерге тән:

- жазушының, автордың, тарихи тұлғаның қызметтерін сипаттау;

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті мәселелер төңірегінде сипаттама жасау.

Студент берілген ~~дегей~~ аясында төмендегідей тақырыптар төңірегінде тілдік қатысымға түсе алуы қажет:

– адам және табиғат;

– жер біздің ортақ үйіміз;

– адамның рухани дамуы, т.б.

C1 Студент берілген ~~негіз~~ негізінде мынандай коммуникативтік тапсырмаларды орындай алуы қажет.

Кәсіби қатынас саласында төмендегідей қатысымдық-тілдік құрылымдарға түсе алады:

– жай-күйдің, құбылыстың, заттың, нысананың өзгеру процесі;

– нысананың қолданылуын сипаттау;

– нысаналар арасындағы байланыс пен тәуелділіктің көрінісі;

Жеке шағын стильдерге тән қатысымдық құрылымдар:

– елдің экономикалық, географиялық жағдайын сипаттау;

– өмір сүру ортасын сипаттау;

– тарихи тұлғалардың қызметтерін сипаттау;

Студент берілген деңгей аясында төмендегідей тақырыптар төңірегінде тілдік қатысымға түсе алуы қажет:

– адам және қоғам;

– адам және саясат;

– адам және ғылым;

– адам және экономика т.б.

C2 Студент берілген деңгей негізінде мынандай коммуникативтік тапсырмаларды орындай алуы қажет. Тіл иесінің жылдам айтылған сөзін түсіну. Ғылыми еңбектерді оқып баяндай білу. Мәжіліс, жиналыстарда өзіне қажетті ақпарат пен мәліметтерді жаза алуы. Өз кәсіби шеңберінде кеңес беріп, пікір білдіруі. Өзінің ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша мақала, баяндама жазып, өз пікірлерін қорғай білуі қажет. Ғылыми еңбекке эссе, жоспар (жай және күрделі), пікір, түйіндеме жаза алуы міндетті.

Студенттердің қазақ тілін сөйлесім әрекеті түрлері бойынша меңгеру іскерліктеріне қойылатын талаптар

Негізгі деңгей

Негізгі деңгейдің лексикалық минимумы шамамен 1200-1500 сөз

Тыңдалым бойынша студент әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери, саладағы 250-300 сөзден тұратын мәтінді тыңдап, оның мазмұнындағы негізгі және қосымша ақпараттарды түсе алуы қажет. Мәтінге баға бере білуі керек: мәтінді қолдау, ризашылығын (қарсылығын) білдіру таңданысын, қызығушылығын, мақтаныш сезімін, өкінішін, қуанышын, ренішін, қорқынышын, үмітін білдіру.

Мәтінді оқу қарқыны минутына 220-250 буын.

Мәтін бір рет тыңдалады.

Оқылым әрекеті бойынша студент өзін қызықтыратын салаға қатысты мәліметтерді тікелей алуға болатын мәтіндерді оқып, мазмұнын және негізгі тақырыбын түсінуі тиіс. Студент мәтін бойынша түсінгенін ауызша айтып, берілген сұрақтарға жауап беруі, сұрақ қоя білуі, өз ойын айта білуі және мәтін бойынша түсінгенін өз сөзімен әңгімелеп бере білуі қажет. Бұдан студенттің мәтіннің мазмұнын түсінген-түсінбегенін және сөздік қорының ауқымын бірден аңғаруға болады. Мәтіннің түрлері: әңгіме, баяндама, сипаттама, ұсқау, дәйектеме, хабарландыру т.б. Мәтін көлемі 600-700 сөзден тұрады.

Айтылым бойынша студенттер өздеріне ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, сұхбат құра білуі тиіс. Мұнда олардың рухани танымдары тексеріле келіп, таңдаған тақырыпқа сай сөйлесімде төмендегідей шарттар ескертіледі: студенттің берілген тақырып бойынша көлемі 400-500 сөзден тұратын мәлімдеме жасау, сұхбат құру, серіктесін қоштау т.б. бағыттарды білім-

біліктілігі, дадысы б олуы қажет. Монологтік сөйлеуде студент берілген тақырып бойынша әңгіме құрай білуі, оқыған немесе тыңдағаны бойынша қатысымдық бағытта репродуктивті негізде мәтін түзеуді құрастыра білуі; мәтінде берілген оқиға, ондағы кейіпкерлерге өз көзқарасын айта білуі тиіс.

Диалогтік сөйлеуде студент мыналарды орындай білуі қажет:

– айтушы әңгімесінің мазмұнын түсіну, өткен тақырыптар бойынша сөйлесе білу;

– сөйлеушінің репликасына жауап қайтару;

– диалогті аяқтай білу, өзінің ойын айта білу.

Жазылым бойынша жұмысты орындауда студенттер таңдаған тақырып мазмұнын терең түсініп, оны өз сөзімен жазбаша баяндай білуі және сонымен қатар өзінің осы тақырып бойынша жеке көзқарасын, тұжырымын да жеткізе білгені жөн. Мұның өзі студенттің қазақ тілін қалай меңгергенін, оның қазақша сөз байлығының ауқымын көрсетеді. Әрине, жазба жұмысы студенттердің сөздік қорымен ғана емес, сонымен қатар олардың сауатты жазу қабілеті, сөйлемдегі сөздердің нормаға сай байланыстыруы тұрғысынан бағаланады. Жазба жұмысы (эссе-шығарма) 400-500 сөз көлеміндегі мәтінмен берілуі тиіс. Оқиғаны хабарлау, суреттеу, баяндау түріндегі мәтіндер әдеби тіл нормасына сай болуы қажет.

Жазылым бойынша студент өзіне таныс қызықтыратын мәселелердің толық қатары бойынша қарапайым, нақты сипаттама бере алады. Өз сезімі мен алған әсерін қоса отырып, қарапайым мәтін құрай алады. Шынайы болған немесе көз алдына елестете алатын оқиғалар туралы сипаттай алады.

Өзін қызықтыратын тақырыпқа қысқа, қарапайым эссе жаза алады. Өзінің қызмет шеңберінде кездесетін күнделікті таныс немесе таныс емес мәселелер бойынша жиналған ақпараттар туралы өзінің пікірін хабарлап қортындылай алады. Күнделікті өмірде кездесетін ақпаратты беретін және қолданылған әрекетті түсіндіретін қалпы мен мазмұны стандартты өте қысқа баяндама жаза алады.

Кәсіби бағдарлы деңгей

Кәсіби бағдарлы деңгейдің лексикалық минимумы шамамен 1300-1600 сөз.

Тыңдалым бойынша студенттер бейтаныс кәсіби бағдарлы мәтінді таспадан тыңдап, ақпараттың мазмұнын, тақырыбын, негізгі идеясын, негізгі және қосымша хабарды толық түсіне білуі тиіс. Тыңдалым уақыты – 3-4 минут және бір рет тыңдалады. Мәтін көлемі: 600-800 сөз. Мәтінде 5-6 таныс емес өз кездесуі мүмкін. Диктордың оқу (сөйлеу) қарқыны қалыпты, сөйлеу жылдамдығы: 220-250 буын.

Егер тыңдалым диалог арқылы жүзеге асатын болса, онда студент сұхбаттасушының кәсіби тақырып аясында қойған сұрағын, айтқан ойының мазмұнын тыңдай отырып, түсініп, жауап қайтара білуі тиіс. Диалог көлемі: 10-12 сөйлем құрылымынан тұруы мүмкін.

Әдеби нормада қалыпты жылдамдықпен айтылған нақты және абстрактылы тақырыптағы ақпараттарды тыңдап, түсіне алады. Тіл иесімен дайындықсыз

сұхбатқа түсе алады. Өз қызметі шеңберіндегі тақырыптар бойынша қалыпты нормада айтылған лингвистикалық құрылымы мен мағыналық жағынан орта, нақты және абстрактылы тақырыптардағы негізгі ойды түсінеді. Әдеби нормада ұнтаспаға жазылған хабарламаларды тыңдап, ондағы айтушының бір нәрсеге көзқарасын анықтай алады.

Радиодан әдеби нормада берілген деректі радио хабарлардың және басқа да материалдардың көпшілігін түсіне алады. Ондағы сөйлеушінің сөйлеу мәнерін көңіл күйін анықтай алады.

Мәтінді оқу қарқыны минутына 220-250 буын.

Мәтін бір рет тыңдалады.

Мәтін көлемі 500-600 сөз.

Оқылым әрекеті бойынша студент юлемі 900-1000 сөзден тұратын мәтінді оқып, түсінгенін ауызша айтып, сұрақтарға жауап беруі немесе мәтін бойынша түсінгенін өз сөзімен әңгімелеп беруі қажет. Бұдан студент мәтін мазмұнын түсінген-түсінбегенін және сөздік қорының ауқымын бірден аңғаруға болады. Мәтіндер кәсіби-іскери, арнайы ресми бағытта оқиғаны хабарлау, мазмұнда у, суреттеу негізінде арнайы құрастырылуы қажет.

Кәсіби мәтінді оқу барысында студент мыналарды орындай білуі қажет:

– оқудың әр түрлі стратегияларын қолдана білуі;

– мәтіннің тақырыбын анықтап, оның негізгі идеясын түсіне білуі;

Жазылым бойынша жұмысты орындауда студенттер таңдаған тақырып мазмұнын терең түсініп, оны өз сөзімен жазбаша жеткізе білуі және сонымен қатар өзінің осы тақырып бойынша жеке көзқарасын, тұжырымын да жеткізе білгені жөн. Мұның өзі студенттің кәсіби қазақ тілін қалай меңгергенін, оның қазақша сөз байлығының ауқымын көрсетеді. Шығарма-эссе көлемі – 600-700 сөзден тұруы тиіс. Студент сонымен қатар кәсіби бойынша оқыған кітаптары, мақалалары немесе тыңдаған хабарлары жайында шағын мәлімдеме, түйіндеме жаза білуі қажет.

Айтылымда студенттер өздеріне ұсынылған кәсіби бағыттағы тақырыптардың біріне сұхбат (сөйлесім) құрады. Таңдаған тақырыпқа сай сөйлесімде төмендегідей шарттар ескеріледі:

– берілген тақырып бойынша студент байланыстырып, еркін сөйлей білуі қажет;

– мамандығы бойынша тыңдаған немесеқыған мәтіннің, естіген ақпараттың мазмұнын айта білуі, ондағы оқиғаға өз көзқарасын білдіре білуі, оны өзінше толықтыра білуі тиіс.

Студенттің берілген тақырып бойынша көлемі 700-800 сөзден тұратын мәлімдеме жасау, сұхбат құру, әңгімені қоштау т.б. бағытта білім, білік дағдысы болуы қажет.

Мамандық тілі деңгейі

Мамандық тілі деңгейінің лексикалық минимумы шамамен 1800-2000 сөз.

Тыңдалым бойынша бейтаныс үпнұсқа 900-1000 сөзден тұратын кәсіби мәтінді таспадан тыңдап, студент:

- берілген нақты мамандық саласындағы танымдық-қатысымдық міндетті шешуге керекті ақпаратты тыңдап түсіне білуі;

- түсіндірмелі сипаттағы монолог түрінде берілген мамандық саласы жайындағы ойды, тақырыпты, негізгі мазмұнды, оның жеке мағыналық бөліктері бойынша негізгі ақпаратты тыңдау арқылы түсіне білуі тиіс.

Сонымен қатар:

- іскери-ресми кездесулердегі екі немесе бірнеше адамдардың арасындағы бойынша сұхбат мазмұнын, негізгі ойды түсініп, қорытынды жасай білуі керек.

Мәтіндердің тақырыбы студенттердің таңдап алған мамандықтарына сәйкес алынады.

Оқылым әрекеті бойынша көлемі: 1000-1200 сөзден тұратын мамандықтарына сай мәтінді мұқият оқып, студент:

- оқылған мәтіннің негізгі мазмұнын, жеке мағыналық бөліктері арасындағы логикалық және себеп-салдарлық байланысты түсіне білуі керек.

Студент мамандық саласы бойынша берілген мәтіннің мазмұнын өз көзқарасы тұрғысынан толықтырып, өзгертулер енгізе отырып, әңгімелеп бере білуі қажет. Мәтіннің түрі: жалпы ғылыми, жалпы кәсіби және арнайы мамандық саласы бойынша құрастырылуы тиіс. Мамандық саласы бойынша берілген мәтінді, ғылыми мақаланы, баяндаманы оқу барысында студент мыналарды орындай білуі қажет:

- оқудың басты стратегияларын қолдана білуі;

- мәтіннің негізгі идеясын түсініп, оның ішінен өзіне қажетті ақпаратты ала білуі;

- хабарға, апаратқа өзінше түйіндеме жасап, автордың ойына баға бере білуі тиіс.

Жазылым бойынша жұмысты орындауда студенттер таңдаған тақырып мазмұнын терең түсініп, оны өз сөзімен жазбаша жеткізе білуі және сонымен қатар өзінің осы тақырып бойынша жеке көзқарасын, тұжырымын да жеткізе білгені жөн.

Егер эссе-шығарма болса, мәтін мазмұнының ауқымы 800-1000 сөзден тұруы тиіс. Реферат мәтінінің ауқымы 10-15 бет, аннотация және кәсіби іскерлік қағаз үлгілері 0,8-1 бет, ал конспект мәтінінің ауқымы 3-5 болуы тиіс.

Студент сонымен қатар:

- мамандығы бойынша таңдап алған тақырыпқа жоспар құру арқылы осы тақырып бойынша естіген, оқыған мәтін мазмұнында берілген ойды қайта жаңғырту, толықтыру, өз бетінше өңдей білуі тиіс;

- ғылыми баяндама, мәлімдеме, хабарлама жазу үшін ойды логикалық жүйемен жазбаша құра білуі тиіс;

- нақты мамандығы бойынша оқыған кітаптары, мақалалары немесе тыңдаған хабарлары жайында шағын мәлімдеме, түйіндеме жасау білуі қажет.

Әдеби шығармалар немесе мақалаларға сыни баға беріп, күрделі жоспар, эссе, түйіндеме, пікір жаса алады.

Айтылым бойынша студенттер өздеріне ұсынылған тақырыптардың біріне таңдауы бойынша сұхбат (сөйлесім) құрады. Таңдаған тақырыпқа сай сөйлесімде төмендегідей шарттар ескеріледі: Студенттің берілген тақырып бойынша 800-900 сөз аясында таңдаған кәсібі, мамандығы жайында әңгемелеп айта білуі, баяндама жасай алуы, сұхбат құра білуі тиіс. Егер тапсырма жеке немесе шағын топқа арналған монологтық сөйлеу болса, айтылым уақыты 4-5 минут, қарқыны- минутына 170-200 сөз болуы тиіс. Ал диалогтық сөйлеу болса, айтылым қарқыны – минутына 160-180 сөз.

Диалогтық сөйлеуде студент:

- айтушының ой-пікіріне өзінің тұжырымдарымен жауап беріп, әр түрлі сұрақтар қою негізінде өзіне қажетті ақпаратты ала білуі;
- мамандығы бойынша жаңалықтармен бөлісіп, ол жайында өз көзқарасын серіктесіне жеткізе білуі;
- естіген ақпараты жайындағы өзіндік тұжырымын дәлелдей білуі тиіс.

Студент мағынаның түрлі реңктерін дәл беретіндей тыныс белгілермен дауыс ырағын ұтымды қолдана отырып, тез және ешқандай қиындықсыз хабарлама жасай алады. Қиын тақырыпты талабына сай мейлінше жеңілдетіп, түсінікті, дәл жеткізе алады. Аудиторияда берілген кез-келген сұраққа еш қиналыссыз жауап бере алады.

Идиомалық және ауызекі оралымдарды жақсы біледі. Мағыналық реңктерді дәл бере алады. Пайда болған қиындықтарды тез тауып, түзей алады.

Қазақ тілін меңгеруде жаңа технологияларды қолдана оқытудың маңызы зор. Мысалы, қытушылар өз әжірибелерін білім берудің мынадай технологиялар түрлерін қолданады:

- деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту технологиясы;
- модульдік технология;
- дамыта оқыту технологиясы;
- ақыл-ой, іс-әрекеттердің кезең бойынша қалыптасу технологиясы;
- танымдық іс-әрекеттерді жандандырудың тәсілдерін оқыту технологиясы;
- ынтымақтастықта оқыту технологиясы.

Студенттің дамуын үйлесімді нәтижеге жеткізу үшін оқу жүйесі ғылыми-педагогикалық негізінде жасалуы қажет. Сабақ кезінде модульдік оқыту технологиясын қолдана отырып, студенттердің жеке дамуына көңіл бөлуге болады. Модульдік оқыту технологиясы жаңа технологиясының әр пән бойынша ерекше қолдануда. Оқу модулі 3 құрылымдық бөлімнен тұрады: кіріспеден, негізгі білімі және қорыту. Әр модульге оқытушы өз уақытын бөліп, қойылған мақсаттарына жетуге тырысады. Оқытушы сабақты ұйымдастыру түрлерін ойластырады. Оқу материалдарын тақырыптың мазмұнына сәйкес деңгейлік тапсыру болуы қажет. Әр деңгейді орындап, ең соңғыда студент баға алады. Модуль үлгісі 21-кестеде берілген[25].

21- кесте - Модуль үлгісі

Модуль құрылымы	Сабақ саны	Сабақтың түрі мен мазмұны	Минут саны
Бекіту бөлімі	1 – 2 сабақ	Модуль құрылымымен таныстыру. Студенттер алдына қойылатын мақсаттарын айту. Сабақта ережені тірек сызбалар арқылы түсіндіру. Практикалық тапсырмаларды орындау Алған білімдерін бекіту.	6 4 10 20 5

Мұндай жұмыс түрі оқытушы студенттерден жоғары әдіскерлік шеберлікті, жоғары кәсіби деңгейді талап етеді.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, ойын еркін білдіру, тиімді шешімдер қабылдауға жеке тұлғаны қалыптастыру. Біз, оқытушылар, бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, түрлі тәсілдер, әдістер және инновациялық технологияларды қолдануымыз керек. Әр оқытушы заман талабына сай өз жүргізетін пәні бойынша жаңа технологияларды пайдаланса, болашақ маманның білім сапасын тереңдетіп пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Қорытынды

Адамзат тарихының сандаған ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады.

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді. «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талайқыын -қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді[27].

Мемлекеттік тіләуәлсіздігіміздің жырын жырлап, мемлекетіміздің бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы — тіл» - деген Ахмет Байұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата Заң аясында бақ-берекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Жалпы, тіл жеке адамның шаруасы емес. Мемлекеттік де басыбайлы дүниесі емес. Тіл – халық қазынасы, ұлттық жаны. Тілдің мәселесі - ұлттық мәселесі[10].

Осыған орай, бүгінде Елбасының Қазақстан халқына жолдаған жолдауында белгіленген басым бағыттардың бірі – барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударылып отыр. Сондықтан қоғамда қаз ақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кәйту еліміз саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала береді[28].

«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 -2020 жылдар арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тілді үйретудің жүйесін жасау бағдарламада: «Үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқыту жүйесін әзірлеу және енгізу» деген арнайы бағыт ауқымында айқындалған. Бағдарламаның осы бағыты бойынша қазақ тілін оқытудың стандарт-технологиясы дайындалды, тіл үйрету қарапайым пайдалануды қамтамасыз ететін А1-А2 деңгейлері бойынша, дербес пайдалануды қамтамасыз ететін В1-В2 деңгейлері бойынша және іскерлікпен пайдалануды көздейтін С1 -С2 деңгейлері бойынша мемлекеттік тілді оқытудың көп деңгейлі жүйесі жасалды. Бұл стандарт - технология мектепке дейінгі, орта, арнайы орта, жары және жоғары оқу орынан кейінгі мемлекеттік білім беру стандартына енгізілді. Яғни, бағдарламада көзделген үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқыту стандарт-технологиясы міндеттілікке айналады[10].

Әдістемелік құралда:

- халықаралық стандарттар негізінде мемлекеттік тілдің оқыту мен меңгерудің негізгі шарттары;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді оқытудың жолдары;
- жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың ерекшеліктері;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді оқытудың тиімді жолдары;
- жоғары оқу орны жағдайында мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік негіздеріне қатысты зерделеу мен насихаттауға арнап жүрген ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектеріне шолу жасалды.

Сонымен қатар, әдістемелік құралда бірнеше үлгілік сабақ жоспарлары қоса беріліп отыр. Бұл құрал қазақ тілін оқытуда мұғалімдерге әдістемелік жағынан көмек ретінде ұсынылады.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорытындылайтын болсақ, тілдік ахуал уақыт өткен сайын жақсарып келеді. Қазақ тілін меңгерту үшін көптеген технологиялар, әдіс-тәсілдер қолданылып, оқыту әдістемесі де әлемдік тәжірибеде қалыптасқан игі үрдістің нәтижесін ескере отырып жасалды. Отандық білім жүйесінің, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері осы үрдіспен үндесіп, тілді меңгерудің Қазақстандық жаңа үлгісі әзірленді. Енді тіл үйренуге ықылас артып, үш тілде еркін сөйлейтін жастар қатары көбейіп, еліміздің жаңа қоғамын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Юсупов Ғ.С. Тіл тірегі-тәртіп. «Ана тілі» газеті, №47(1201) 28 қараша, 4 желтоқсан 2013 ж.
- 2 Тілешов Е. Қытудың бірізді -сатылы бағдарламасы мемлекеттік тілді дамыту үшін қажет [Электрондық ресурс]: <http://anatili.kz>.
- 3 Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген.
- 4 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
- 5 Сытдыков К. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі. - Алматы, 1956.
- 6 Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 2008.
- 7 Оразбаева Фәлемі Тіл [Электрондық ресурс]: http://doc.nlrk.kz/result/ebook_105/index.html.
- 8 Шадиева Н.Х. Мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту жүйесі. Астана, 2007
- 9 Шаханова Р. А. Мемлекеттік тілді үйретуде ескерілетін психологиялық ерекшеліктер [Электрондық ресурс]: <http://www.rusnauka.com>.
- 10 Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі білім. [Электрондық ресурс]: <http://www.edu.gov.kz>.
- 11 Мектеп жасына дейінгі ұғымдарда тіл дамыту курстық жұмыс <http://www.topreferat.com>.
- 12 Бақраденова А. Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту [Электрондық ресурс]: http://irbis.ppi.kz/cgi-bin/irbis64r_91.
- 13 Оразбаева Ф.Ш., Аяпова Т.Т., Дәулетбекова Ж. Т., Рахметова Р. С., Рауандина А. Қ., Мәдиева А.Т. Қазақ тілі. Оқыту қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептің 1 -4-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы (қарапайым және негізгі деңгей). Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013. – 41б.
- 14 Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы
- 15 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы.
- 16 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 14.12. 2012 ж.
- 17 Национальная академия образования им.Ы.Алтынсарина. Учебные программы по предметам образовательной области «Язык и литература» уровня основного среднего образования, Астана 2013.
- 18 Тұрсынова Г.Т. Мемлекеттік тіл - қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері [Электрондық ресурс]: <http://www.rusnauka.com>.
- 19 Абилова А. Н. Қазақ тілін оқытуға деген жаңа көзқарас [Электрондық ресурс]: <http://pedagog.kz>.

20 Леонтьев А. А. Потребности, мотивы, эмоции. Конспект лекций. - М.: Издательство МГУ, 1971.

21 Саланович Н. А. Лингвострановедческий подход как средство повышения мотивации при обучении иностранному языку в старших классах средней школы (на материале французского языка): Автореф. дис. канд. пед. наук. - М., 1995. - 23 с.

22 Шаханова Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.док.дисс. –Алматы, 2002. – 327 б.

23 Мешимбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: Пед.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 1999. –163 б.

24 Алдамбергенова Г.Т. Кәсіптік мектептердің орыс бөлімі оқушыларының қазақша сөйлеу тілін құрылысшы мамандығына сәйкес мәтіндер арқылы дамыту: Пед.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2002. -161б.

25 Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылымәрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. авторефераты, Алматы, 2003, 29 б.

26 Такишева Г. «Модульдік технологиясын пайдаланудың тиімділігі», // Білім. Алматы, № 4, 2009 ж., 14-17 б.

27 Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі [Электрондық ресурс]: <http://el.kz>

28 Қазақ тілі жайында бірерәс немесе қазақ тілі туралы ой толғау. [Электрондық ресурс]: <http://1referat.kz/til-gylymy-filologiya>.

29 Жүнісова Р.Қ. Қазақ тілі сабағында оқушылардың ауызекі сөйлесуін Еуростандарт негізінде қаратты - коммуникативтік технологиялар арқылы дамытуды басқару[Электрондық ресурс]: <http://kzgov.docdat.com/docs/486/index-294865.html>.

30 Бекишева Р.Е.Қазақ тілін жаңаша оқыту әдістемесі[Электрондық ресурс]: <http://www.rusnauka.com>.

31 Оқыту орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде жүргізілетін мектептерге арналған «Қазақ тілі» [Электрондық ресурс]:<http://tak-to-ent.net>.

32 Қазақ тілі мәңдебиеті орыс мектебінде. Республикалық ғылыми - педагогикалық басылым. №2/2010, 3-5 б.

33 Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт. авторефераты, Алматы, 2009, 44 б.

34 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. 2 изд. М. Просвещение, 1991. - 312 с.

Қосымша

Қазақ тілін халықаралық стандарт негізінде деңгейлеп оқытудағы сабақ үлгілері

Өткізген мұғалім: А.Т. Исабекова, *қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Пән: қазақ тілі

Сынып: 6 сынып

Сабақтың тақырыбы: Жабайы аңдар. Сын есімнің шырайлары.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Жабайы аңдар және сын есімнің шырайлары тақырыбы бойынша білімдерін қайталау. Өздіктерінен ізденулеріне мүмкіндік жасау.

Дамытушылық: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру арқылы ұйымшылдық қабілеттерін ояту. Әр оқушының қабілетін дамыту, өзін-өзі басқарып, пікірін қорғап, дәлелді сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Бір-бірінің пікірін сыйлауға, табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: қайталау сабағы.

Оқушылар үшін оқыту нәтижелері: жабайы аңдар туралы қосымша түсінік алады, сын есімнің шырайларын айыра алады, топта талдау жасай алады.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: топтық, жұптық, сұрақ-жауап, рөлдік.

Жаңа технология элементтері: сын тұрғысынан ойлау, диалогтық оқыту, жас ерекшеліктеріне байланысты, білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау, білім беруде АКТ пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту.

Сабақтың көрнекілігі: кеспе карточкалар, суреттер, интерактивті тақта, флипчарттар.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру:

- Амандасу.
- Психологиялық ахуал. Оқушыларды шаттық шеңберіне шақыру.
- Біз күнде аспанға қарағанда нені көреміз? Күннің көзі бізге не береді? Күннің көзі бізді қалай жылытады? Олай болса, жүректерімізді ұстап, жылуын сезінейікші. Жүрек жылуын бір-бірімізге берейік. Оқушылар бір-біріне жылы сөздер айтады.


Үй тапсырмасын тексеру. Жана сөздерді сұрау.

Жаңа сабақ.

2 флипчарт. Тыңдалым. Жабайы аңдар туралы мәлімет беру

Жадында жүрсін!

Ассоциация.



«Жабайы аңдар» сөз тіркесін естігенде қандай сөздер естеріне түседі? (Оқушылар өз ойларын тақтаға жазады. Әр оқушы өзінің бұл сөзді неге жазғанын түсіндіріп береді.)

3 флипчарт. Сахналық көрініс. Тілдесім.

«Бауырсақ» ертегісінен үзінді көрсету. Ертегі көрсетіп болған соң, бұл ертегі оқушыларды неге тәрбиелейтінін сұраймын.

4 флипчарт. Қайталау – оқу анасы.

Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, жауаптарын лупа арқылы тексереді.

- Сын есім дегеніміз не?
- Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?
- Сын есімнің шырайлары?
- Сын есімнің жай шырайы қалай жасалады?
- Сын есімнің салыстырмалы шырайы қалай жасалады?
- Сын есімнің күшейтпелі шырайы қалай жасалады?
- Сын есім сөйлемде қандай қызмет атқарады?

5 флипчарт. Жазылым. Семантикалық картамен жұмыс. Оқушылар орындарында отырып орындайды. Орындап болған соң, тақтамен тексереді.

Сын есім	Үлкен	Үлкендеу	Өте әдемі	Күштірек	Әп-әдемі	Ұсақ
шырай						
Жай						
Салыстырмалы						
Күшейтпелі						

7 флипчарт. Білгенге - маржан.

Топтық жұмыс.

- Оқушыларды сын есімнің шырайлары арқылы екі топқа бөлу. (салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай).

- **Тренинг.** Бір-бірінің арқасына сурет салып, топтық жұмыста бір-бірін түсініп, сезіп, пікірлерін сыйлау үшін тренинг өткіземін. Соңғы тұрған оқушыға тапсырма беріледі. Ал топ мүшелері бір-бірінің арқасына суреттеп салады. Осылай бірінші тұрған топ мүшесі ол суретті қағазға түсіру керек. (күннің көзі, үй)

«Күшейтпелі шырай» тобының тапсырмасы. Жабайы аңдардың зияны туралы мәлімет дайындайды.

«Салыстырмалы шырай» тобының тапсырмасы. Жабайы аңдардың пайдасы туралы мәлімет дайындайды.

Әр топ өз жұмысын бағалау тәртібі бойынша бағалайды.

8 флипчарт. Бағалау тәртібі:

1. Топ ережесін сақтау – 1
2. Жауаптары тақырыпқа сай болу – 2
3. Стилистикалық қателер жібермеу – 2

9 флипчарт. Сергіту сәті. Қоянға сипаттама беру.

10 флипчарт. Оқылым. Оқулықпен жұмыс.

11 флипчарт. Айтылым. Зерделі сөзге зер сал.

Мақал-мәтелдерді толықтыру. Мағынасын ашу. Сын есімдерге морфологиялық талдау жасау.

1. **Өлі арыстаннан тірі** тышқан артық.
2. **Балалы қоян** қаша алмайды.
3. **Айталы түлкі** алдырмас.
4. **Мықты қасқыр** – тай құнанға шабады.

Мықыр қасқыр – қозы, лақты қағады.

12- флипчарт. Сабақты қорытындылау.

Білім сыны.

Оқушыларды екі топқа бөлу. 1-топ «Жабайы аңдар» және 2 -топ «Ұй жануарлары» Екі топ бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді.

Рефлексия. Не білдім? Не білгім келеді? Неқиындық тудырды? Оқушылар сабақ бойынша өз ойларын білдіреді.

Үйге тапсырма. Сын есімді қатыстырып жабайы аңдар туралы мәтін құрастыру.

Бағалау. Оқушылардың білімдерін бағалау.

Өткізген мұғалім: Г.Қ. Мұқанова, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Пән: қазақ тілі

Сынып: 7 сынып

Сабақтың тақырыбы: Еліммен таныстыру

Сабақтың мақсаты: Менің Қазақстаным бөлімі бойынша алған білімдерін пысықтау.

Отанын, туған жерін сүйеге, елінің нағыз патриоты болуға тәрбиелеу.

Өзге халықтардың тілін құрметтеуге шақыру, қазақ тілінде сауатты сөйлеуге дағдыландыру.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

1. Оқушылармен амандасу.

2. **Мотивация кезеңі:** Басымызды сипаймыз жабы ойлау үшін, құлағымызды сипаймыз жақсы есту үшін, көзімізді сипаймыз жақсы көру үшін, алақанымызды сипаймыз жақсы баға алу үшін. Ал, балалар сендерге бүгінгі сабаққа сәттілік тілеймін.

3. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.

2. Өткенді қайталау.

А) Оқушы «Туған өлкем» Ө.Тұрманжановтың өлеңін орындайды.

(Музыка, «Туған жер» тақырыбы бойынша слайдтар көрсетіледі).

Көгінде көк нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы менің туған өлкем.

Ә) Мұғалімнің сөзі.

- Біздің сабағымызға Англиядан қонақ келіп отыр. Оның осында келу мақсаты- Қазақстан туралы көп мәлімет алу.

Қазір осы қонағымызбен танысайық. Алдымен біз өзімізді таныстырып өтейік.

Оқушы: Біз Абай атындағы №6 гимназия мектебінің оқушыларымыз. Биыл біз 7 «Б» сыныбында оқимыз. Біздің сыныпта 25 оқушы бар. Мектепте үш тілді меңгеріп жүрміз: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін. Біз бәріміз жақсы оқимыз.


Қонақ: Менің атым - Элис. Мен Англиядан келіп отырмын. Журналист болып істеймін. Қазір мен дамыған елдер туралы мақалалар жазып жүрмін. Енді Қазақстан туралы жазғым келеді. (Қонақ ағылшын тілде сөйлейді, аудармашы аударды).

Мұғалім: Ал, біз сендермен өз Отанымыз туралы көп білеміз, берілген тапсырмаларды орындау арқылы қонақтарға қажетті ақпарат бере аламыз деп ойлаймын.


Айтылым 1- тапсырма. «Бәйге ойыны». Қазір «бәйге ойыны» арқылы мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
2. Біздің республикамызда қанша ұлт өкілдері тұрады?
3. Мемлекеттік тіл қай тіл?
4. Қазақстанның жер көлемі қандай?
5. Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.

2- тапсырма. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер
Шымкентте не өседі? Қызылордада не өседі? Астана неге бай?
Қарағанды не береді? Павлодар не шығарады?
Осы қалалардың арасындағы әсем қалалардың бірі – Астана.



3- тапсырма Тірек-сызба арқылы әңгімелесу.
Қазақ халқы, қазақ тілі.



Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі.

1989 жылы қазақ тілі Мемлекеттік мәртебе алды.

Қазақ тілі түркі тобына жатады.

Қазақ тілі – өркендеген мәдениеттің тілі, ғылыми тіл, ресми іс қағаздардың тілі.

Жазылым 4- тапсырма. Сөйлемдерге нүктенің орнына керекті сөзді жаз.

Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.

Қазақстан жетістіктері

Қазақстанның ең жетістігі - ұлтаралық мен бейбіт.

Қазақстан мемлекеті – Біріккен Ұйымының мүшесі. Қазақстанның өз

..... бар. Біздің елімізде Жер шарында кездесетін кен бәрі

бар. Қазақ Т.Әубәкіровпен Т. Мұсабаев ұшты.

Керекті сөздер: үлкен, гарышқа,

келісім, армиясы, Ұлттар, байлықтарының, азаматтары.

5- тапсырма. Жеке топтық жұмыс. *Кәртiшкелермен жұмыс.*

1. Төмендегі сөздерді сөз құрамына қарай талдаңдар.

Мемлекетіне, елімді, халқымның, байлықтарын, азаматтары

2. Сызба бойынша тақырыпқа байланысты сөз тіркестерін құрастыр.

есімдік + зат есім

зат есім+ етістік

сын есім + зат есім

3. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастыр.

4. Сызба бойынша тақырыпқа байланысты сөз тіркестерін құрастыр.

есімдік + зат есім

зат есім+ етістік

сын есім + зат есім

5. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастыр.

6. Төмендегі сөздерді сөз құрамына қарай талдаңдар.

Мемлекетіне, елімді, халқымның, байлықтарын, азаматтары.

7. Сөйлемдерді аяқта.

1. Қазақстанның жері

2. Табиғаты

3. Мұнда,, бар

4. Қазақстан - бай өлке.

Оқылым 6-тапсырма. Оқушы Қадыр Мырза Әли өлеңінің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңін мәнерлеп оқып шығады.

Сөйлесім 7-тапсырма.

А) Мұғалім: Қазақтарда кішкентай нәресте дүниеге келгеннен «бесікке салу», «балаға ат қою», «тусау кесу», «шілдехана» т.б. дәстүрлері бар.

Қазір сол салт-дәстүр бойынша көрініс көріп тамашалайсыздар.

Дәстүр көрсету. «Балаға ат қою», «Тұсау кесу»

Ә) Мұғалім: Біздің еліміздің де өзінің аты бар. Өзінің туған күні бар. Қазақстан Республикасының туған күні қашан тойланады?

Қазақ елі де тұсауын кесіп, дербес, егеменді, тәуелсіз мемлекет болды. Тәуелсіздік күні қашан тойланады? Ал 1995 жылы атақ За қабылданды. Конституция күні қашан тойланады?

Мұғалім: Сендер Қазақстанның тағы қандай мейрамдарын білесіңдер? Осы сызбаны толықтырыңдар.

Тақтада :	8 наурыз	22 наурыз	
	1 қаңтар	1 мамыр	9 мамыр

Тыңдалым 8-тапсырма. «Тәуелсіздік» өлеңін мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындаңдар.

«Сабақ бөліктері» ойыны. Оқушылар 3 топқа бөлінеді

1-топ - «Кіріспе» 2-топ – «Негізгі ой» 3-топ – «Қорытынды»

Ал енді сабағымызды батамен аяқтайық.

Оқушы: Сабақтарымыз жемісті болсын!

Қыздарымыз сауатты болсын!

Ұлдарымыз білімді болсын!

Келген қонақтарымыз сыйлы болсын!

Барлық балаларымыз қазақша сөйлеп кетсін!

Қонаққа сөз берейік.

Қонақ : Қазақстанға келгеніме ризамын. Сендер маған көп мәлімет бердіңдер. Рақмет сендерге.

Бағалау.

Үйге тапсырма: Қазақстан туралы бес жолды өлең жазу

Авторы: Педагогика ғылымының докторы, профессор Құрман Несібелі Жакенқызы

ТАҚЫРЫБЫ: Мекеменің жеке құрамы (қызметкері) бойынша құжаттар



СӨЗ МАҢЫЗЫ

Түйіндеме
жеке іс парағы
еңбек шарты
еңбек өтілі

өтініш
өмірбаян
анықтама
еңбекақы

СӨЗ СӨЗДЕН ТУАДЫ

Жазылым

1-тапсырма. Төмендегі сөздерге қажетті сөз тудырушы жұрнақтарды жалғаңыз.

Бөл, күл, бұр, келіс, біт, көсе, тап, кір, шық, күре, жең, тұр, сұра, тіле, қыс, сұрт, өтін, өкін, қуан, сүйін, тас, тұр, тұт, қорыт, үй, іл, жұм, бат, сал, бас, еге, өлше, жаса, түйре, оқу, егемен, ел, хат, тыныш, бірлік, тәуелсіз, шаруа, бейбіт, маңдай, бақ, бөлім, жер, заман, туыс, иман, мәдениет

Қажетті жұрнақтар: -шы, -ші; -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік; -шылық, -шілік; -ша, -ше; -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес; -сыздық, -сіздік; -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; -қы, -кі, -ғы, -гі; -ым, -ім, -м; -ыс, -іс, -с; -ақ, -ек, -қ, -к; -қыш, -кіш, -ғыш, -гіш; -ын, -ін, -н; -ыш, -іш, -ш; -қын, -кін, -ғын, -гін; -ынды, -інді; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек; -у, -уыш, -уіш

СЫЛДЫРЛАП ӨҢКЕЙ КЕЛІСІМ

2-Тапсырма. Бірінші қатардағы сөздерді екінші қатардағы сөздермен сәйкестендіріңіз.

Түйіндеме
Хабарландыру
Құжаттарын
Еңбек шартына
Еңбек
Штатта
Анықтама
Жұмысқа
Хатшымен
Кадр
Мекеме
Басшымен
Өзі жайлы
Мемлекеттік

кітапшасы
тапсыру
отырды
жинады
берді
қабылдау
әңгімелесу
жоқ
қажет
кеңесті
айту
басшысы
бөлімі
қызметкер

СӨЗ ЛҰҒАТЫ

✓ **Жеке адамдардың іс қағаздары** – қандай да бір адамның құжаттары енген іс-қағаздары (өмірбаян, білім, еңбек немесе қоғамдық қызметі туралы)

✓ **Жеке құрам бойынша картотека** – жеке тұлғалардың еңбек өтілі, білімі, еңбекақысы, әскерде қызмет етуі, әлеуметтік жағдайы және т. б. бар құжаттамалық материалдар каталогы

✓ **Қол қойылған құжат** – құжаттың көшірмесін растайтын, куәландыратын лауазымды тұлғаның немесе автордың қолы қойылған құжаты

✓ **Құжат** – заңды күші бар материалдық тасымалдаушыдағы ақпарат

✓ **Төлқұжат құрамы** – қол мен мөр

✓ **Шарт** – құқықтық қатынасты белгілеу, өзгерту немесе тоқтатудың келісім – шарты

✓ **Өтініш** – мекемеге немесе лауазымды тұлғаға өтінішпен немесе сұраныспен хабарласқан құжат (мысалы, кезекті еңбек демалысын беру туралы, жұмысқа қабылдау туралы, жәрдемақы беру туралы т. б. өтініштер)

СӨЗ СЫНЫ

✚ **3-тапсырма.** Төменде берілген сөздерді сөз құрамына талдаңыз

Үлгі: Түбір - жұрнақ – жалғау

құжаттану, құжаттама, анықтамалық., ұйымдастыруды, әдістемелік, нұсқаулықтар, айналымдары, бағытталғандықтан, түпнұсқалығын, құрастырылған, қалыптастырылатын, деректемелерін, тасымалдаушылар, кеңесшілер, өтініштерін, қолданушылардың, куәландырылған, көшірмелер, жазбаша, тігілгендіктен, хабарласқандықтан, жарнамалау, хабарландыру түйіндеменің, әңгімелесті, жоспарлаумен, бөлімшелермен, мәлімдеме.

ОЙ ТҮЗІЛІМІ

✚ **4-тапсырма.** Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалуына көңіл бөліңіз

Егер мен келісім-шарт талаптарын орындамасам, онда мен кінәлі боламын. Екі күн ішінде сізден жауап алмасақ, біз сіздің орныңызға басқа қызметкер аламыз. Егер олар бізге ескерпесе, онда біз қайдан білеміз. Сіздер шикізатты уақытында жеткізіп тұрсаңдар, біз оның төлемақысын кешіктірмейміз. Бұл хабарландыру уақытында жетпесе, біз жұмыссыз қалатын түріміз бар. Ертең бәрі жақсы болса, біз жиналысты қытында өткіземіз. Жиналған адам көп болса да, қатысқандары санаулы ғана. Әлдебір ой құшағына түскендей, ол жылдам жүріп кетті.

СӨЗ МӘРТЕБЕСІ

✓ **Бұйрық** – 1. Негізгі және жедел тапсырмаларды орындау мақсатында жеке басшылық негізінде әрекет ететін мемлекеттік басқару органының (оның құрылымдық бөлімшелерінің) басшысы шығарған құқықтық акт. Кей жағдайларда бағыну тәртібіне қарамастан ұйымның барлық ортасына және лауазымды тұлғаға да қатысты болуы мүмкін. 2. Мемлекеттік орган және ведомстволық арбитраждың шешімін міндетті түрде орындауға беретін құжаты

ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

Оқылым

✚ **5-тапсырма.** Нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз

Біреуге – алтын – күміс бер, біреуге – атақ біліс бер, біреуге – тек жұмыс бер.
Бұл өмірді беріпті ғой азапқа – қызық қуып, бос өткізіп азайтпа!
Қанша ұлы болсаң да – «бәрін білемге» малданбағайсың

Жүсіп Баласғұн

Жақсы адамдар қанша қателессе де, оларға кешіріммен қараңыздар, қатыгездік жасамаңыздар, өйткені Алланың өзі оларға қамқоршы болады.

Имам Алидің хикметтері

- Табиғатынан біліп туған адам ең жоғары қатардан саналады. Одан кейін шыр етіп дүниеге келгеннен кейін ізденіп, ілім – білімді игерген адам тұрады. Одан соң білместігінен қиындыққа ұшырап, білім қуғандар. Содан кейін барып, басына қиындық туса да ізденуге мойыны жар бермейтін жалқаулар қатар түзеді,-депті *Конфуций*

Адам неғұрлым білімді болса, соғұрлым ол өзінің Отанына көбірек пайда келтіреді.

А. Грибоедов

Жақсы мінез-құлық мөлшерлі әрекеттер арқылы келеді.

Әл-Фараби

✓ **Нақыл сөзді жатап алыңыз!**

Майқы бидің сөздерінен..

Өлі заман өзгерер, Өзгергенін көз көрер, Мінгенің арба болар, Бар құс қарға болар. Жансыз арба ат болар, Өз балаң өзіңе жат болар, Темірден құс болар. Ұрпағымның көргені сұс болады. Адам басы ауырып дақ шатылар, Базарыңда сұйылып сүт сатылар. Еркек билік тұл болар, Сиыр пұл болар, Еркек жасып и болар, Тумысыңнан тамаққа таршырсың.	Баққаның өсек болар, Қатының өзіңе көз болар. Қатын тұлданып би болар. Иекке тиер қызыл аз болар, <i>Адам шаптан айрылып таз болар.</i> Он бесте азуыңды аршырсың, <i>Тастан аяқ болар,</i> <i>Балық саяқ болар.</i> <i>Сары судан ас шығар,</i> <i>Балаң өзіңе қас шығар.</i> <i>Жер тақыр болар,</i> <i>Жұрт пақыр болар.</i> <i>Осындай қилы заман болар,</i> Енді төрт мың жылда, Дүние тамәм болар.
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------



6-тапсырма. Мақал – мәтелдерді оқып есте сақтаңыз

1. Изгілердің ісі – игі.
2. Көркем өнер-адамзатты жақындастыратын құралдың бірі.
3. Білік бағасын білікті білер.
4. Еңбек - адамның екінші анасы.
5. Еңбек ер атандырады.
6. Еңбексіз өмір - сөнген көмір.
7. Байлықтың атасы - еңбек, анасы – жер.
8. Адамды білім сақтайды.
9. Аңсаған істің айбы білінбейді
10. Тақ пен бақ бір емес.

ОЙ ТҰТАСТЫҒЫ

Тыңдалым



Мекеменің жеке құрамы (қызметкері) бойынша құжаттар

Мекеменің басқару қызметі кадрларды іріктеуді және орналастыруды, азаматтарды жұмысқа қабыла дауды, баса жұмысқа ауыстыруды және босатуды дақамтиды. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, босату, кезекті еңбек демалысын беру, көтермелеу кезінде ресімделген құжаттар жеке құрам бойынша құжаттар тобын құрайды. Бұл жеке құрам бойынша бұйрықтар, өтініштер, мінездемелер, еңбек кітапшалары, жеке карточкалар, сондай-ақ жеке іске тігілетін барлық құжаттар.

Кадр құжаттарының маңызы оларда азаматтардың еңбек етуге, білім алуға, зейнетақымен қамсыздануға және басқаларына құқықтарын іске асыруға қажетті мәліметтер белгіленетіндігінен жүрінеді. Ал бухгалтерлік есеп үшін кадр құжатары бастапқы есептік құжат болып табылады. Осы құжаттар негізінде бухгалтерлік есеп жүргізіледі. Сөйтіп, жеке құрам бойынша бұйрықтардың негізінде бухгалтерлік жалақы, үстемақы, сыйлықақы, іссапар шығыстарын және с. с.-ды есептеп төлейді.

Кадр құжаттарын жүргізуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерінде белгіленген. Бастапқы есептік құжаттардың бірегейлендірілген нысандары бекітілген. Қажетіне қарай осы бастапқы есептік құжаттарға қосымша деректемелер енгізуге болады. Бұл ретте бастапқы есептік құжаттың бірегейлендірілген нысандарының барлық деректемелері (коды, нысанның нөмірі, құжаттың атауы) толығымен сақталады. Бірегейлендірілген нысанның кейбір деректемелерін жоюға жол берілмейді.

Енгізілген өзге рістер ұйымның тиісті ұйымдық -құқықтық құжатымен (бұйрық) ресімделуі керек.

Кадрларды есепке алу байланысты құжаттар нысанына мыналар жатады:

- Қызметкерді жұмысқа қабылдау туралы бұйрық (өкім);
- Мемлекеттік қызметшінің жеке карточкасы;
- Штаттық кесте;
- Кезекті еңбек демалысының кестесі;
- Ғылыми, ғалым-педагог қызметкерлерді есепке алу карточкасы;
- Қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру туралы бұйрық (өкім);
- Қызметкерлерге кезекті еңбек демалысын беру туралы бұйрық (өкім);
- Қызметкерлермен жасаған еңбек шартын тоқтату (бұзу) туралы бұйрық (өкім);
- Қызметкерлерді іссапарға жіберу туралы бұйрық (өкім);
- Іссапар куәлігі;
- Іссапарға жіберуге арналған қызметтік тапсырма және оның орындалуы туралы есеп;
- Қызметкерлерді көтермелеу туралы бұйрық (өкім).

Жекелеген жадайларда жеке құрам бойынша бұйрықтар басқадай да жасалады. Мысалы, өндіріп алу, тегін ауыстыру, міндетін атқару туралы. Осы тектес құжаттарды жиі жасауға тура келсе, кәсіпорынның өз ішінде қолданылатын үлгі нысанын жасап, оны бұйрықпен бекітіп алуға болады.

Жеке құрам бойынша құжаттарға төмендегілер жатады:

- түйіндеме;
- өтініш (жұмысқа қабылдау, босату, ауыстыру туралы);
- жеке құрам бойынша бұйрықтар;
- еңбек кітапшалары;
- жеке істер;
- жеке карточкалар;
- еңбекақысы жөніндегі жеке шоттар және басқалары.

СҰЛУ САЗДЫ СӨЗ...

7-тапсырма. Берілген өз тіркестердің түсіндіріп, сөйлем құраңыз



мағынасын

Лауазымды адам, лауазымдық өкілеттік, мемлекеттік әкімшілік қызмет санаты, біліктілік талаптары, мемлекеттік саяси қызметші, уәкілетті орган, өз құзыреті, құқықтық жағдай, қызметтегі шектеулер, қызметке кіру, қызметтік мансап, қызметті тоқтату, заңдарды бұзу, ұлттық қауіпсіздік туралы, ұлттық мүдде, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік құпиялар, құқықтық актілер, сот жүйесі.

8-тапсырма. Мінді оқып, мәтінде қандай негізгі мәселе қозғалғанын өз сөзіңізбен баяндап беріңіз



9-тапсырма. «Ар – намыс» кодексіненүзіндіні оқып шығып, өз ойыңызды әріптесіңізбен бөлісіңіз, ортақ мәмілеге келіп мәтін мазмұнын аяқтаңыз

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық - этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметшісі өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын әйіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы ар -намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілері мінез – құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

10-тапсырма. Берілген өйлемдерді оқып шығып, өз көзқарасыңыңызды білдіріңіз және асты сызылған сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыз

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және осы Заңның 6 бабының 2 және 4 тармақтарында аталған органдардың немесе соттың сұратуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен ғана табыс етіледі. Бұл ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Осы баптың ережелері көрінеу жалған ақпарат хабарлаған осы Заңға сәйкес жауап беруге тиіс адамдарға қолданылмайды.



11-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, «Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттерін» өз сөзіңізбен қысқаша баяндап жазыңыз

12-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазыңыз

1. Азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің ... және ... қамтамасыз етуге, ... белгіленген тәртіппен мерзімде азаматтардың ... қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға міндетті.
 2. Басшылардың ... мен өкімдерін, жоғары органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттігі шегінде шығарған ... мен нұсқауларын орындауға міндетті
 3. Мемлекеттік ... және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауға, оның ішінде мемлекеттік ... тоқтатқаннан кейін де, заңмен белгіленген белгілі бір уақыт ішінде, ол жөнінде ... бере отырып сақтауға міндетті.
 4. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, азаматтардың жеке өмірін, ар - намысын және қадір - қасиетін қозғайтын ... құпия сақтауға және олардан, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай ... беруді талап етпеуге міндетті
 5. Қызметтік ... тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен ... арттыруға міндетті.
 6. Мемлекеттік ... осы Заңда белгіленген негізгі міндеттерінен туындайтын нақты міндеттері үлгі біліктілік талаптар негізінде айқындалады және тиісті мемлекеттік органдардың ... бекітетін қызметтік ... көрсетіледі.
- Қажетті сөздер: сақталуын, заңдарда, бұйрықтары, қорғалуын, өтініштерін, құпияларды, қызметті, міндеттерін, мәліметтерді, шешімдері, қолхат, біліктілігін, нұсқауларда, қызметшілердің, басшылары, ақпарат.

13-тапсырма. Мәтіннің ішінен етістіктерді теріп жазыңыз және жасалу жолын түсіндіріңіз

14-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, мәтінде қарастырылған ойға сәйкес сөйлем құраңыз

Қызметкердің міндеті, сыбайлас жемқорық, мемлекеттік құпия, жалған ақпарат, біліктілікті көтеру, нұсқауларын орындау, ар-намыс – қадір-қасиетін, құпияларды сақтау, қарсы күрес, заңға сәйкес, қызметшілері мінез – құлқы, тиімді атқару, дереу хабар.

15-тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып тест құрыңыз

ТАС ТҮЛЕКТІ ӨСІРЕДІ СҰҢҚАР СӨЗ ...



16-тапсырма. Мәтін ішінен негізгі ойды білдіретін сөйлемді және іс – қағаздарына байланысты сөздерді табыңыз

17-тапсырма. Сіздің ойыңызша мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері толық қамтылды ма? Сіздің пікіріңіз?



БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕР

Жарқын болсын көңілің,
 Жаздың әсем таңындай.
 Таза болсын өмірің,
 Таудың аппақ қарындай.
 Өзен болсын пейілің,
 Таудан аққан ағындай.
 Жатсын қонақ үйіңнен
 Күндіз -түні арылмай.
 Дастарқаның мол болсын,
 Шаңырағың қуаныш пен көңілге толсын,
 Еңбегің өнімді болсын,
 Көңілің көлдей болсын.
 Балаларың ер жетіп,
 Құдаларың төрлетсін.
 Немере мен шөбере сүйіп,
 Жетегің бұйда болсын.
 Беретін асың болсын,
 Көретін жасың болсын!
 Бесігің алдыңнан түспесін,
 Басыңнан жақсылық кетпесін,
 Жамандық саған жетпесін




ТІЛ ЖҮЙЕСІ

ЕГІС КАТЕГОРИЯСЫ

Өздік	→	-ын, -ін, -н	киін, көрін, сұран, жуын, таран.
Өзгелік	→	-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз,	жазғыздырды, ауыстыртқыз, түсіндіртті, біріктіргізді.
Ырықсыз	→	-ыл, -іл, -л -ын, -ін, -н	жазылды, оқылды, тексерілді, орындалды,
Ортақ	→	-ыс, -іс, -с	жасас, қарас, дайындас,

ОЙЫН – ОЙ ӨСІРЕДІ



Есімдік деген сөздердің құрамында қанша әріп болса, есімдіктердің түрлері де сонша. Енді сіздер мына тапсырманы орындаңыздар, шақпаққа мыналарды жазыңыз:

1. Жіктеу есімдігі.
2. Сілтеу есімдігі.
3. Сұрау есімдігі.
4. Өздік есімдігі (I жақ сыпайы түрі)
5. Белгісіздік есімдігі.
6. Болымсыздық есімдігі.
7. Жалпылау есімдігі.

ӘН – КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ

АЙТЫЛЫМ

Дос туралы жыр

Сөзі Т. Молдағалиевтікі, әні С. Бәйтерекөвтікі



Іздегенде табылатын қасыңнан,
Көңілі бар қызғалдақтай ашылған.
Көріспесек сағыныштан жүдейтін,
Кім бар жақын бала күнгі досыңнан.

Қ а й ы р м а с ы:

Жан досым, үстем болсын мерейің
Әрқашан жеңісіңді көрейін
Сырымыз да бітпесін,
Жырымыз да бітпесін,
Жырымыз да бітпесін.

Қос бұтағы секілденіп ағаштың,
Қатар тұрып гүлімізді сан аштық.
Жол тапсақ біз бірге жүріп жол таптық,
Адассақ та бірге жүріп адастық.

Қ а й ы р м а с ы:

Өмір өзі арқамызға жүк салып,
Бәрімізді қияларға жұмсады.
Қатар ұшқан құсқа ұқсадық әлде біз,
Қатар жанған екі шамға ұқсадық.



ТЕСТ



1. Мемлекеттік лауазым дегеніміз не?

Қ а й ы р м а с ы

- а) мемлекеттік әкімшілік қызметті атқаруға үміткер азаматтарға оның кәсіби даярлығының, деңгейін, құзыреттілігін және нақты әкімшілік қызметке сәйкес келуін анықтау мақсатында қойылатын талаптар;
- ә) мемлекеттік саяси қызметшілерді мемлекеттік органдардың арасында, сондай-ақ мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің арасында лауазымдық ауыстыруы;
- б) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын, лауазымдық өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін әкімшілік лауазымдар жиынтығының саралаушылық сипаттамасы;
- в) мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі;

2. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қашан қабылданды?

- а) 2005 жыл 3 наурыз ә) 2004 жыл 15 қараша
- б) 1999 жыл 23 шілде в) 2008 жыл 25 тамыз

3. Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттеріне қайсысы жатпайды?

- а) Республиканың Конституциясы мен заңдарын сақтау;
- ә) мемлекеттік қызметтен өз қалауы бойынша босауға;
- б) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тәртіппен мемлекеттік қызметшінің антын беруге;
- в) мемлекеттік тәртіп пен еңбек тәртібін сақтауға;

4. Мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері оның өкілеттігінен түйісетін немесе қайшы келетін жағдайларда, оларды тағайындауға құқығы бар лауазымды адамды дереу хабардар ету мемлекеттік қызметшілердің қай құқықтарына жатады?

- а) мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттеріне;
- ә) мемлекеттік қызметшілердің шектеулеріне;
- б) мемлекеттік қызметшілердің құқықтарына;
- в) мемлекеттік қызметшілердің принциптеріне;

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдарға тиіспеушілік кепілдіктері «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының нешінші бабында көрсетілген?

- а) 9-бап ; ә) 7-бап ; в) 16-бап; б) 4-бап;

6. «Дос туралы жыр» әнінің сөзін кім жазды?

- а) Ш. Қалдаяқов ә) С. Бәйтереков б) Т. Молдағалиев в) М. Мақатаев

7. Етіс категориясының түрлерін белгілеңіз

- а) өздік, шақ, жақ, ырықсыз ә) өзгелі, ырықты, сілтеу, сұрау
- б) салт, сабақты, негізгі, күрделі в) өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ

8. Төле бидің нақыл сөзін көрсетіңіз

- а) Жер тақыр болар, жұрт пақыр болар
- ә) Немере мен шөбере сүйіп, жетегің бұйда болсын
- б) Өзегің талса, өзен бойын жағала

в) Адамды қадірлемес есерден сақта. Нанды басқан кесірден сақта

9. Конфуцийдің айтқан даналық сөзін белгілеңіз

а) Әр дәуірдің өз міндеттері бар

ә) Кез - келген адамды сөзі арқылы танысың

б) Сөз көп жерде іс қашады

в) Басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың.

Басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың

10. Қазақстан Республикасы Конституциясының толық анықтамасын белгілеңіз

а) саяси - демократиялы қ мемлекеттік құрылымның, сайлау жүйесінің, жеке меншік кәсіпорындардың қызметі мен ұйымдастыру қағидаттары және оның азаматтарының құқықтық ережелерін анықтап, бекітетін мемлекеттің негізгі заңы

ә) сайлау жүйесінің, мемлекеттік органдардың қызметі мен ұйымдастыру қағидаттары және оның азаматтарының құқықтық ережелерін анықтап, нұсқау беретін нормативтік құқықтық акт

б) мемлекеттік органдардың қызметі мен ұйымдастыру нормаларын және оның қызметшілерінің құқықтық ережелерін белгілеп, бекітетін мемлекеттің қаулысы

в) қоғамдық - экономикалық мемлекеттік құрылымның, сайлау жүйесінің, мемлекеттік органдардың қызметі мен ұйымдастыру қағидаттары және оның азаматтарының құқықтық ережелерін анықтап, бекітетін мемлекеттің негізгі заңы

СӨЗДІК

ант – клятва

өкілеттік – полномочие

нұсқаулар – указания

дереу – срочно, быстро, в момент

біліктілік – образованно

кепілдік – ручательство

ережелер – правила

қызғалдақ – тюльпан

сыр – тайна

бұтақ – ветвь

қиял – мечта, фантазия, греза

шам – лампа

дана – мудрец

кәміл – совершенно

қалтқысыз – непритворный

ауқымы – величина

билік – власть

жергілікті – местный

сапасыз – некачественно

мұқтажсыз – безбедно

с әйкесответственно

шектеулер – ограничивание

күпияларсекреты

та ғайындауузначать

талаптар – требования

қауіпсіздікбезопасность

жалған – ложь

к өріенуувидеться

жыр – песнь

адасу – блуждать

ұқсаходи

сана – сознание

өзактуальный

бейнесі – образ

ар – намыс – совесть, честь

ж үктелгеноручился

ба ғытаправляй

д әуіреиод

сабыр – терпение

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Халықаралық стандарттар негізінде мемлекеттік тілді деңгейлеп меңгерудің негізгі шарттары	5
2 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді оқытудың жолдары.....	12
3 Жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың ерекшеліктері.....	23
4 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді меңгерудің тиімді жолдары	50
5 Жоғары оқу орны жағдайында мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік негіздері.....	62
Қорытынды.....	77
Пайдаланылған әдебиеттер.....	79
Қосымша.....	81

Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері

Әдістемелік құрал

Басуға 22.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60×84 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 6,0.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Орынбор көшесі, 4, «Алтын-Орда» БО, 15-қабат.